



## Мемлекеттік мұлік туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы.

Қолданушылар

назарына!

Қолданушыларға ынғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

### МАЗМҰНЫ

РҚАО-ның

ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 219-баптан қараңыз.

Осы Заң мемлекеттік мұліктің құқықтық режимін, мемлекеттік мұлікті, оның ішінде мемлекеттік занды тұлғаларға бекітіліп берілген мұлікті және занды тұлғалардың жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі акциялар мен қатысу үлестерін басқарудың құқықтық негіздерін, мемлекеттік мұлікке құқықтарға ие болудың және оларды тоқтатудың құқықтық негіздерін айқындайды және мемлекеттің мемлекеттік мұлікке меншік иесінің құқықтарын және өзге де құқықтарды иеленушінің тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз етуге бағытталған.

#### 1-БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТТІК МҰЛІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

##### 1-тaraу. МЕМЛЕКЕТТІК МҰЛІКТІ БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

###### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аудандық коммуналдық занды тұлғалар – аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары құрган аудандық мемлекеттік кәсіпорындар мен аудандық мемлекеттік мекемелер;

2) аудандық коммуналдық мұлік – ауданның, облыстық маңызы бар қаланың мұлкі, оның ішінде ауданның, облыстық маңызы бар қаланың бюджеті және аудандық коммуналдық занды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де мұлік, сондай-ақ аудандық коммуналдық занды тұлғаларға бекітіліп берілген мұлік;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

2-1) тармақша ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді).

2-1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мұлкі (бұдан әрі – жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мұлкі) – аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің

мұлкі, оның ішінде аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінің қаражаты, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларына бекітіп берілген және (немесе) бекітіп берілмеген мүлік;

2-2) әлеуетті өнім беруші – сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

2-3) әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының шешімімен құрылған, акцияларының бақылау топтамасы мемлекетке тиесілі, өнірдің экономикасын дамытуға жәрдемдесуді жүзеге асыратын, акционерлік қоғам нысанындағы өнірлік даму институты;

2-4) байқау кеңесінің тәуелсіз мүшесі – осы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі байқау кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған, осы мемлекеттік кәсіпорынның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын; осы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның немесе осы мемлекеттік кәсіпорынның үлестес тұлғаларының – ұйымдарының лауазымды адамдарына бағынышты болумен байланысты емес және өзі байқау кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болумен байланысты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы мемлекеттік кәсіпорынның аудитіне қатыспайтын және өзі байқау кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған байқау кеңесінің мүшесі;

3) даму жоспары – акцияларының бақылау пакеті (жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорын, акционерлік қоғам және жауапкершілігі шектеулі серіктестік, оның ішінде ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг және ұлттық компания қызметінің бесжылдық кезеңге арналған негізгі бағыттарын және қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындастырын құжат;

4) даму стратегиясы – ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның онжылдық кезеңге арналған миссиясын, пайымын, стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындастырын және негіздейтін құжат;

5) есепке алу объектісі – мемлекеттік мүлік тізілімінде есепке алынатын мемлекеттік мүлік;

6) жекешелендіру – мемлекеттік мұлікті мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына сатуды қоспағанда, мемлекеттің осы Заңда белгіленген арнайы рәсімдер шеңберінде мемлекеттік мұлікті жеке тұлғаларға, мемлекеттік емес занды тұлғаларға сату;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

6-1) тармақша ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді).

6-1) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық занды тұлғалары – мұлкі аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен коммуналдық мемлекеттік мекемелер;

7) коммуналдық занды тұлғалар – мұлкі коммуналдық меншікте тұрган коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар мен коммуналдық мемлекеттік мекемелер;

8) коммуналдық мұлік – әкімшілік-аумақтық бөліністердің мұлкі;

8-1) корпоративтік басқару – мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын занды тұлғалардың қызметін басқаруды қамтамасыз ететін және меншік иесі (акционер), байқау кенесі (директорлар кенесі), атқарушы орган (басқарма), мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын занды тұлғалардың өзге де органдары мен меншік иесінің (акционердің) мүддесі үшін мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастарды қамтитын процестердің жиынтығы;

9) Қазақстан Республикасының стратегиялық обьектіге ие болуының басым құқығы – стратегиялық обьект тиесілі жеке тұлғадан немесе мемлекеттік емес занды тұлғадан, осындай тұлға стратегиялық обьектіні иеліктен шығару жөнінде мәміле жасасуды ниет етіп отырған жағдайда, сондай-ақ стратегиялық обьектіге өндіріп алу қолданылған не оңалтуды немесе банкроттықты басқарушы мұліктік (тарату) массасының құрамында стратегиялық обьектіні иеліктен шығарған не кепіл ұстаушы кепілге салынған мұлікті (стратегиялық обьектіні) соттың қарауынан тыс тәртіппен өткізген не стратегиялық обьектіге сот актісінің негізінде өндіріп алу қолданылған жағдайда, Қазақстан Республикасының стратегиялық обьектілерді нарықтық құны бойынша сатып алуға үшінші тұлғалар алдындағы басым құқығы;

10) қазыналық кәсіпорын – мемлекет жедел басқару құқығында бөліп берген мүлкі бар коммерциялық ұйым;

11) мемлекет мұқтажы – мемлекеттің функцияларынан туындайтын және қоғамдық маңызы бар мақсаттарды көздейтін мемлекет мұддесін қанағаттандыру үшін жеке меншіктегі мүліктің мемлекеттік меншікке өту қажеттігінің болуы;

12) мемлекет меншігіне алу – Қазақстан Республикасының мемлекет меншігіне алу туралы заңының негізінде жүзеге асырылатын, жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тиесілі мүлікті Қазақстан Республикасы мүлкінің құрамына мәжбүрлеп өтеулі түрде иеліктен шығару;

13) мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органды) – мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқаруды жүзеге асыратын және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген шарттарда респубикалық мүлікке қатысты құқықтарды иеленетін, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған орталық атқарушы орган немесе орталық атқарушы органның ведомствосы. Қазақстан Республикасының Үкіметі респубикалық мүлікке қатысты құқықтарды өзге мемлекеттік органдарға берген жағдайларда, осы Заңның тиісті саланың уәкілетті органы туралы қағидалары осындай мемлекеттік органға қолданылады;

14) мемлекеттік заңды тұлғалар – мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелер;

15) мемлекеттік мекеме – басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы өзге де функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекет құрған және қаржыландырудың қосымша көздері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленбесе, тек қана бюджет немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен қамтылатын коммерциялық емес ұйым;

16) мемлекеттік мекемені немесе қазыналық кәсіпорынды жедел басқару құқығы (бұдан әрі – жедел басқару құқығы) – мемлекеттен меншік иесі ретінде мүлік алған және өз қызметінің жарғылық мақсаттарына, уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмаларына және мүліктің мақсатына сәйкес осы мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген шекте жүзеге асыратын мемлекеттік мекеменің немесе қазыналық кәсіпорынның заттық құқығы;

16-1) мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері жөніндегі комиссия – мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган не жергілікті

атқарушы орган осы Заңда көзделген жекешелендіру бойынша сауда-саттықты дайындау және өткізу үшін құратын алқалы орган;

17) мемлекеттік мұлік – республикалық және коммуналдық мұлік;

18) мемлекеттік мұлікті басқару – мемлекеттің (Қазақстан Республикасының немесе әкімшілік-аумақтық бөліністің) мемлекеттік меншік құқығын және өзге де мұліктік құқықтарды жүзеге асыру;

19) мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне бекітіліп берілген мұлікті қоспағанда, республикалық мұлікті басқару, мемлекеттің республикалық мұлікке құқығын іске асыру, экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншікті және стратегиялық объектілерді жекешелендіру мен мемлекеттік мониторинг жүргізу саласындағы басшылықты өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

20) мемлекеттік мұлікті есепке алу – осы Заңның 15-тaraуында көзделген қағидаларға сәйкес мемлекеттік мұлік тізілімін қалыптастыру үшін есепке алу объектілері туралы ақпаратты жинау мен қорытудың ретке келтірілген жүйесі;

21) мемлекеттік мұлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалған, өзіне мемлекеттік мұлікті ұйымдастыру және есепке алу саласында бірыңғай техникалық саясатты іске асыру жөніндегі міндеттер, сондай-ақ мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің активтерін басқару мен пайдалану жөніндегі функциялар жүктелген, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлға;

22) мемлекеттік мұлік тізілімі – Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының, Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жедел басқаруындағы мұлікті және мемлекеттік материалдық резервті қоспағанда, мемлекеттік мұлікті есепке алушың бірыңғай ақпараттық автоматтандырылған жүйесі;

23) мемлекеттің мұліктік құқықтары – мемлекеттің мыналарды:

мемлекеттік меншік құқығын;

мемлекеттің өзге де заттық құқықтарын (сервитутты, жалға алушы, мұлікті өтеусіз пайдалануды және басқаларын);

мемлекеттің міндетті құқықтарын (талап ету құқықтарын);

мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік объектілеріне ерекше құқықтарды;

мұрагерлік құқықтарды;

мемлекеттің Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де мұліктік құқықтарын қамтитын мүлікке құқықтары;

24) мұдделер қайшылығы – байқау кеңесі мүшесінің жеке мұдделілігі мен оның өзлаузымың өкілеттіктерін тиісінше орындауы немесе жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің занды мұдделері арасындағы осы занды мұдделерге зиян келтіре алатын қарама-қайшылық туындайтын кездегі жағдай;

25) мұлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару – жер участекесін мемлекеттік мұлік құрамына алып қоюға байланысты жеке тұлғаларға немесе мемлекеттік емес занды тұлғаларға тиесілі жер участекесін немесе өзге де жылжымайтын мұлікті алып қою, Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген ерекше жағдайларда және құны тең бағамен өтелген жағдайда мемлекет мұқтажы үшін жүргізілетін реквизициялау, мемлекет меншігіне алу;

26) облыстық коммуналдық занды тұлғалар – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған облыстық мемлекеттік кәсіпорындар мен облыстық мемлекеттік мекемелер;

27) облыстық коммуналдық мұлік – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мұлқі, оның ішінде облыстық бюджет және облыстық коммуналдық занды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де мұлік, сондай-ақ аудандық коммуналдық мұлікті қоспағанда, облыстық коммуналдық занды тұлғаларға бекітіліп берілген мұлік;

28) реквизициялау – дүлей зілзала, авариялар, эпидемия, эпизоотия жағдайында, соғыс жағдайындағы іс-қимыл кезеңінде немесе соғыс уақытында және төтенше сипаттағы өзге де мән-жайлар кезінде мұліктің құнын меншік иесіне төлей отырып, мұлікті мемлекеттік органдардың шешімі бойынша меншік иесінен қоғам мұддесі үшін алып қою;

29) республикалық занды тұлғалар – мұлқі республикалық меншікте тұрған республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен республикалық мемлекеттік мекемелер;

30) республикалық мұлік – коммуналдық мұлікті қоспағанда, Қазақстан Республикасының мұлқі;

30-1) сатып алу – тапсырыс берушілердің осы Занда белгіленген тәртіппен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді ақылы негізде сатып алуы;

30-2) сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет – акционері ұлттық басқарушы холдинг немесе ұлттық холдинг болып табылатын ұлттық компанияны қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның Директорлар кеңесі құратын, ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда және

дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдарда сатып алушы жүзеге асыру қағидаларының сақталуына осы Занда айқындалған тәртіппен ішкі бақылауды жүзеге асыратын қызмет;

30-3) сатып алушы жүзеге асыру қағидалары – ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушы жүзеге асыру тәртібі;

30-4) сатып алу жөніндегі сараптама комиссиясы – сатып алушы ұйымдастырушы не тапсырыс беруші сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге және (немесе) әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытындыны дайындауға қатысу үшін сарапшыларды тарта отырып құратын алқалы орган;

30-5) сатып алу жөніндегі сарапшы – өткізілетін сатып алу саласында тиісті құжаттармен (дипломдармен, сертификаттармен, куәліктермен және басқа да құжаттармен) расталатын арнайы және (немесе) техникалық білімі, тәжірибесі мен біліктілігі бар, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық тапсырмасын және (немесе) техникалық өзіндік ерекшелігін әзірлеуге және (немесе) әлеуетті өнім берушілер ұсыныстарының сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің техникалық өзіндік ерекшелігіне сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытындыны дайындауға қатысу үшін сатып алушы ұйымдастырушы не тапсырыс беруші тартатын жеке тұлға;

30-6) сатып алу саласындағы уәкілетті орган – ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы саласында басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

31) стратегиялық объект – қазақстандық қоғамның орнықты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар мұлік, оны иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оған билік ету Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің жай-күйіне әсер етеді;

31-1) тапсырыс берушілер – ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдар;

31-2) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің анықтамалығы (бұдан әрі – анықтамалық) – сатып алу саласындағы уәкілетті орган айқындаған, сатып алуды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер кодтарының жүйеленген тізбесі;

31-3) тендерлік комиссия (аукциондық комиссия) – сатып алуды ұйымдастырушы тендер (аукцион) тәсілімен сатып алуды өткізу рәсімін орындау үшін құратын алқалы орган;

32) ұлттық басқарушы холдинг – ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа да занды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін) тиімді басқару үшін құрылған, құрылтайшысы және жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі арқылы Қазақстан Республикасы болып табылатын акционерлік қоғам;

32-1) ұлттық басқарушы холдингердің, ұлттық холдингердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастырушы (бұдан әрі – сатып алуды ұйымдастырушы) – сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу рәсімдерін орындауға жауапты болып айқындалған тапсырыс берушінің лауазымды адамы не құрылымдық бөлімшесі немесе занды тұлға;

33) ұлттық даму институттары - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен акционерлік қоғамдардың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, қызметінің басты мақсаты индустріялық-инновациялық даму және кәсіпкерлікті қолдау саласындағы жобаларды іске асыру болып табылатын қаржылық, консалтингтік, инновациялық, сервистік ұйымдар;

34) ұлттық компания – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылған, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке, ұлттық басқарушы

холдингке немесе ұлттық холдингке тиесілі және ұлттық экономиканың негізін құрайтын салаларда қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

35) ұлттық холдинг – егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, ұлттық компаниялардың және өзге де акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін тиімді басқару үшін құрылған, құрылтайшысы және жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі арқылы Қазақстан Республикасы болып табылатын акционерлік қоғам;

36) шаруашылық жүргізу құқығы – мемлекеттен меншік иесі ретінде мұлік алған және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген шекте осы мұлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның заттық құқығы;

37) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын – мемлекет шаруашылық жүргізу құқығында бөліп берген мұлкі бар және өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мұлкімен жауап беретін коммерциялық үйым;

37-1) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның үлестес тұлғалары – тікелей және (немесе) жанама түрде шешім қабылдауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың біреуінің) қабылдайтын шешімдеріне, оның ішінде жасалған мәмілеге байланысты шешімдерге ықпал етуге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар (өздеріне берілген өкілеттіктер шенберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда).

38) электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы – сатып алу саласындағы уәкілетті орган айқындаған заңды тұлға.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.02.13 N 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.03.2014 N 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2018 № 202-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 208-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 №

**241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

**2-бап. Мемлекеттік мұліктің түрлері**

1. Мемлекеттік мұлік республикалық және коммуналдық мұлік болып бөлінеді.

2. Республикалық мұліктің құрамына:

1) мемлекеттік қазынаның мұлкі:

республикалық бюджеттің қарожаты және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қарожаты;

республикалық занды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де мемлекеттік мұлік;

2) республикалық занды тұлғаларға бекітіліп берілген мұлік кіреді.

3. Коммуналдық мұліктің құрамына:

1) жергілікті қазынаның мұлкі:

жергілікті бюджеттің қарожаты;

коммуналдық занды тұлғаларға бекітіліп берілмеген өзге де коммуналдық мұлік;

2) коммуналдық занды тұлғаларға бекітіліп берілген мұлік кіреді.

**3-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұлік туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұлік туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Мемлекеттік мұліктің құқықтық режимі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Зандада және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалады.

2. Республикалық мұлік Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде, ал коммуналдық мұлік – осы әкімшілік-аумақтық бөліністен немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген басқа да негіздер бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде болуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұлкінің құқықтық режимі, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда немесе Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, осы мұлік орналасқан шет мемлекеттің заңнамасында айқындалады.

4. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Занда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

#### **4-бап. Осы Заңың реттеу нысанаы**

1. Осы Заң мемлекеттің мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы құқықтары мен міндеттерін айқындайды, мемлекеттің меншік құқығында мемлекетке тиесілі мүлікті иеленуді, пайдалануды және оған билік етуді қоса алғанда, мүліктік құқықты жүзеге асыру тәртібін, мемлекеттік мүлікке, оның ішінде мүлікті мемлекет меншігіне алу және жекешелендіру кезінде құқықтарға ие болу және тоқтату, сондай-ақ жеке тұлғалардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың оларды иелену және (немесе) пайдалану тәртібін белгілейді.

2. Осы Заң мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүлікті, акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі қатысу үлестерін және өзге де мемлекеттік мүлікті басқару тәртібін белгілейді.

3. Стратегиялық объектілердің құқықтық режимінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалады.

3-1. Мемлекеттің пайдаланылмайтын мүлікке билік ету жөніндегі құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері осы Занда белгіленген өзге де құқықтарды қоспағанда, "Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді.

4. Бюджет қаражатына және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатына мемлекеттің құқықтарды жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен реттеледі. Осы Заңда көзделген мемлекеттік мүлік ұғымы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген ерекшеліктерімен қоса Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде пайдаланылатын мемлекет активтері ұғымына қолданылады.

Мемлекеттік немесе жергілікті қазынаға жатқызылған өзге де мүлікке мемлекеттің құқықтарды жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен белгіленеді.

5. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне, мәдени құндылықтарға мемлекеттің құқықтарды жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен реттеледі.

6. Зияткерлік меншік объектілеріне мемлекеттің ерекше құқықтарды жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен реттеледі.

7. Осы Заңның ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдингтер бақылайтын өзге де заңды тұлғалар туралы ережелері, егер "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше көзделмесе, Ұлттық әл-ауқат қорына және Ұлттық әл-ауқат қорының тобына және оның бақылауындағы өзге де заңды тұлғаларға қолданылады.

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзіне бекітіліп берілген, өзінің балансында тұрған мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған заңды тұлғалардың мүлкін басқаруды, сондай-ақ олардың қызметін реттеуді Қазақстан Республикасының атынан дербес жүзеге асырады.

**Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

##### **5-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

Осы Заңның құші:

1) Қазақстан Республикасының аумағындағы мемлекеттік мүлікке;

**РҚАО-ның қолданысқа енгізіледі!**

2) тармақшаның осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

2) мемлекеттік мүлікті басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға, жергілікті атқарушы органдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекеттік заңды тұлғаларға, сондай-ақ осы Заңда көзделген жағдайларда – жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға;

3) "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы", "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы", "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық мүлкін, арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың мемлекеттік мүлкін, мемлекеттік материалдық резервті басқару жөніндегі қатынастарға қолданылады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз); 03.04.2019 № 243-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **6-бап. Мемлекеттік мұлікті басқару принциптері**

Мемлекеттік мұлікті басқару:

- 1) заңдылық;
- 2) есеп берушілік және бақылауда болу;
- 3) жариялылық;
- 4) мемлекеттік мұлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану;
- 5) бәсекелестікті дамыту үшін жағдайларды қамтамасыз ету принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

#### **7-бап. Мемлекеттік мұлікті басқару субъектілері**

1. Мемлекеттік мұліктің түріне қарай мемлекеттік мұлікті басқаруды Қазақстан Республикасы немесе Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісі жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының атынан мемлекеттік мұлікті басқаруды ұйымдастырады және республикалық мұлікті басқарады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

3-тармақтың осы редакциясы КР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін КР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнаның, облыстық маңызы бар қаланың әкімшілік-аумақтық бірлігінің атынан коммуналдық мұлікті басқаруды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

4-тармақ КР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз

**аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді).**

4. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімшілік-аумақтық бірлігінің атынан жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін басқаруды аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты осы Заңның 18-1-бабында белгіленген құзыretке сәйкес жүзеге асырады.

**Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңымен.**

#### **8-бап. Мемлекеттік мұлікті басқару**

1. Республикалық мұлікті басқару кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Заңның 2-тарауында және осы мемлекеттік органдардың мәртебесін айқындайтын Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, ережелерде және өзге де актілерде белгіленген өздерінің құзыretі шенберінде республикалық мұлікке Қазақстан Республикасының құқықтарын іске асыру бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимылын ұйымдастырады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**2-тармақтың бірінші белгінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).**

2. Коммуналдық мұлікті басқару кезінде жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы мемлекеттік органдардың мәртебесін айқындайтын осы Заңның 2-тарауында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, ережелерде және өзге де актілерде белгіленген өз құзыretі шенберінде жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының коммуналдық мұлікке өздерінің құқықтарын іске асыру жөніндегі өзара іс-қимылын ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің коммуналдық мұлікке қатысты құзыretі осы Заңның 11-бабында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында айқындалады.

3. Республикалық және коммуналдық мүліктің сақталуын тексеруді мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мүлік шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында мемлекеттік занды тұлғаларға бекітіліп берілуі мүмкін.

5. Мемлекет (Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс) акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік занды тұлғалардың құрылтайшысы (акционері, қатысушысы) болуы мүмкін.

Мемлекеттің өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда коммерциялық ұйымдар болып табылатын Қазақстан Республикасы занды тұлғаларының құрылтайшысы (қатысушысы, салымшысы, мүшесі) болуына жол берілмейді.

6. Мемлекет (Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс) коммерциялық емес ұйым болып табылатын мемлекеттік қордың құрылтайшысы болуы мүмкін. Мемлекеттік қорды, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де ұйымдық-құқықтық нысандардағы басқа да коммерциялық емес ұйымдарды құру және олардың қызметі Қазақстан Республикасының зандарымен реттеледі.

**Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 12.11.2015 № 393-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Зандарымен.**

#### **9-бап. Мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру**

1. Мүлікті республикалық мүлік құрамынан коммуналдық мүлік құрамына немесе керісінше беру мүлікке мемлекеттің құқығын тоқтатуға әкеп соқпайды, бірақ Қазақстан Республикасының республикалық мүлікке құқығын тоқтатуға және әкімшілік-аумақтық бөліністің коммуналдық мүлікке құқыққа ие болуына немесе әкімшілік-аумақтық бөліністің коммуналдық мүлікке құқығын тоқтатуға және Қазақстан Республикасының республикалық мүлікке құқыққа ие болуына негіз болып табылады.

2. Мемлекеттік занды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен жүзеге асырылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**10-баптың тақырыбының осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар,**

кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

**10-бап. Коммуналдық мұлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың бір деңгейінен екіншісіне беру**

**РҚАО-ның**

**ескертпесі!**

1-тармақтың бірінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

1. Коммуналдық мұлік жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару деңгейі бойынша облыстық коммуналдық мұлік, аудандық коммуналдық мұлік және жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкі болып бөлінеді.

Аудандық коммуналдық мұліктің құрамына, атап айтқанда, осы Заңының 23, 24, 26, 30, 31 және 32-баптарында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік меншікке түскен мұлік кіреді.

Республикалық маңызы бар қаланың, астананың коммуналдық мүлкін жергілікті мемлекеттік басқару деңгейі облыстың коммуналдық мүлкін жергілікті мемлекеттік басқару деңгейіне теңестіріледі. Республикалық маңызы бар қалада және астанада коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқару аудандық деңгейге бөлінбейді және құрылмайды. Егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, коммуналдық мүлікті басқару жөніндегі ауданының жергілікті атқарушы органының осы Занда көзделген құзыретін республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

Облыстық маңызы бар қаланың коммуналдық мүлкін жергілікті мемлекеттік басқару деңгейі ауданының коммуналдық мүлкін жергілікті мемлекеттік басқару деңгейіне теңестіріледі.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

1-1-тармақ ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

**аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін  
01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді).**

1-1. Аудандық коммуналдық мүлікті жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкінің құрамына немесе керісінше беру мемлекеттің мүлікке құқықтарын тоқтатуға алып келмейді, бірақ ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) әкімшілік-аумақтық бірлігінің аудандық коммуналдық мүлікке құқықтарын тоқтату және аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімшілік-аумақтық бірлігінің жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкіне құқықтарды иелену немесе аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімшілік-аумақтық бірлігінің жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкіне құқықтарын тоқтату және ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) әкімшілік-аумақтық бірлігінің аудандық коммуналдық мүлікке құқықтарын иелену үшін негіз болып табылады.

2. Коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екіншісіне мемлекеттік мүлікті беру облыстың жергілікті атқарушы органының шешімімен жүзеге асырылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**3-тармақтың бірінші абзацының осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).**

3. Коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың бір деңгейінен екіншісіне коммуналдық занды тұлғаларға бекітіп берілген мемлекеттік мүліктің берілуі мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) облыстық коммуналдық мүлік деңгейіне жататын облыстық коммуналдық занды тұлғалардың мүліктік кешендері, акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының өтініштері негізінде облыстың жергілікті атқарушы органының шешімі бойынша аудандық коммуналдық мүлік деңгейіне беріледі;

2) облыстық коммуналдық занды тұлғалардың мүлкі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының өтініштері негізінде

облыстың жергілікті атқарушы органдының шешімі бойынша аудандық коммуналдық мүлік деңгейіне беріледі;

3) аудандық коммуналдық мүлік деңгейіне жататын аудандық коммуналдық занды тұлғалардың мүліктік кешендері, акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының шешімдері және облыстың жергілікті атқарушы органдарының шешімі негізінде облыстық коммуналдық мүлік деңгейіне беріледі;

4) аудандық коммуналдық занды тұлғалардың мүлкі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының және облыстың жергілікті атқарушы органдарының шешімдерінің негізінде облыстық коммуналдық мүлік деңгейіне беріледі.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

5) тармақша ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді).

5) аудандық коммуналдық мүлік деңгейіне жататын аудандық коммуналдық занды тұлғалардың мүліктік кешендері аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының өтінішхаты негізінде (жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының шешімімен жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкі деңгейіне беріледі;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

6) тармақша ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді).

6) аудандық коммуналдық занды тұлғалардың мүлкі аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының өтінішхаты негізінде (жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша) ауданның (облыстық

маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдының шешімімен жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкі деңгейіне беріледі;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

7) тармақша ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді).

7) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкі деңгейіне жататын жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық занды тұлғаларының мүліктік кешендері аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының (жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша) және ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдының шешімдері негізінде аудандық коммуналдық мүлік деңгейіне беріледі;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

8) тармақша ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді).

8) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық занды тұлғаларының мүлкі аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының (жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша) және ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдының шешімдері негізінде аудандық коммуналдық мүлік деңгейіне беріледі.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

4-тармақтың бірінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын

**қараныз).**

4. Коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың бір деңгейінен екіншісіне мемлекеттік мүлікті беру туралы шешім қабылданғаннан кейін беретін және қабылдайтын тараптардың уәкілетті лауазымды адамдары қол қоятын және облыстардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының басшылары бекітетін беру актісі отыз күн мерзімде ресімделеді.

Беру актісі оны ресімдеуге қатысатын әрбір тарап үшін екі данадан, қазақ және орыс тілдерінде төрт данада жасалады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

5-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараныз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараныз).

5. Осы бапта белгіленген тәртіп, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіл берілмеген коммуналдық мүлікті жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың бір деңгейінен екіншісіне беруге қолданылады.

**Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараныз) Заңмен.**

## **2-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЗЫРЕТИ**

### **11-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) мемлекеттік мүлікті тиімді басқару саясатын жүзеге асырады;
- 2) өз құзыреті шегінде мемлекеттік мүлікті басқару саласында нормативтік құқықтық актілер шығарады;
- 3) мемлекеттік мүлікті басқаруды ұйымдастырады, оны пайдалану жөніндегі шараларды өзірлейді және жүзеге асырады, мемлекеттік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді;
- 4) Қазақстан Республикасы оларға қатысты жалғыз акционер (қатысушы) болып табылатын респубикалық заңды тұлғаларды, ұлттық басқарушы

холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық компанияларды, сондай-ақ өзге де акционерлік қоғамдарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді құру, қайта ұйымдастыру, атауын өзгерту және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

5) стратегиялық обьектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салуға рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту не оларды иеліктен шығару туралы шешім қабылдайды;

6) - 9-1) алып тасталды - КР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

10) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы немесе жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың тоқтатылуы туралы қаулы қабылдайды;

11) нарықта ұstem немесе монополиялық жағдайға ие табиғи монополия субъектілері немесе нарық субъектілері болып табылатын ұйымдарды жекешелендіру туралы шешім қабылдайды;

12) республикалық мемлекеттік мүлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына не акционерлік қоғамның акцияларын төлеуге беру туралы шешім қабылдайды;

12-1) мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясын құру туралы, мемлекеттік мүлікті мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына сатуды оны кері сатып алу міндеттемесімен жүзеге асыруға негіз болған мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару туралы, мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына сатылған мүлікті ауыстыру, сондай-ақ мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару шарттарына сәйкес мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын мерзімінен бұрын иелену және (немесе) өтеу туралы шешім қабылдайды;

13) акционерлік қоғамның акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін республикалық мүліктің құрамына сатып алу туралы шешім қабылдайды;

14) мемлекеттің акционер (қатысушы) ретінде ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық компанияларды, мемлекет қатысатын өзге де акционерлік қоғамдарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді басқаруға қатысу құқығын жүзеге асырады немесе осы құқықты мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға береді;

15) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын нарыққа реттеушілік ықпал ету, босқындарға көмек және гуманитарлық көмек көрсету үшін пайдалану туралы шешімдер қабылдайды;

15-1) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкінің құрамына берілетін аудандық коммуналдық мүліктің ұлгілік тізбесін бекітеді;

15-2) акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда), ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтердің құрамына кіретін ұлттық компаниялардың (Ұлттық әл-ауқат қоры тобының құрамына кіретін ұлттық компанияларды қоспағанда), ұлттық холдингтердің әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттерін және оларға мониторинг жүргізу тетігін айқындайды.

Ұлттық әл-ауқат қорының, сондай-ақ Ұлттық әл-ауқат қоры тобының құрамына кіретін ұлттық компаниялардың әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттері "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітіледі;

16) Конституцияда, осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 N 101-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2014 N 225-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**12-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі құзыяреті**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы қатынастарды реттейтін жеке-дара қолданылатын құқықтық актілерді шығарады;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті басқарады, мемлекеттік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді;

2-1) акционері (қатысушысы, сенімгерлік басқарушысы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және ол құрған мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептер тәртібін айқындайды;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруды жүзеге асырады, пайдалануға береді;

4) өзі құрған мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді құру, қайта ұйымдастыру, атауын өзгерту және оларды тарату, иеліктен шығару туралы шешім қабылдайды;

4-1) Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ведомстволарын қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының атынан, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өзіне жүктелген функцияларын жүзеге асыруға ықпал ететін және (немесе) қаржы нарығы инфрақұрылымының бір бөлігі болып табылатын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің құрылтайшысы болады, мемлекеттің акционерлік қоғамды және жауапкершілігі шектеулі серіктестікті басқаруға акционер (қатысушы) ретінде қатысу құқығын жүзеге асырады, сондай-ақ осы акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің акциясына (қатысу үлесіне) ие болу не иеліктен шығару туралы шешім қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасының атынан өзі құрған мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкіне қатысты республикалық меншік құқығының субъект құқығын жүзеге асырады;

7) өзі құрған мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің нысанасы мен мақсаттарын, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы) дербес айқындайды, олардың жарғысын, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

8) өзі құрған мемлекеттік кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (өндірген өнімін сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, оның ішінде пайдалануға беруге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

8-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі оған сенімгерлік басқаруға берген мемлекеттік мүлікті шартта көзделген тәртіппен және талаптарда сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады;

9) өзі құрған мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және олардың қызметі бойынша есептерді қарайды және бекітеді, сондай-ақ олардың қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізуді жүзеге асыруға құқылы;

10) өзі құрған мемлекеттік кәсіпорындар өндіретін және сататын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын келіседі немесе белгілейді;

11) мемлекеттік мүлік тізіліміне мемлекеттік мүлік объектілері туралы мәліметтерді береді;

11-1) өзі құрған мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісін бөлу тәртібін айқындайды;

12) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.05 N 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.04.2016 № 481-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

### **13-бап. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның құзыреті**

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) мемлекеттік мүлікті басқару саласында мемлекеттік саясатты қалыптастырады, өз құзыреті шегінде мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілерді өзірлейді, бекітеді;

2) мемлекеттік мүлікті басқаруға талдау жасауды және оны бағалауды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесе отырып:

акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингердің, ұлттық холдингердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын өзірлеу, бекіту, сондай-ақ мониторинг жүргізу және олардың іске асырылуын бағалау;

акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингердің, ұлттық холдингердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының орындалуы бойынша есептерді өзірлеу және ұсыну тәртібін өзірлейді;

4) мемлекеттік органдардан, мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестерден мемлекеттік мұлікті басқаруға дәйекті және объективті талдау жасау үшін қажетті ақпаратты сұратады және алады;

4-1)кционері (қатысушысы, сенімгерлік басқарушысы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын акционерлік қоғамдарды, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді және ол құрған мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын өзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау тәртібін айқындайды;

4-2) акционері (қатысушысы, сенімгерлік басқарушысы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын акционерлік қоғамдарды, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді және ол құрған мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді өзірлеу және ұсыну тәртібін айқындайды;

4-3) акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының орындалуы жөніндегі есептерді өзірлеу және ұсыну тәртібін айқындайды;

4-4) акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларын өзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуына мониторинг жүргізу және бағалау тәртібін айқындайды;

4-5) мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) баға белгілеу қағидаларын бекітеді;

4-6) стратегиялық объектілер меншік иелерінің (құқық иеленушілерінің), оналтуды немесе банкроттықты басқарушылардың стратегиялық объектілерге ауыртпалық салу не оларды иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау тәртібін өзірлейді;

4-7) Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың ұлгілік кодексін бекітеді;

5) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### 14-бап. Мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

Мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік мұлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, бекітеді;

2) респубикалық мұліктің нысаналы және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

3) респубикалық мұлікті жекешелендіруді жүзеге асырады, оның ішінде респубикалық мұлікті, сондай-ақ нарықта ұstem немесе монополиялық жағдайға ие табиғи монополия субъектілері немесе нарық субъектілері болып табылмайтын мұліктік кешен ретінде қәсіпорындарды жекешелендіру туралы шешім қабылдайды, объектіні жекешелендіруге дайындау процесінде респубикалық мұліктің сақталуын қамтамасыз етеді, жекешелендіру процесін үйімдастыру үшін делдалды тартады, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының атынан респубикалық занды тұлғаларға қатысты респубикалық меншік құқығының субъект құқығын жүзеге асырады;

5) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша респубикалық мемлекеттік қәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсатын, сондай-ақ осындағы қызметті жүзеге асыратын респубикалық мемлекеттік қәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық қәсіпорын) айқындайды және респубикалық мемлекеттік қәсіпорындардың жарғысын, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

6) респубикалық занды тұлғаға берілген немесе шаруашылық қызметінің нәтижесінде ол ие болған мұлікті тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

7) мемлекеттік мұліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, респубикалық занды тұлғалардың артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап

алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алғып қоюды жүзеге асырады;

8) респубикалық мемлекеттік кәсіпорынға алғып қойылған мүлікті құтіп ұстау және оны кейіннен баланстан шығара отырып өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

9) респубикалық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға береді;

10) тиісті саланың уәкілетті органына респубикалық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

11) респубикалық мемлекеттік кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шыгаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шыгаруға келісім береді;

12) респубикалық мүлік мәселелері бойынша мемлекеттің мұддесін білдіреді, Қазақстан Республикасына тиесілі мүліктік құқықтарды қоргауды жүзеге асырады;

13) респубикалық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

14) Қазақстан Республикасына тиесілі акцияларға дивидендердің уақтылы және толық есептелуіне және олардың төленуіне, сондай-ақ жарғылық капиталындағы қатысу үлесі Қазақстан Республикасына тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысуышылары арасында таза табыстың бөлінуіне бақылауды жүзеге асырады;

15) "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асырады;

16) респубикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, Қазақстан Республикасы қатысатын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуі жүзеге асырады;

17) сенімгерлікпен басқарушының респубикалық мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша міндеттемелерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

18) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, сондай-ақ респубикалық мемлекеттік кесіпорындардың құрылтайшысы болады;

19) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша акционерлік қоғамдардың орналастырылатын акцияларына төлем жасауды және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес ақша енгізу жолымен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына салымды, сондай-ақ респубикалық мүлікті, оның ішінде акцияларды, қатысу үлестерін енгізуді жүзеге асырады;

20) Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан мемлекеттің акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестікті) басқаруға акционер (қатысушы) ретінде қатысу құқықтарын жүзеге асырады;

21) жалғызкционері (қатысушысы) Қазақстан Республикасы болып табылатын акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тиісті директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) құрамына өз өкілін тағайындауды, ал Қазақстан Республикасы қатысатын өзге де акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде – директорлар кеңесіне немесе байқау кеңестеріне кандидатураны акционерлердің немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысына бекітуге ұсынады;

22) осы Заңның 5-тaraуында белгіленген жағдайлар мен шарттарда мемлекет меншігіне алынатын мүлікке өтем төлейді;

23) мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу қағидаларын өзірлейді;

24) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізеді және мемлекеттік мүлік тізілімін пайдаланушыларға ақпарат ұсынады;

24-1) респубикалық меншікке айналдырылған (тұсken), тәркіленген мүлікті есепке алу және одан әрі пайдалану бойынша дерекқорды жүргізеді;

25) мемлекеттік мүлік тізілімінде мемлекеттік мүліктің бірыңғай есепке алынуын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді және ұйымдастырады;

26) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес респубикалық мүлікті жекешелендіру бойынша сауда-саттық өткізу туралы хабарламаны жариялау үшін мерзімді баспа басылымын айқындау жөнінде конкурс өткізеді;

26-1) мемлекеттік материалдық резервті және жедел басқарудағы мүлікті қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды

мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша, жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті мұлікпен қамтамасыз етеді;

26-2) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеле сәйкес, мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің активтерін мемлекеттік мұлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторға сенімгерлік басқаруға береді;

26-3) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеле сәйкес мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің мулкін басқару мен күтіп-ұсташа үшін мемлекеттік мұлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторды қаржыландыруды жүзеге асырады;

27) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

#### **15-бап. Тиісті саланың уәкілетті органының құзыреті**

Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) тиісті саладағы мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асырады, өз құзыреті шегінде тиісті салада мемлекеттік мұлікті басқару аясындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, бекітеді;

2) респубикалық мемлекеттік кәсіпорындар және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындауды;

3) респубикалық мемлекеттік мекеме қызметінің нысанасы мен мақсатын айқындауды;

4) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға респубикалық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын респубикалық мемлекеттік кәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық кәсіпорын) айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

5) респубикалық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, осы Занда көзделген жағдайларда келіседі және бекітеді;

6) респубикалық занды тұлғалар мүлкінің сақталуын және респубикалық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

7) акционері мемлекет болып табылатын тиісті саладағы ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының орындалуын бақылау мен және талдауды жүзеге асырады;

8) тиісті саладағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуын бақылау мен талдауды жүзеге асырады;

9) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға респубикалық занды тұлғаға берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мұлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

10) респубикалық занды тұлғаларды басқаруды жүзеге асырады;

11) респубикалық мемлекеттік мекемелердің жарғысын (ережесін), оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

12) респубикалық занды тұлғаның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

13) респубикалық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және сататын тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) баға белгілейді;

14) респубикалық мемлекеттік мекемелерді респубикалық бюджеттен қаржыландыру жоспарларын бекітеді;

15) респубикалық мемлекеттік мекемелердің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

16) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша респубикалық занды тұлғаны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық обьектіге ие болудың басым құқығын іске асыру туралы шешімінің жобасын әзірлейді;

18) акциялардың мемлекеттік пакетін (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқықтары өзіне берілген жағдайларда, мемлекет жалғыз акционері (қатысушысы) болып табылатын, акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) тиісті директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) құрамына өз өкілін тағайындейды, ал мемлекет

қатысатын өзге де акционерлік қоғамдарда және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде директорлар кеңестеріне немесе байқау кеңестеріне кандидатураны акционерлердің немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысына бекітүге ұсынады;

19) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның өкілін мемлекет қатысатын акционерлік қоғамның директорлар кеңесінің немесе мемлекет қатысатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесінің құрамына енгізу үшін қажетті шараларды қамтамасыз етеді немесе қабылдайды;

20) мәліметтерді, оның ішінде, өзінің басқаруындағы мемлекеттік заңды тұлғалардың және оларға қатысты мемлекеттің акционер (қатысушы) ретінде басқаруға қатысу құқығын өзі жүзеге асыратын мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың атаулы тізбесін, бұл мәліметтерді мемлекеттік мұліктің тізілімінде көрсету үшін дайындауды;

21) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде айқындалған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **15-1-бап. Сатып алу саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Сатып алу саласындағы уәкілетті орган:

1) сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

2) ұлттық басқаруышы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзы ұлттық басқаруышы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғайды және қарайды және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік жазалар қолданады;

3) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 2-тaraу 15-1-баппен толықтырылды - ҚР 26.12.2018 № 202-VI  
Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **16-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді органдарының коммуналдық мұлікті басқару жөніндегі құзыреті**

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді органдары:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің коммуналдық мүлікті басқару мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін қарайды;

2) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің коммуналдық мүлкін дамытуға бағытталған ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлейді;

3) жер участекін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер участекін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарттардың жобаларын келіседі.

**Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**17-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыretі**

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) өз құзыretі шегінде облыстық коммуналдық мүлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

2) аудандық коммуналдық мүлікті басқару саласында өздерінің құзыretіне кіретін мәселелер бойынша аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының жұмысын үйлестіреді;

3) облыстық коммуналдық мүлікті басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

4) облыстық коммуналдық мүлікті, сондай-ақ мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жекешелендіру туралы шешім қабылдайды;

5) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыстық коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша сауда-саттық өткізу туралы хабарламаны жариялау үшін мерзімді баспа басылымын айқындау жөнінде конкурс өткізеді;

6) облыстық коммуналдық заңды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы, сондай-ақ акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысуы, оларды құру, қайта ұйымдастыру, тарату, акционерлік қоғамдардың өздеріне тиесілі акцияларын, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін иеліктен шығару туралы шешімдер қабылдайды;

7) облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың жарғысын (ережесін), оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді немесе жергілікті бюджеттен

қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға осыған уәкілеттік береді;

8) облыстық мемлекеттік кәсіпорындардың қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндettі көлемдерін айқындайды;

9) облыстық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерін қарайды, бекітеді және осы Занды көзделген жағдайларда келіседі;

10) облыстық мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуын бақылау мен талдауды жүзеге асырады;

11) облыстық коммуналдық мүлікті облыстық коммуналдық занды тұлғаларға бекітіп береді;

12) облыстық коммуналдық занды тұлғалардың филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

13) облыстық коммуналдық мүлікті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес ақшаны жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына не акционерлік қоғамдардың акцияларын төлеуге беру туралы шешім қабылдайды;

14) акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін облыстық коммуналдық мүлік құрамына сатып алу туралы шешім қабылдайды;

15) осы Заңның 10-бабында көзделген жағдайларда және тәртіппен облыстық коммуналдық мүлікті ауданның, облыстық маңызы бар қаланың коммуналдық мүлкінің деңгейіне беру туралы шешім қабылдайды;

16) тарих және мәдениет ескерткіштерін меншік иесінен алып қою туралы талап-арызбен сотқа жүгіну туралы шешім қабылдайды;

17) облыстық коммуналдық мүлікті пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

18) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде осы Заңның 4-тарауында белгіленген талаптар бойынша реквизициялау туралы шешім қабылдайды;

19) осы Заңның 4-тарауында белгіленген жағдайларда және талаптарда реквизицияланатын мүлікке ақшалай өтем төлейді;

20) осы Заңның 6-тарауында белгіленген жағдайларда жер участекесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер участекесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иелікten шығарған кезде өтем төлейді;

21) жер участекесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер участекесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иелікten шығарудың басталуы туралы немесе мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иелікten шығарудың тоқтатылуы туралы қаулы қабылдайды;

22) жер участекесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер участекесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иелікten шығару туралы шарт (бұдан әрі – жер участекесін мемлекет мұқтажы үшін иелікten шығару туралы шарт) жасасады;

23) облыстық коммуналдық мүліктің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

24) облыстық коммуналдық мүліктің есепке алынуын үйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

25) облыстық коммуналдық мүлікті, сондай-ақ мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жекешелендіруді жүзеге асырады, оның ішінде жекешелендіру процесін үйымдастыру үшін делдалды тартады, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісінің сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

26) облыстық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығыныз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен меншігіне өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлікпен басқаруға береді;

27) сенімгерлікпен басқарушының облыстық коммуналдық мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша міндеттемелерін орындауды бақылауды жүзеге асырады;

28) өзіне осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

**18-бап. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті**

Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары:

1) өз құзыреті шегінде аудандық коммуналдық мүлікті басқару саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, бекітеді;

1-1) коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен), тәркіленген мүлікті есепке алу және одан әрі пайдалану бойынша дерекқорды жүргізеді;

2) егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, аудандық коммуналдық мүлікті басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

**3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

4) аудандық коммуналдық мүлікті, сондай-ақ мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жекешелендіру туралы шешім қабылдайды;

5) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудандық коммуналдық мүлікті жекешелендіру бойынша сауда-саттық өткізу туралы хабарламаны жариялау үшін мерзімді баспа басылымын айқындау жөнінде конкурс өткізеді;

6) егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, аудандық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес занды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалға (жалдауға), сенімгерлік басқаруға береді;

7) аудандық коммуналдық занды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы, сондай-ақ олардың акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге қатысуы, оларды құру, қайта ұйымдастыру, тарату, акционерлік қоғамдардың өздеріне тиесілі акцияларын, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін иеліктен шығару туралы шешімдер қабылдайды;

8) аудандық коммуналдық занды тұлғалардың жарғысын (ережесін) бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, аудандық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға осыған уәкілеттік береді;

9) егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары құрған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындаиды;

10) аудандық коммуналдық мүліктің пайдаланылуын және сақталуын бақылауды қамтамасыз етеді;

11) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары құрған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерін қарайды, бекітеді және осы Занда көзделген жағдайларда келіседі;

12) аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары құрған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

13) аудандық коммуналдық мүлікті аудандық коммуналдық занды тұлғаларға бекітіп береді;

14) аудандық коммуналдық занды тұлғалардың филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

15) аудандық коммуналдық мүлікті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес ақшаны жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына не акционерлік қоғамның акцияларын төлеуге беру туралы шешім қабылдайды;

16) егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, аудандық коммуналдық мүлікті пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, мүліктік жалға (жалдауға), өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

17) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде осы Заңның 4-тaraуында белгіленген талаптар бойынша реквизициялау туралы шешім қабылдайды;

18) осы Заңның 4-тaraуында белгіленген жағдайларда және талаптарда реквизицияланған мүлікке ақшалай өтем төлейді;

19) осы Заңның 6-тaraуында белгіленген жағдайларда жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарған кезде өтем төлейді;

20) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы немесе жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың тоқтатылуы туралы қаулы қабылдайды;

21) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жасасады;

22) коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен), Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен иесі жоқ деп танылған, мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен аудандық коммуналдық мұліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткізілген иесіз қалған мұліктің, олжаның, қараусызы қалған жануарлардың, құрамында мәдени құндылықтарға жататын зат жоқ көмбелердің үлестерін есепке алууды, сақтауды, бағалауды және одан әрі пайдалануды ұйымдастырады;

23) сенімгерлікпен басқарушының аудандық коммуналдық мұлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша міндеттемелерді орындауды бақылауды жүзеге асырады;

24) аудандық коммуналдық мұлікті, сондай-ақ мұліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жекешелендіруді жүзеге асырады, оның ішінде жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тартады, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісінің сатып алу-сату шарттарын әзірлеу мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

24-1) халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап алғаш тасталды - ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз).

25) өзіне осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2013 N 101-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.11.2015 N 387-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 N 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз); 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

18-1-бап ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп

**аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді).**

### **18-1-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының құзыреті**

1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша:

1) өз құзыреті шегінде жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін басқару саласындағы құқықтық актілердің жобаларын өзірлейді;

2) егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін басқарады, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

3) шешім қабылдайды және жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін жекешелендіруді жүзеге асырады, оның ішінде объектіні жекешелендіруге дайындау процесінде оның сақталуын қамтамасыз етеді, жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тартады, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісінің сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

4) мүлкі аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсаттарын, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық кәсіпорын) айқындайды;

5) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық занды тұлғасына берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде өзі ие болған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

6) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық занды тұлғаларының артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмайтын мүлкін алып қоюды жүзеге асырады;

7) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес занды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз не кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдауга (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға береді;

8) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен келісу бойынша жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларын құру, қайта ұйымдастыру, атауын өзгерту және тарату туралы шешім қабылдайды;

9) мұлкі аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға өзіне бекітіп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

10) жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттік заңды тұлғаларының жарғысын (ережесін), оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

11) мұлкі аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндепті көлемдерін айқындайды;

12) мұлкі аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді осы Занда көзделген жағдайларда қарайды, келіседі және бекітеді;

13) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мұлкін пайдалану, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

14) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мұлкін жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларына бекітіп береді;

15) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мұлкін иеліктен шығару туралы шешім қабылдайды;

16) осы Занда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілдіктерді жүзеге асырады.

2. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты:

1) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мұлкінің нысаналы және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

2) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық заңды тұлғаларына қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

3) мұлкі аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық

меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға алып қойылған мұлікті кейіннен баланстан шығара отырып өзге тұлғаға бергенге дейін күтіп-ұстай және оның сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

4) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкінің мәселелері бойынша мемлекеттің мұдделерін білдіреді, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің меншік (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігі) құқығын қорғауды жүзеге асырады;

5) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін сенімгерлік басқару шарты бойынша міндеттемелерді сенімгерлік басқарушының орындауын бақылауды жүзеге асырады;

6) мүлкі аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

7) жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мүлкін есепке алуды үйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

8) осы Занда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 2-тарау 18-1-баппен толықтырылды - ҚР 11.07.2017 № 90-VI  
Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан  
қараныз).**

## **2-БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТТИҢ МҰЛІКТІК ҚҰҚЫҚТАРҒА ИЕ БОЛУЫ**

**3-тарау. МЕМЛЕКЕТТИҢ МҰЛІКТІК ҚҰҚЫҚТАРҒА ИЕ БОЛУ НЕГІЗДЕРІ**

**19-бап. Мемлекеттің мұліктік құқықтарға ие болу негіздерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасының республикалық мұлік құқықтарына ие болуына:

- 1) республикалық бюджетке түсетең түсімдер;
- 2) республикалық заңды тұлғалардың мұлікке ие болуы;
- 3) тәркілеу;
- 4) мұлікті коммуналдық мұліктің құрамынан республикалық мұліктің құрамына беру;
- 5) азаматтық-құқықтық шарттар (сатып алу-сату, мердігерлік және басқа да шарттар) негізінде мұлікті сатып алу және оны жасау;
- 6) стратегиялық обьектілерге ие болуға басым құқықты іске асыру;
- 7) күтімсіз ұсталған тарих және мәдениет ескерткіштерін, мәдени құндылықтарды сот шешімі бойынша алып қою;

8) жеке меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участкесіне құқықты қайта ресімдеген кезде, оған мемлекеттік меншік құқығына ие болу;

9) мемлекеттік емес заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың мүлкін мұраға қалдыру, сыйға тарту немесе оның республикалық мүліктің құрамына өзге де өтеусіз берілуі не өзге де өтеусіз түсуі (өтуі);

10) мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару;

11) шартты бұзған немесе өзгерткен кезге дейін Қазақстан Республикасының міндеттеме бойынша атқарғанын қайтару;

12) жарамсыз деп танылған мәміле бойынша берілген мүлікті қайтару;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер негіз болып табылады.

2. Әкімшілік-аумақтық бөліністің коммуналдық мүлік құқықтарына ие болуына:

1) жергілікті бюджетке түсетең түсімдер;

2) коммуналдық заңды тұлғалардың мүлікті сатып алуы;

3) иесі жоқ және тәркіленген мүліктің коммуналдық мүлік құрамына түсуі;

4) мүлікті республикалық мүліктің құрамынан коммуналдық мүліктің құрамына беру;

5) азаматтық-құқықтық шарттар (сатып алу-сату, мердігерлік және басқа да шарттар) негізінде мүлікті сатып алу және оны жасау;

6) өз бетінше салынған құрылышқа құқықтарға сот шешімі бойынша ие болу;

7) күтімсіз ұсталған тарих және мәдениет ескерткіштерін, мәдени құндылықтарды сот шешімі бойынша алыш қою;

8) жеке тұлғалар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар мүлкін мұраға қалдыру, иесіз қалған мүлкінің басқаға өтуі, сыйға тарту немесе оның коммуналдық мүліктің құрамына өзге де өтеусіз берілуі не өзге де өтеусіз түсуі (өтуі);

9) мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару;

10) шартты бұзған немесе өзгерткен кезге дейін әкімшілік-аумақтық бөліністің міндеттеме бойынша атқарғанын қайтару;

11) жарамсыз деп танылған мәміле бойынша берілген мүлікті қайтару;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де негіздер негіз болып табылады.

#### **20-бап. Бюджетке жататын мүлік құқығына ие болу**

Бюджетке жататын мүлік құқығына ие болу Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде айқындалады.

#### **21-бап. Мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлікті сатып алуы**

Мемлекеттік заңды тұлғалардың өндірістік-шаруашылық қызмет нәтижесінде немесе Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де

негіздер бойынша мұлікті сатып алуы мемлекеттің осы мүлікке құқыққа ие болуына және оны мемлекеттік мүлікке жатқызуға негіз болып табылады.

**22-бап. Тәркіленген мүліктің мемлекеттік мүлік құрамына тұсуі**

Тәркіленген мүліктің мемлекеттік мүлік құрамына тұсуі осы Заңның 210 - 212, 214, 215-баптарында айқындалған тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

Республикалық немесе коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен), тәркіленген мүлікті есепке алу және одан әрі пайдалану бойынша дереккорға енгізілген мүлік Тәркіленген мүлік қорын құрайды.

**Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.05.2020 № 325-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

**23-бап. Иесі жоқ жылжымайтын заттарға мемлекеттік меншік құқығына ие болу**

1. Иесі жоқ жылжымайтын заттарды олар табылған аумақтағы республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың тиісті жергілікті атқарушы органдарының өтініші бойынша жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын орган есепке алады. Жергілікті атқарушы орган иесі жоқ жылжымайтын затты есепке алған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін бұл затты аудандық коммуналдық меншікке түсті деп тану туралы талаппен сотқа жүгінеді. Егер меншік иесі меншік құқығынан жариялау арқылы бас тартқан жағдайда, жергілікті атқарушы орган бас тарту туралы жарияланған кезден бастап бұл затты коммуналдық меншікке түсті деп тану туралы талаппен сотқа жүгінеді. Жер учаскесі иесі жоқ жылжымайтын зат ретінде, осы зат аумағында табылған республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың тиісті үәкілдегі органының өтініші бойынша, Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес есепке алынады.

2. Жеке тұлғалардағы немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардағы өздерінің меншікті мүлкі ретінде иеленіп келген иесі жоқ жылжымайтын заттар есепке алынбайды және аудандық коммуналдық меншікке берілмейді.

3. Осындай мүлікке басқа тұлғаның меншік құқығы туындағанға дейін кез келген уақытта меншік иесі өзіне тиесілі жылжымайтын затты иесі жоқ ретінде есептен шығару туралы өтініш жасауға және оны өзінің іс жүзіндегі иелігіне жаңадан қабылдауға құқылы.

4. Иесі жоқ жылжымайтын заттар ретінде есепке алынған жер учаскелеріне құқықтарға мемлекеттің ие болу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленеді.

**Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.22 № 479-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.**

**24-бап. Меншік иесі бас тартқан жылжымалы заттарға мемлекеттік меншік құқығына ие болу**

1. Меншік иесі тастап кеткен немесе ол меншік құқығынан бас тарту мақсатында өзгеше түрде қалдырып кеткен жылжымалы заттар (тасталған заттар) осы бапта көзделген жағдайларда және тәртіппен мемлекет меншігіне айналдырылуы мүмкін.

2. Жер пайдалануында құнының мөлшері тастап кеткен зат табылған күні қолданылып келген айлық есептік көрсеткіштің жиырма еселенген мөлшерінен анық төмен, тастап кеткен зат не тастап кеткен металл сынықтары, жарамсыз өнім орналасқан жер участкесі бар мемлекеттік занды тұлға оларды пайдалануға кіріспен немесе заттардың шаруашылық жүргізуге немесе жедел басқаруға айналдырылғанын куәландыратын өзге де іс-әрекет жасап, осы заттарды өзінің шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына айналдырады.

Мемлекеттік меншіктегі жерден және жер пайдалануға берілмеген жерден осындай мұлік табылған жағдайда, мұлікті аудандық коммуналдық мұліктің құрамына қабылдау қажет болған кезде, ол аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша жергілікті қазынаға түседі.

3. Мұлікті аудандық коммуналдық мұліктің құрамына қабылдау қажеттігі туралы мәселе қаралған кезде:

1) экономикалық тұрғыдан орындылығы;

2) мұліктің аудандық коммуналдық мұліктің құрамына қабылданғаннан кейінгі мақсаты мен пайдаланылуы негізгі өлшемдер болып табылады.

4. Мұлікті аудандық коммуналдық мұліктің құрамына қабылдау қажеттігі болмаған жағдайда жергілікті атқарушы орган мұлікті осы Заңың 213-бабына сәйкес одан әрі өткізу үшін осы бапта белгіленген тәртіппен аудандық коммуналдық мұліктің құрамына қабылдай алады.

5. Меншік иесі тастап кеткен, құнының мөлшері тастап кеткен зат табылған күні қолданылып келген айлық есептік көрсеткіштің жиырма еселенген мөлшеріне тең және одан да жоғары жылжымалы зат, егер мемлекеттік занды тұлғаның немесе жергілікті атқарушы органдың өтініші бойынша осындай затты сот иесі жоқ деп таныған болса – оны иеленген мемлекеттік занды тұлғаның шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына немесе ол аудандардың,

облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының иелігіне түсken жағдайда аудандық қазынаның құрамына келіп түседі.

**25-бап. Мұлікті бюджет қаражаты есебінен сатып алу**

1. Мұлікті бюджет қаражаты есебінен сатып алу "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптары мен қағидаларын сақтай отырып, мұлікті сатып алу туралы азаматтық-құқықтық шарттар жасасу, жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсету (сатып алу-сату, мердігерлік, өтеулі қызмет көрсету және басқа да мәмілелер) негізінде жүзеге асырылады.

2. Акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сатып алу, акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына салынатын салымды бюджет қаражаты есебінен төлеу осы Заңда және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

**26-бап. Мұраның және иесіз қалған мұліктің мемлекеттік мұлік құрамына түсі**

1. Жеке тұлға қайтыс болған жағдайда оған тиесілі мұлік өсиетке сәйкес Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен мемлекетке өтуі мүмкін.

2. Егер өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлер жоқ болса немесе Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес мұрагерлердің ешқайсысының мұра алу құқығы жоқ болса не олардың барлығы мұрадан бас тартса, жеке тұлға қайтыс болғаннан кейін қалған мұра иесіз қалған мұлік деп танылады. Иесіз қалған мұлік Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен мұра ашылған жердегі аудандық коммуналдық меншіктің құрамына өтеді.

**27-бап. Сыйға тарту шарты бойынша мұлік құқықтарына ие болу**

1. Жеке тұлғалардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың мұлікті мемлекетке сыйға тарту шартына осы бапта белгіленген ерекшеліктерімен қоса Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 27-тарауының ережелері қолданылады.

Мемлекеттік қызметшілерге және "Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзіне сыйбайлар жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдайтын өзге де адамдарға олардың лауазымдық жағдайына немесе қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты берілген, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне берілген сыйлықтарға құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері осы Заңның 216-бабында айқындалады.

2. Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мұлік құқығына ие болуы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейтын тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Жер учаскелерін сыйға тарту шарты негізінде жеке меншіктен мемлекет меншігіне беру Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

4. Мұлікті жеке меншіктен мемлекеттік мұлік құрамына жалпы пайдалану мақсатында (қайырмалдық) беру Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 516-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 06.10.2020 № 365-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

**28-бап. Мұлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде мұлік құқықтарына ие болу**

1. Мұлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде мемлекеттің (Қазақстан Республикасының немесе әкімшілік-аумақтық бөліністің) мұлік құқықтарына ие болуы осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен және жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Мұлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде мұлікті сатып алу бюджет қаражаты немесе осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес өзге де мемлекеттік мұлік есебінен жүзеге асырылады.

3. Мұлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде мемлекет сатып алғатын мұлік мемлекеттік немесе жергілікті қазынаға түседі.

**29-бап. Қөмбеге мемлекеттік меншік құқығына ие болу**

1. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік меншіктегі жер учаскесінен немесе өзге де жылжымайтын мұліктен табылған қөмбеге Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 247-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекет пен қөмбені тапқан адамның арасындағы шартпен өзгеше белгіленбенгендейтін, олардың меншігіне тең үлеспен түседі.

2. Мәдени құндылықтарға жататын заттар бар қөмбенің табылуына байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңнамасымен реттеледі.

**Ескерту. 29-бап жаңа редакцияда – ҚР 26.12.2019 № 289-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

**30-бап. Олжага мемлекеттік меншік құқығына ие болу**

1. Мемлекетке тиесілі үй-жайдан немесе көліктен табылған зат не меншік иесінің тұрған жері белгісіз зат Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 245-бабына сәйкес жалпы негізде аудандық коммуналдық меншікке өтеді.

2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 245-бабы 4-тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайда, олжа аудандық коммуналдық меншікке өтеді.

Зат аудандық коммуналдық меншікке өткен жағдайда оны тауып алған адамның затты сақтауға, өткізуге және сатуға байланысты қажетті шығыстарды аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына өтетуге құқығы бар.

### **31-бап. Қараусыз қалған жануарларға мемлекеттік меншік құқығына ие болу**

1. Өзінің бағуында және пайдалануында қараусыз қалған жануарлар болған адам өзінің бағуындағы жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде олар аудандық коммуналдық меншікке түседі және аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың тиісті жергілікті атқарушы органдары айқындаған тәртіппен пайдаланылады.

2. Жануарлар мемлекет меншігіне өткеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген жағдайда, осы жануарлардың бұрынғы меншік иесіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін мән-жайлар болған кезде – ол аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың тиісті жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша айқындалатын шарттармен, ал келісімге қол жеткізілмеген кезде сот тәртібімен оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

### **32-бап. Өз бетінше салынған құрылышқа мемлекеттік меншік құқығына ие болу**

Мемлекетке тиесілі және жер пайдалануда болмаған жер участекерінде (мемлекетке тиесілі жер участекі ретінде қалыптастырылмаған жерлерде) тұлға өз бетінше салған құрылыш, оның әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан орындылығы ескеріле отырып, құрылышқа жұмсалған шығыстар сот айқындаған мөлшерде өтеліп, аудандық коммуналдық меншікке берілуі мүмкін.

Мемлекеттік жер пайдаланушылардың жер пайдалануындағы жер участекінде өз бетінше құрылыш салуды жүзеге асырған кезде өз бетінше салынған құрылыш әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан орындылығы ескеріле отырып, құрылышқа жұмсалған шығыстар сот айқындаған мөлшерде бюджет қарожатынан өтеліп, аудандық коммуналдық меншікке берілуі мүмкін.

### **33-бап. Құтімсіз ұсталған тарих және мәдениет ескерткіштерінің, мәдени құндылықтардың мемлекеттік мүлік құрамына түсі**

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерекше құндылыққа жатқызылған және мемлекет қорғайтын тарих және мәдениет ескерткіштерінің,

мәдени құндылықтардың меншік иесі осы ескерткіштер мен құндылықтарды күтімсіз ұстап, бұл оларға өз маңызын жоғалту қатерін төндірген жағдайларда, мемлекет мұндай ескерткіштер мен құндылықтарды меншік иесінен сот шешімі бойынша сатып алу арқылы алып қояды.

2. Тарих және мәдениет ескерткіштері, мәдени құндылықтар сатып алынған кезде – олардың құны тараптардың келісімімен, ал дау туған жағдайда сот тәртібімен белгіленген мөлшерде меншік иесіне өтеледі.

3. Күтімсіз ұсталған тарих және мәдениет ескерткіштерін меншік иесінен алып қою тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңнамасын сақтауын және күтімсіз ұсталған тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекет меншігіне өтуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

4. Халықаралық және респубикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің пайдаланылуын және оларды күтіп-ұсташа тәртібін мемлекеттік бақылауды тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті орган, ал жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін – облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

5. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің пайдаланылуын және оларды күтіп-ұсташа тәртібін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде оларды күтімсіз ұсташа фактілері анықталған жағдайда тиісті уәкілетті органдар:

уәкілетті орган – халықаралық және респубикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иесіне;

жергілікті атқарушы органдар – жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің меншік иесіне тарих және мәдениет ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді бұзғаны және осындағы бұзушылықтарды нұсқамада көрсетілген мерзім ішінде жою туралы нұсқама береді.

6. Ұлттық мәдениет игілігі объектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген мәдени құндылықтарды тиісінше күтіп ұстамаған және сақтамаған жағдайда мәдениет саласындағы уәкілетті орган мәдени құндылықтардың меншік иесіне мәдени құндылықтарды сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді бұзғаны және осындағы бұзушылықтарды хабарламада көрсетілген мерзім ішінде жою туралы хабарлама береді.

7. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің, мәдени құндылықтардың меншік иесі олардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді бұзушылықты жоймаған жағдайда:

халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне, мәдени құндылықтарға қатысты – уәкілетті орган;

жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне қатысты – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары тарих және мәдениет ескерткіштерін, мәдени құндылықтарды меншік иесінен алып қою туралы талап-арызбен сотқа жүгінеді.

8. Халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін, мәдени құндылықтарды мемлекет соттың шешімі бойынша алып қойған жағдайда, олар – республикалық мүлік құрамына, ал жергілікті маңызы барлары коммуналдық мүлік құрамына түседі.

**Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 26.12.2019 № 289-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

**34-бап. Жеке меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участесіне мемлекеттік меншік құқығына ие болу**

Жер участесінің меншік иесі болып табылатын азамат Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде жеке меншіктегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участесіне мемлекеттік меншік құқығына ие болу Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

**35-бап. Шартты бұзу немесе өзгерту не мәмілені жарамсыз деп тану кезінде мүлікті қайтарған жағдайларда мемлекеттік мүлікке құқықтың туындауы**

1. Шарт бұзылған немесе өзгерген кезге дейін мемлекеттік мүлік жеке немесе занды тұлғалардың жеке меншігіне соның негізінде өткен шарт бұзылған немесе өзгерген жағдайда, егер Қазақстан Республикасының зандарында немесе тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, тараптар шарт бұзылған немесе өзгерген кезге дейінгі міндеттемесі бойынша өздері атқарған жұмысты қайтаруды талап етуге құқылы емес.

2. Мемлекеттік мүлік жеке немесе занды тұлғалардың жеке меншігіне соның негізінде өткен мәмілені сот жарамсыз деп таныған жағдайда, мұндай мүлік мемлекетке қайтарылады, ал мүлікті заттай қайтару мүмкін болмаған кезде, оның құны ақшалай өтеледі.

**36-бап. Мемлекеттік меншік құқығының презумпциясы**

1. Егер Қазақстан Республикасында жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу жүйесін енгізгенге дейін мемлекеттік занды тұлғаның балансына қойылған ғимаратқа, құрылышқа және өзге де жылжымайтын мүлікке

меншік құқығын тану туралы дау болмаса, осы мүлікке мемлекеттік меншік құқығы, қажетті құқық белгілейтін құжаттар болмаған жағдайда, осындай мүліктің мемлекеттік мүлік құрамында болуы туралы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) құжаттарымен расталуы мүмкін. Дау туындаған жағдайда, көрсетілген мүлікке меншік құқығы мұдделі тұлғаның талап-арызы негізінде сот тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының аумағындағы және жеке және заңды тұлғалардың меншігі болып табылмайтын барлық тарих және мәдениет ескерткіштері Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады.

**Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2015 № 368-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **4-тaraу. РЕКВИЗИЦИЯЛАУ**

**1-параграф. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизициялау**

**37-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизициялау туралы жалпы ережелер**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизициялау халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық жүргізу объектілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан кепілді түрде қорғауды қамтамасыз ету үшін құрылған материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстардың мемлекеттік резерві болмаған немесе жеткіліксіз болған кездегі ерекше жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизициялау төтенше жағдай аймағымен (төтенше жағдай туындаған белгілі бір аумақпен) және (немесе) төтенше жағдай аймағында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізілетін төтенше жағдай кезеңімен шектеледі. Төтенше жағдайлар кезінде төтенше жағдай аймағынан тыс немесе төтенше жағдай кезеңінен тыс реквизициялауға жол берілмейді.

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қамтамасыз ету үшін азаматтығына және мемлекеттік тіркеу орнына қарамастан, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне қатысты реквизициялауга жол беріледі.

**38-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизициялаудың негізгі мақсаттары мен шарттары**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизициялау табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету мақсатында, оның ішінде табиғи және

техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан зардал шеккен халықты азық-түлікпен, дәрі-дәрмекпен, тұрғын жайлармен қамтамасыз ету, ұлттық экономиканың тұрақты жұмыс істеуіне жағдайлар жасау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстар кезінде өзге де материалдық проблемаларды шешу үшін жүзеге асырылады.

2. Реквизицияланатын мұліктің меншік иесіне мұліктің нарықтық құнын өтеу мұліктің меншік иесінің таңдауы бойынша реквизициялау күніне немесе мұліктің құнын өтеу күніне айқындалады.

3. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мұлкі реквизицияланбайтын ұйымдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейді.

4. Мұліктің жекелеген түрлерін реквизициялау ерекшеліктері Қазақстан Республикасының зандарында белгіленеді.

**39-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизициялау негіздері**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар басталған кезде реквизициялауға "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де зандарына сәйкес әзірленетін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар туралы жергілікті атқарушы органдардың жоспарларына сәйкес жол беріледі.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында төтенше жағдай режимін енгізу кезінде қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін төтенше жағдай режимін енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы негізінде және соған сәйкес реквизициялауға жол беріледі.

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизициялауға төтенше жағдайларды жою басшысының шешімі негізінде қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде де жол беріледі.

**40-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизициялау тәртібі**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде жалпы басшылықты және реквизициялауды қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген төтенше жағдайлардың түрі (объектілік, жергілікті, өнірлік және жаһандық) мен сыныпталуына байланысты төтенше жағдайларды жою басшысы жүзеге асырады.

2. Реквизициялау облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының шешімдері негізінде жүзеге асырылады.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында төтенше жағдай режимін енгізу кезінде мүлікті реквизициялау осы Заңның 42 және 43-баптарында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Жергілікті атқарушы органдарының реквизициялау туралы шешімі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою басшысының шешімі негізінде шығарылады.

4. Шешімде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

5. Реквизициялау туралы шешім:

1) реквизициялауға жататын мүліктің тізбесін, мүліктің меншік иесі және оның орналасқан жері, реквизицияланатын мүлікті жинайтын орын туралы мәліметтерді, сондай-ақ реквизицияланатын мүлік туралы өзге де қажетті мәліметтерді;

2) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай аймағында реквизициялауды бақылауға және қамтамасыз етуге жауапты лауазымды тұлғалардың дербес құрамын;

3) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай аймағында мүлікті алып қоюды жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды тұлғалардың дербес құрамын;

4) кемінде бір бағалаушы енгізілуге тиісті бағалау комиссиясының саны мен дербес құрамын;

5) реквизициялауды жүргізу мерзімін;

6) өтем төлеу мерзімдерін;

7) реквизициялауды жүргізуге қажетті өзге де мәліметтерді қамтуға тиіс.

6. Қажет болған жағдайда, оның ішінде реквизициялануға жататын мүліктің тізбесі, лауазымды тұлғалардың немесе бағалау комиссиясының дербес құрамы өзгерген кезде реквизициялау туралы шешімге тиісті өзгерістер енгізіледі.

7. Реквизициялау туралы шешім және оған кейіннен жасалатын барлық өзгерістер мен толықтырулар қабылданған кезден бастап екі күн мерзімнен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға, сондай-ақ онымен еркін танысу үшін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағындағы қолжетімді жерлерде орналастырылуға жатады.

**41-бап. Реквизициялау туралы шешім шығарылған мүлікті алып қою**

1. Мұлікті алып қойғанға дейін меншік иесі реквизициялау туралы шешіммен жеке қолын қойып танысуға тиіс.

2. Мұлікті алып қоюды осыған уәкілетті лауазымды тұлғалар мұліктің меншік иесінің (немесе оның уәкілетті өкілінің) және бағалау комиссиясы мүшелерінің қатысусымен реквизициялау туралы актінің негізінде жүргізеді.

3. Реквизициялау туралы акт:

1) реквизициялау туралы шешімнің деректемелерін көрсете отырып реквизициялау жүргізу негіздерін;

2) мұлікті алып қоюды жүргізудің уақыты мен орнын;

3) реквизициялауды жүргізетін лауазымды тұлғалар, бағалау комиссиясының құрамы мен мүшелерінің саны, реквизицияланатын мұліктің меншік иесі, мұлікті алып қою кезінде қатысатын өзге де тұлғалар туралы мәліметтерді;

4) салмағы, өлшемі, сапасы мен буып-тую түрі, құқық белгілейтін құжаттар, мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер және өзге де жеке айқындалған сипаттамалар көрсетілген реквизицияланатын мұліктің тізімдемесін;

5) мұлікті бағалау туралы және өтемнің мөлшері туралы мәліметтерді;

6) өтемді төлеу мерзімін және жауапты лауазымды тұлғаны көрсете отырып, оны төлеуді қамтамасыз ететін, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын тиісті атқарушы органды көрсетуді;

7) реквизициялау және реквизицияланатын мұлік туралы өзге де қажетті мәліметтерді қамтуға тиіс.

4. Реквизициялау туралы акт кемінде екі данада жасалады, оған уәкілетті лауазымды тұлғалар, бағалау комиссиясының мүшелері мен мұліктің меншік иесі немесе оның уәкілетті өкілі қол қояды және актінің бір данасы реквизицияланатын мұліктің меншік иесіне немесе оның уәкілетті өкіліне табыс етіледі. Уәкілетті лауазымды тұлға екінші данасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына есеппен бірге жібереді.

**42-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймақтарында төтенше жағдай режимін енгізген кезде реквизициялау ерекшеліктері**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймақтарында төтенше жағдай режимін енгізген кезде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын авариялық-құтқару қызметінің басшысы қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін қажетті мұлікті реквизициялауды өзінің жеке жауапкершілігімен дербес жүргізуге құқылы.

2. Мұлікті алып қою реквизициялау туралы актінің негізінде жүзеге асырылады, ол:

- 1) реквизициялау жүргізудің негіздерін;
- 2) алып қоюды жүргізудің уақыты мен орнын;
- 3) реквизициялауды жүргіzetін лауазымды тұлғаның лауазымы, атағы және аты, сондай-ақ реквизициялауга уәкілетті тұлғаларды тағайындау туралы бүйректың деректемелері көрсетілген, реквизицияланатын мұліктің меншік иесі, алып қою кезінде қатысатын өзге де тұлғалар туралы мәліметтерді;
- 4) салмағы, өлшемі, сапасы мен буып-тую түрі, құқық белгілейтін құжаттар, мемлекеттік тіркеу туралы және өзге де жеке айқындалған сипаттамалар туралы мәліметтер көрсетілген реквизицияланатын мұліктің тізімдемесін;
- 5) мұлікті бағалау туралы және өтем мәлшері туралы мәліметтерді;
- 6) реквизициялау және реквизицияланатын мұлік туралы өзге де қажетті мәліметтерді қамтуға тиіс.

3. Реквизициялау туралы актінің бір данасы реквизицияланған мұліктің меншік иесіне немесе оның уәкілетті өкіліне беріледі.

4. Жүргізілген реквизициялау туралы есеп жасалады, ол қоса тіркелген реквизициялау туралы актімен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға және облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына жіберіледі.

**Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **43-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай аймағында құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде реквизициялау**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай аймағында құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде ерекше жағдайларда авариялық-құтқару қызметтерінің немесе шұғыл медициналық көмек қызметтерінің жекелеген жасақтарының (бөлімшелерінің) мұқтажы үшін реквизициялауды осы жасақтың (бөлімшениң, экипаждың) бастығы дербес жүргізеді.

2. Мұлікті алып қою реквизициялау туралы актінің негізінде жүргізіледі, ол:
- 1) реквизициялауга негіз болған ерекше мән-жайлар туралы нұсқауды;
  - 2) алып қоюды жүргізудің уақыты мен орнын;

3) реквизициялауды жүргізетін лауазымды тұлғаның лауазымы, атағы және аты, сондай-ақ өзге де қажетті деректемелер көрсетілген, реквизицияланатын мұліктің меншік иесі, алып қою кезінде қатысатын өзге де тұлғалар туралы мәліметтерді;

4) салмағы, өлшемі, сапасы мен буып-тую түрі, құқық белгілейтін құжаттар, мемлекеттік тіркеу туралы және өзге де жеке айқындалған сипаттамалар туралы мәліметтер көрсетілген реквизицияланатын мұліктің тізімдемесін;

5) реквизициялау және реквизицияланатын мұлік туралы өзге де қажетті мәліметтерді қамтуға тиіс.

3. Реквизициялау туралы актінің бір данасы реквизицияланатын мұліктің меншік иесіне немесе оның уәкілетті өкіліне беріледі.

4. Авариялық-құтқару қызметтері немесе шұғыл медициналық көмек қызметтері жасағының (бөлімшесінің, экипажының) бастығы есеп пен реквизициялау туралы актіні қоса бере отырып, жүргізілген реквизициялау туралы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органды дереу хабардар етуге міндettі.

**Ескерту. 43-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **44-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизицияланған мұлікті қайтару**

1. Реквизицияланған мұліктің меншік иесі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында төтенше жағдай режимінің күші жойылған немесе табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай тоқтатылған кезде сақталған мұлікті осы бапта көзделген қағидалар бойынша қайтаруды сот тәртібімен талап етуге құқылы.

2. Мүлкін алып қойғаны үшін өтем алмаған реквизицияланған мұліктің меншік иесі өзінің таңдауы бойынша мұлікті қайтаруды және залалдарды өтеуді не өтемді толық көлемде беруді талап етуге құқылы. Ішінара өтем алған меншік иесінің де осындай құқығы бар. Ішінара өтем алған меншік иесіне мұлікті қайтару кезінде залалдарды өтеу төленген сома ескеріле отырып жүргізіледі.

3. Толық көлемде өтем алған реквизицияланған мұліктің меншік иесі мұліктің қайтарылған күнгі бағасы бойынша сақталған мұлікті басымдықпен, бірақ алынған өтем сомасынан аспайтындаі сомамен сатып алуға құқылы.

4. Реквизицияланған мұліктің меншік иесіне мұліктің жекелеген түрлерін қайтарудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Жер кодексінде, "Тұрғын

"үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленеді.

**45-бап. Реквизицияланған мұлік үшін ақшалай өтем төлеу**

1. Реквизицияланатын мұлік үшін ақшалай өтем Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджет қаражатынан төленеді.

2. Өтем реквизиция туралы шешімде көрсетілген мерзімде, бірақ реквизициялау туралы актіге қол қойылған кезден бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірілмей төленуге тиіс.

3. Өтемді төлеудің мерзімі өткен кезде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкасы негізге алынып есептелетін мөлшерде нақты төленетін күнге тұрақсыздық айыбы борыштың сомасына есептеледі.

**46-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизицияланатын мұлікті есепке алу**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде реквизициялауды жүзеге асырған мемлекеттік орган реквизицияланған мұліктің есебін жүргізуге міндетті, онда алып қойылған мұліктің тізбесі және реквизицияланған мұлік пайдалану үшін берілген авариялық-құтқару қызметінің жасақтары (бөлімшелері) немесе өзге де ұйымдар туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ету мұқтажы үшін, сондай-ақ құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде берілген реквизицияланған мұлікті есепке алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындауды және оны азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ұйымдастырады.

**Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**47-бап. Реквизициялау кезіндегі меншік иесі құқықтарының кепілдігі**

1. Реквизициялауды жүргізу кезінде туындаған даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

2. Реквизицияланған мұліктің меншік иесі реквизициялау туралы шешімге, сондай-ақ реквизицияланған мұлікті бағалау және өтем мөлшеріне, оның ішінде өтелетін залалдардың мөлшеріне де сот тәртібімен дау айтуды мүмкін.

3. Реквизицияланған мұліктің меншік иесінің мұліктің құнын және реквизициялаудан туындаған залалдарды өтеу туралы талабына талап қоюдың өту мерзімі қолданылмайды.

**2-параграф. Соғыс жағдайындағы іс-қимыл кезеңінде және соғыс уақытында қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялаудың ерекшеліктері**

**48-бап. Соғыс жағдайындағы іс-қимыл кезеңінде қорғаныс мұқтаждары үшін реквизициялаудың негіздері мен тәртібі**

1. Соғыс жағдайы енгізілген және жұмылдыру жарияланған (толық немесе ішінара) кезде қорғаныс мұқтаждары үшін реквизициялау Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарында және тауарларды өндірудің, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетудің тиісті кезенге арналған жоспарында көзделмеген мүлікке қажеттілік жақадан туындаған жағдайда жүргізіледі.

2. Соғыс жағдайындағы іс-қимыл кезеңінде қорғаныс мұқтаждары үшін реквизициялау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының нұсқамалары бойынша жүзеге асырылады.

3. Қорғаныс мұқтаждары үшін реквизициялау облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының шешімдері негізінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының нұсқамасы бойынша жүзеге асырылады.

4. Әскери басқару органдары мен әскери бөлімдердің қорғаныс мұқтаждары үшін реквизициялау жөніндегі қызметіне жалпы басшылық жасауды және оны үйлестіруді "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысының бүйіректери негізінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы жүзеге асырады.

**Ескерту. 48-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

**49-бап. Қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялауға жататын мұлік**

1. Соғыс жағдайы енгізілген және жұмылдыру жарияланған (толық немесе ішінара) кезде қорғаныс мұқтажы үшін қажетті көлік құралдары және өзге де мұліктер реквизициялауға жатады.

2. Соғыс жағдайы енгізілген және жұмылдыру жарияланған (толық немесе ішінара) кезде соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету шаралары ретінде реквизициялау қажет болған кезде реквизициялауға жататын мүліктің тізбесін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы айқындайды.

3. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес қорғаныс мұқтажы үшін мүлкін реквизициялауға болмайтын ұйымдардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. Жеке тұлғалардың реквизициялауға жатпайтын мүлкінің тізбесі мен нормативтерін, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін, Қазақстан Республикасының халқын соғыс уақытында жабдықтау нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы реесми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңымен.**

#### **50-бап. Соғыс уақытында қорғаныс мұқтаждары үшін реквизициялаудың ерекшеліктері**

1. Соғыс уақытында соғыс іс-қимылдары жүріп жатқан және жергілікті атқарушы органдар жұмыс істемейтін аумақта қорғаныс мұқтаждары үшін қажетті реквизициялауды, бұл туралы кейіннен Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарлай отырып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы дербес жүргізеді. Реквизициялауды жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы реквизициялауды жүргізетін жергілікті әскери басқару органдарына немесе әскери бөлімдердің командирлеріне (мекеме басшыларына) нұсқама береді.

2. Мүлікті алып қою реквизициялау туралы акт бойынша жүзеге асырылады, онда:

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы нұсқамасының деректемелері көрсетілген реквизициялау жүргізудің негіздері;

2) алып қоюды жүргізу уақыты мен орны;

3) реквизициялауды жүргізетін лауазымды адамның лауазымы, атағы және аты, сондай-ақ реквизициялауға уәкілетті адамдарды тағайындау туралы бүйректың деректемелері көрсетілген, реквизицияланатын мүліктің иесі туралы, алып қою кезінде қатысатын өзге де тұлғалар туралы мәліметтер;

4) салмағы, мөлшері, сапасы мен буып-тұю түрі, құқық белгілейтін құжаттар, мемлекеттік тіркеу туралы және өзге де жеке айқындалған сипаттамалар туралы мәліметтер көрсетілген реквизицияланатын мүліктің тізімдемесі;

5) мүлікті бағалау және өтем мөлшері туралы мәліметтер;

6) реквизициялау және реквизицияланатын мүлік туралы өзге де қажетті мәліметтер қамтылуға тиіс.

3. Жүргізілген реквизициялау туралы есеп жасалады, ол қоса берілген реквизициялау туралы актілермен бірге Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабына жіберіледі.

**Ескерту. 50-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.**

#### **51-бап. Соғыс іс-қимылдарын жүргізу кезінде қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялаудың ерекшеліктері**

1. Соғыс іс-қимылдары жүріп жатқан аймакта жекелеген әскери бөлімдердің мұқтажы үшін реквизициялауды ерекше жағдайларда әскери бөлімнің командирі дербес жүргізеді.

2. Мүлікті алып қою реквизициялау туралы акт бойынша жүргізіледі, ол:

- 1) реквизициялау үшін негіз болған ерекше мән-жайлар туралы нұсқауды;
- 2) алып қоюды жүргізудің уақыты мен орнын;

3) реквизициялауды жүргізетін әскери бөлім командирінің лауазымы, атағы және аты, сондай-ақ реквизициялауды тағайындалған тұлға жүргізетін болса, реквизициялауга уәкілетті тұлғаларды тағайындау туралы жазбаша бұйрықтың деректемелері көрсетілген, реквизицияланатын мүліктің меншік иесі туралы, алып қою кезінде қатысатын өзге де тұлғалар туралы мәліметтерді;

4) салмағы, мөлшері, сапасы мен буып-тұю түрі, құқық белгілейтін құжаттар, мемлекеттік тіркеу туралы және өзге де жеке айқындалған сипаттамалар туралы мәліметтер көрсетілген реквизицияланатын мүліктің тізімдемесін;

5) реквизициялау және реквизицияланатын мүлік туралы өзге де қажетті мәліметтерді қамтуға тиіс.

3. Бір данасы реквизицияланған мүліктің меншік иесіне немесе оның уәкілетті өкіліне беріледі.

4. Әскери бөлімнің командирі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабына реквизициялау туралы есеп пен актілерді қоса бере отырып, жүргізілген реквизициялау туралы дереу хабарлауға міндетті.

**Ескерту. 51-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.**

## **52-бап. Қорғаныс мұқтажы үшін реквизицияланған мұліктің өтемін төлеу**

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің Бас штабы реквизицияланған мұліктің меншік иелеріне кейіннен өтем жасау үшін мұліктің алып қойылғаны туралы есептерді және реквизициялау туралы актілерді қоса бере отырып, қорғаныс мұқтаждары үшін жүргізілген реквизициялау туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне деру хабарлауға міндettі.

2. Қорғаныс мұқтажы үшін реквизицияланған мұлікке өтем Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджет қаражатынан төленеді.

3. Жеке және заңды тұлғалардың қорғаныс мұқтажы үшін реквизицияланған, сондай-ақ берілген мүлкінің құнын мемлекеттің өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

**Ескерту. 52-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **53-бап. Қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялауға жататын және қорғаныс мұқтажы үшін реквизицияланған мұлікті есепке алу**

1. Бейбіт уақытта Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің соғыс уақытына арналған қажеттілігіне сәйкес жергілікті атқарушы органдар қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялануы мүмкін көлік құралдары мен өзге де мұлікті есепке алушы жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мұлікті есепке алу мұліктің жекелеген тұрлерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ведомствоның және жалпы мемлекеттік статистикалық байқауды жүргізетін мемлекеттік органдардың мәліметтері негізінде жүзеге асырылады.

3. Мұліктің жекелеген тұрлерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ведомствоның және жалпы мемлекеттік статистикалық байқауды жүргізетін мемлекеттік органдардың қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялауға жататын мұлікке қатысты ақпаратты жергілікті атқарушы органдарға беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. Қорғаныс мұқтажы үшін реквизициялауға жататын мұлікті есепке алу осы мұлікті бейбіт уақытта еркін иелену, пайдалану және (немесе) оған билік ету құқығын шектеуге тиіс емес.

5. Реквизицияланған мұлікті бастапқы есепке алушы реквизициялауды жүргізген жергілікті әскери басқару органдары немесе әскери бөлімдердің командирлері (мекемелердің бастықтары) жүргізеді, олар алып қойылған мұліктің

тізбесін және реквизицияланған мүлік пайдалану үшін берілген әскери бөлімдер немесе өзге де ұйымдар туралы мәліметтерді анықтауға тиіс.

6. Қорғаныс мұқтаждары үшін берілген реквизицияланған мүлікті есепке алу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді және оны Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің Бас штабы ұйымдастырады.

**Ескерту. 53-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.02.16 № 562-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **5-тарау. МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ АЛУ**

##### **54-бап. Мемлекет меншігіне алуды жүзеге асыру принциптері**

1. Мемлекет меншігіне алу тиісті заң тәртібін сақтай отырып Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қоғамдық мұдделер үшін жүзеге асырылуы және мемлекет меншігіне алынатын мүлік пен басқа да залалдардың нарықтық құнын Қазақстан Республикасы алдын ала және тең құнымен өтеген жағдайда кемсітусіз жүргізуі мүмкін.

2. Мемлекет меншігіне алу жеке тұлғалардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігіндегі мүлікті иеліктен шығарудың ерекше жағдайы (ерекше нысаны) болып табылады және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мүлікті иеліктен шығарудың барлық өзге де мүмкін болатын нысандары толық біткеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

3. Мемлекет меншігіне алу мемлекет меншігіне алу рәсімдерінің жариялышы сақталған жағдайда жүзеге асырылуға тиіс.

##### **55-бап. Мемлекет меншігіне алудың негіздері**

Мемлекет меншігіне алу Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалардың жеке меншігіндегі мүлікті мемлекеттік меншікке өндіріп алу туралы заңының (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының мемлекет меншігіне алу туралы заңы) негізінде жүзеге асырылады.

##### **56-бап. Мемлекет меншігіне алынатын мүліктің құнын өтеу мөлшері**

1. Мемлекет меншігіне алған кезде мемлекет меншігіне алынатын мүліктің құны Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабының 4-тармағына және 266-бабына сәйкес өтелуге жатады.

2. Мемлекет меншігіне алынатын мүліктің меншік иесіне төленетін өтемнің мөлшері мүліктің нарықтық құнын негізге ала отырып айқындалады.

3. Өтем мөлшері бағалау жүргізген күнге айқындалады.

**Ескерту. 56-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **57-бап. Өтем төлеу тәртібі**

1. Мұліктің құнын және басқа залалдарды өтеу мемлекет меншігіне алынатын мүлікке меншік құқығы Қазақстан Республикасына өткен кезге дейін толық көлемде жүргізіледі.

2. Өтемді төлеу ақшалай нысанда Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен, ал Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда шетел валютасымен төленеді.

3. Өтемді төлеу бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

4. Өтемді өзге мүлікпен төлеуге мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган арқылы Қазақстан Республикасы мен мүліктің меншік иесінің арасындағы келісім бойынша жол беріледі. Көрсетілген келісім жазбаша нысанда жасалуға тиіс.

5. Өтем төлеу бір мезгілде жүргізіледі, өтемді бөліп-бөліп төлеуді көздейтін мемлекет меншігіне алуды жүзеге асыруға жол берілмейді.

6. Мемлекет меншігіне алынған мүлікті іс жүзінде беру мемлекет меншігіне алынатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе мемлекет меншігіне алған кезде шектелетін меншік иесі мен өзге де тұлғалар тең құнымен өтем алғаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

#### **58-бап. Қазақстан Республикасының мемлекет меншігіне алынатын мүлік құқықтарына ие болуы**

Қазақстан Республикасының мемлекет меншігіне алынатын мүлік құқықтарына ие болуы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының Жер кодексінде, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **59-бап. Мемлекет меншігіне алу кезіндегі мемлекеттік органдардың функциялары**

1. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мемлекет меншігіне алынған мүлікті іс жүзінде қабылдауға байланысты барлық қажетті іс-қимылдарды жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мемлекет меншігіне алынған мүлік туралы мәліметтерді мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының атынан мемлекет меншігіне алынған мүліктің меншік иесі құқықтарын жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекет меншігіне алынған мүлікті республикалық заңды тұлғаларға бекітіп береді не осы Заңының 114-бабының қағидалары бойынша мемлекет жүз пайызben қатысатын арнайы құрылған акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің немесе ұлттық басқарушы холдингтің немесе ұлттық холдингтің немесе ұлттық

компанияның акцияларын немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерін төлеуге береді.

5. Мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган мемлекет меншігіне алынған мұлікті басқаруды ол осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен берілген кезге дейін жүзеге асырады.

6. Респубикалық заңды тұлғаларға бекітіліп берілген, мемлекет меншігіне алынған мұліктің тиімді пайдаланылуына бақылау жасауды мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган мемлекет меншігіне алынған мұлікті берген кезден бастап жүзеге асырады.

**60-бап. Мемлекет меншігіне алынатын мұліктің меншік иесінің құқығын қорғау**

Мемлекет меншігіне алынатын мұліктің меншік иесінің және мемлекет меншігіне алынатын мұлікке байланысты құқықтары тоқтатылатын немесе мемлекет меншігіне алған кезде шектелетін өзге де тұлғалардың құқықтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот тәртібімен жүзеге асырылады.

**6-тaraу. ЖЕР УЧАСКЕСІН МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖЫ ҮШІН ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕР УЧАСКЕСІН НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҰЛІКТІ МӘЖБҮРЛЕП ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ**

Ескерту. 6-тараудың бүкіл мәтіні бойынша "алып қоюға", "Алып қойылатын", "алып қоюдан", "алып қойылатын", "алып қою", "алып қойылғаннан", "алып қойған" деген сөздер тиісінше "иеліктен шығаруға", "Иеліктен шығарылатын", "иеліктен шығарудан", "иеліктен шығарылатын", "иеліктен шығару", "иеліктен шығарылғаннан", "иеліктен шығарған" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі).

**61-бап. Жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мұлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға мен жалпы шарттары**

1. Жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мұлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару тек қана жер участкесіне қатысты жүзеге асырылады.

Егер жер участкесіне жеке меншік құқығын құқықтық кадастрдағы мәліметтердің және (немесе) құқық белгілейтін құжаттардың негізінде растау мүмкін болмаса, онда мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару осы участкеде орналасқан ғимараттарға, құрылыштарға және жылжымайтын өзге де объектілерге (тұрғын жайларға, тұрғын үйлерге (тұрғын үй ғимараттарына), тұрғын үй-жайларға (пәтерлерге), тұрғын емес үй-жайларға) қатысты жүзеге асырылады.

2. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімдерінің жариялылығы сақталған кезде жүргізуі мүмкін. Иеліктен шығарылатын мүліктің меншік иесі тараپынан талаптар болған кезде жариялылықтың болмауы мүлікті мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарудан бас тартуға негіз болып табылады.

3. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін немесе өзге жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы хабарлама алған сэттен бастап, мемлекеттің оны сатып алуға басым құқығы болады.

4. Мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын мүліктің меншік иесінің құқықтарын қорғау сот тәртібімен жүзеге асырылады.

5. Мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушысы Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулыны қабылдағаннан кейін осы Заңның 69-бабына сәйкес келісім рәсімдеріне бастамашылық жасауға құқылы.

6. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы қағидалар осы Заңның 67-бабында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, жер учаскесі жеке тұлғаның немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаның жер пайдалануында болған жағдайларда да қолданылады.

**Ескерту. 61-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Занымен  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі).**

**62-бап. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүзеге асыру принциптері**

1. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару жеке тұлғалардың және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігіндегі мүлікті иеліктен шығарудың ерекше жағдайы болып табылады және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мүлікті иеліктен шығарудың барлық өзге де ықтимал жағдайларын пайдалану мүмкін болмаган кездеғана жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Мемлекет мұқтажын қанағаттандырудың өзге (балама) тәсілі болған кезде жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер

учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға жол берілмейді.

3. Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың коммерциялық мақсаттарын және мемлекеттік емес мұдделерді қанағаттандыру мақсаттарын көздейтін мүлікті кез келген иеліктен шығару не мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру мақсатынан туындаштын және қоғамдық маңызды мақсаттарды көздемейтін мүлікті өзге де иеліктен шығару мүлікті мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару болып танылмайды. Бұл жағдайларда мүлікті иеліктен шығаруға мүліктің меншік иесі мен коммерциялық мақсаттарды көздейтін тұлға арасындағы келісім бойынша олардың арасында жасалған мүлікті сатып алу-сату шарты негізінде жол беріледі.

4. Жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға мемлекет мұқтажын қанағаттандыру үшін қаншалықты қажет болса, сондай көлемде ғана жол беріледі.

5. Осы баптың ережелерін орындауда жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудан соттың бас тартуы және осы Заңың 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулының күшін жою үшін негіз болып табылады.

**62-1-бап. Жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде тең бағамен өтеу шарттары**

1. Осы бапқа қатысты тең бағамен өтеу деп алып қойылған кезге дейінгі жер участкесін және онда орналасқан жылжымайтын мүлікті пайдаланудың қолда бар шарттарын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін, мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер участкесінің және онда орналасқан жылжымайтын мүліктің (болған кездे) құнын өтеу мөлшерін белгілеу түсініледі.

2. Мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер участкесі үшін меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға тең бағамен өтеу жүргізіледі.

3. Тең бағамен өтеу мынадай тәсілдердің бірімен жүргізіледі:

1) осы Заңда белгіленген тәртіппен және шарттарда өзге жер участкесін немесе жылжымайтын мүлікті беру;

2) осы Заңда белгіленген тәртіппен және шарттарда жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты иеліктен шығарылатын жер участкесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын өтеу.

**Ескерту. 6-тaraу 62-1-баппен толықтырылды - ҚР 21.01.2019 № 217-VI  
Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен**

соң қолданысқа енгізіледі).

## **62-2-бап. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты тең бағадағы жер учаскесін немесе жылжымайтын мүлікті беру шарттары**

1. Меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдалануышыға тең бағадағы жер учаскесін беру келтірілген залалдар (болған кезде) өтеліп, иеліктен шығарылатын жер учаскесінің орналасқан жері, оның нысаналы мақсаты, алаңы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Бұл ретте тең бағадағы жер учаскесі жер учаскесін иеліктен шығару жүзеге асырылатын елді мекен шегінде берілуге тиіс. Елді мекен шегіндегі мұндай жер учаскесінің орналасқан жері осы Заңның 64-бабына сәйкес жіберілетін жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасында айқындалады.

2. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты тұрғын үйді бұзған кезде өзге жылжымайтын мүлікті беру "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдалануышыға тең бағадағы жер учаскесін беру Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-бабында (1-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларының талаптарын қоспағанда) белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Бұл ретте меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдалануышыға тең бағадағы жер учаскесі берілген кезде жерге орналастыру жұмыстарына арналған шығыстар бюджет қаражатынан қаржыландырылады.

4. Орнына берілетін мемлекет меншігіндегі жер учаскесінің бағасын бағалаушы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты иеліктен шығарылатын жер учаскесіне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке бағалау жүргізгеннен кейін оның нарықтық құны бойынша айқындаиды.

5. Егер иеліктен шығарылатын жер учаскесінің құны орнына берілетін жер учаскесінің құнынан жоғары болса, онда олардың құнының айырмасы меншік иесіне өтеледі.

**Ескерту. 6-тaraу 62-2-баппен толықтырылды - ҚР 21.01.2019 № 217-VI  
Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**63-бап. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы және тоқтатылуы**

1. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабында көзделген айрықша жағдайларда және тәртіппен жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның қаулысы қабылданады.

2. Жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы қаулыда:

1) мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың мақсаты мен негіздері;

2) жер участкесінің орналасқан жері, алаңы, кадастрық номірі;

3) мүліктің меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы;

4) мәжбүрлеп иеліктен шығару күні көрсетіледі, бірақ ол бұл қаулының ресми жариялану күнінен үш айдан ерте болмауға тиіс;

5) келісім рәсімдерін жүзеге асыру асыру үшін меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының жүгінетін орны көрсетіледі.

Егер көрсетілген қаулыға осы тармақтың 2) және 4) тармақшалары бөлігінде өзгерістер енгізілген жағдайда, мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі бұл қаулыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы жарияланған күннен бастап қайтадан жүзеге асырылады.

Көрсетілген қаулы, қажет болған жағдайда, жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты өзге де мәліметтерді қамтуы мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген қаулыны қабылдау, жоғары тұрған атқарушы органның құзыретіне кірген жағдайда, осы қаулыны қабылдау үшін, сондай-ақ сотқа талап-арыз келтіру үшін материалдар дайындауды және сотта оның мүдделерін білдіруді жер участкесі орналасқан жер бойынша төмен тұрған атқарушы орган жүзеге асырады.

4. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген қаулыны қабылдаған атқарушы орган мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың тоқтатылғаны туралы қаулы қабылдау арқылы мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімін тоқтатуға құқылы.

5. Осы баптың 2 және 4-тармақтарында көрсетілген қаулылар олар қабылданған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде, атқарушы органдардың

интернет-ресурстарын қоса алғанда, тиісінше республикалық немесе жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

6. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген қаулыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

7. Егер жер участкесіне жеке меншік құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген болса, меншік иесі осы баптың 2-тармағында көрсетілген қаулы қабылданғаннан кейін оған қатысты қаулы қабылданған жер участкесіне жеке меншік құқығын раставу бойынша қажетті іс-шараларды жүзеге асыра алады.

Бұл ретте, осы баптың 2-тармағында көрсетілген қаулыда белгіленген мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі бір жылдан аспайтын уақытқа ұзартылады.

**Ескерту. 63-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**64-бап. Жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін алыш қоюға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабардар ету тәртібі**

1. Атқарушы орган немесе жоғары тұрған органның тапсырмасы бойынша тәмен тұрған атқарушы орган осы Заңың 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулы жарияланғаннан кейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдалануышыға жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін алыш қоюға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарламаны (бұдан әрі – жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама) пошта жөнелтілімінің табыс етілгені туралы хабарламаны міндетті түрде алғындағы етіп, пошта арқылы жібереді. Табыс етілгені туралы хабарлама болмаған жағдайда, осы тармақта көрсетілген құжаттар қайта жіберіледі.

2. Жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарламада мыналар көрсетіледі:

- 1) осы Заңың 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулының қабылданғаны туралы (қаулының көшірмесін қоса берсе отырып) ақпарат;
- 2) меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдалануыш туралы мәліметтер;
- 3) иеліктен шығарылатын жер участкесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің орналасқан жері, алаңы, кадастрық номірі;
- 4) нарықтық құны бойынша өтеу мөлшерін айқындау тәртібі туралы ақпарат;
- 5) тең бағамен өтеу тәсілдерінің бірін таңдау мүмкіндігі туралы ақпарат;

6) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шартқа қол қою тәртібі туралы ақпарат, сондай-ақ шарт жасасудан бас тартылған кезде мәжбүрлеп иеліктен шығару мәселесін сот тәртібімен шешу туралы түсіндірме;

7) иеліктен шығарылатын жер учаскесіне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке арналған құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының көшірмелерін оларға бағалау жүргізуі үйімдастыру үшін беру мерзімдері.

Қажет болған кезде көрсетілген хабарламада жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты өзге де мәліметтер қамтылуы мүмкін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдалануши осы Заңың 69-бабының 1-тармағына сәйкес келісім рәсімдеріне бастамашылық жасай алады.

4. Меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға осы баптың 2-тармағында көрсетілген хабарламамен танысу үшін, сондай-ақ жер учаскесіне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке арналған құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының көшірмелерін беру үшін хабарлама алынған күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн беріледі.

5. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама заңдық талап ретінде "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатады.

**Ескерту. 64-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**65-бап. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару**

1. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару осы Заңың 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулыда белгіленген мерзімдер өткеннен кейін меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушиның келісімімен, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, не сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Концессиялық жобаларды іске асыру мақсатында жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жергілікті атқарушы органдар концессия шартында көзделген шарттарда және мерзімдерде, бірақ концессия объектісін немесе концессия объектісінің аяқталмаған құрылышын

мемлекеттік меншікке беруден кешіктірмей, концедент сатып алған жер участекелерін оларға беру шартымен концессионердің қаражаты есебінен жүзеге асыруы мүмкін.

3. Жер участекесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт немесе сottың шешімі жер участекесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер участекесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға негіз болып табылады.

Осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген, сotta дау айтылмаған немесе осы Заңның 63-бабының 4-тармағына сәйкес құші жойылмаған қаулы, сондай-ақ осы баптың 7, 8, 9 және 11-тармақтарында белгіленген тәртіпті бұзу жер участекесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер участекесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүргізуге негіз бола алмайды.

4. Жер участекесіне және өзге де жылжымайтын мүлікке жеке меншік құқығын және жер пайдалану құқығын тоқтату, сондай-ақ мемлекеттің құқығы жер участекесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт немесе сottың шешімі және осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулыны қабылдаған органның өтініші негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда мемлекеттік тіркелуге жатады.

5. Жергілікті атқарушы орган иеліктен шығарылатын жер участекесіне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке арналған құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының көшірмелерін алған күннен бастап бір ай ішінде оларға бағалау жүргізуді қамтамасыз етеді.

Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы иеліктен шығарылатын жер участекесіне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке арналған құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының көшірмелерін бермеген жағдайда, жергілікті атқарушы орган оларды уәкілетті мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардан сұратуға құқылы.

6. Жергілікті атқарушы орган мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын мүліктің құнын бағалау нәтижелері бойынша он жұмыс күні ішінде жер участекесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасын дайындайды және оны меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға пошта жөнелтілімінің табыс етілгені туралы хабарламаны міндетті түрде алатындей етіп, пошта арқылы жібереді. Табыс етілгені туралы хабарлама болмаған жағдайда, осы тармақта көрсетілген құжаттар қайта жіберіледі.

7. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шартта мыналар көрсетіледі:

1) шарт тараптары, оның ішінде иеліктен шығарылатын мұлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін тұлғалардың тізбесі;

2) иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мұліктің сәйкестендіру сипаттамалары және олардың құрамы, оның ішінде құрылышы аяқталмаған құрылышжайлар;

3) жер учаскесіне немесе өзге де жылжымайтын мұлікке тоқтатылатын құқықтар;

4) иеліктен шығарылатын жер учаскесінің Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 87-бабында және осы Заның 67-бабында белгіленген тәртіппен айқындалатын бағасы;

5) мәжбүрлеп иеліктен шығаруға байланысты залалдар келтірілген жағдайда өтелуге жататын залалдардың, оның ішінде жылжымайтын мұлік құнының мөлшері;

6) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мұліктің бағасын (құнын) төлеу мерзімі және тәртібі;

7) иеліктен шығарылатын жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мұлікті беру мерзімі;

8) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе жылжымайтын мұлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруға арналған мемлекет шығыстарын қаржыландыру тәртібі.

8. Иеліктен шығарылатынның орнына тең бағадағы жер учаскесі берілген жағдайда, жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шартта осы баптың 7-тармағында қамтылған талаптардан басқа мыналар көрсетіледі:

1) меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға иеліктен шығарылатынның орнына берілетін жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мұліктің сәйкестендіру сипаттамалары;

2) иеліктен шығарылатынның орнына берілетін жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мұліктің нарықтық құны;

3) иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мұліктің бағасы иеліктен шығарылатынның орнына берілетін жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мұліктің бағасынан (құнынан) жоғары болған жағдайда, құнының айырмасы және осы айырманы төлеу тәртібі;

4) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт негізінде туындайтын, иеліктен шығарылатынның орнына берілетін жер учаскесіне немесе өзге де жылжымайтын мүлікке құқықтар.

9. Жер пайдаланудағы жер учаскесі мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жағдайда, жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шартта, осы баптың 7-тармағының 4) және 6) тармақшаларын қоспағанда, осы баптың 7 және 8-тармақтарында жазылған мәліметтер көрсетіледі.

10. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасын алған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде жергілікті атқарушы органға тиісті өтініш беру арқылы шарт жобасымен келісептінін (келіспейтінін) жазбаша түрде білдіреді.

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасына ұсыныстар болған жағдайда, меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы осы Заңның 69-бабының 1-1 және 2-тармақтарына сәйкес келісім рәсімдеріне бастамашылық жасауы мүмкін.

11. Жергілікті атқарушы орган тиісті жергілікті өкілді органға жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасын меншік иесінен немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыдан шарт жобасымен келісептіні туралы жазбаша өтініш алған кезден бастап бір ай ішінде ұсынады.

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасын жергілікті өкілді органның тұрақты комиссиясы ол енгізілген кезден бастап екі апта мерзімнен кешіктірмей, меншік иесін және иеліктен шығарылатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін тұлғаларды міндettі түрде шақыра отырып қарайды.

Мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын мүліктің меншік иесімен немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушымен және мәжбүрлеп иеліктен шығарған кезде иеліктен шығарылатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін басқа да тұлғалармен келісімге қол жеткізілген кезде жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шартты атқарушы орган жергілікті өкілді органмен келісу бойынша бекітеді және оған меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы қол қояды.

12. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулымен келіспеген кезде және (немесе) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жасасудан бас тартқан кезде жергілікті атқарушы орган меншік иесі немесе мемлекеттік емес

жер пайдалануши жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарламаны алған кезден бастап үш ай өткеннен кейін, бірақ осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулыда айқындалған мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүзеге асыру мерзімінен (күнінен) кешіктірмей сотқа жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап қоюлар бойынша азаматтық істер істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап бір ай мерзімде қаралады және шешіледі.

Жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап қоюлар бойынша азаматтық істер істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап бір ай мерзімде қаралады және шешіледі.

13. Жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы талап қоюдан бас тартылған жағдайда, талап қоюды беру және осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулыны қабылдау салдарынан меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдалануышыға келтірілген залалдар бюджет қаражатынан өтелуге жатады.

14. Жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті нақты беру мәжбүрлеп иеліктен шығарған кезде иеліктен шығарылатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдалануши осы Заңда белгіленген тәртіппен жүргізілген тең бағамен өтеуді алғаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Осы мүлікке меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдалануши құқықтарының тоқтатылуын және мемлекет құқықтарының туындауын мемлекеттік тіркеу жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органға өтемнің төленгенін раставтын құжат ұсынылған жағдайда жүзеге асырылады.

**Ескерту. 65-бап жаңа редакцияда - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі).**

**66-бап. Жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару кезіндегі меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдалануышының құқығы**

1. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдалануши жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарламаны алған

кезден бастап жер учаскесін иеліктен шығару туралы шарт жасасқанға дейін немесе жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мұлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы сот шешім қабылданғанға дейін жер учаскесіне немесе өзге де жылжымайтын мұлікке қатысты өзіне тиесілі құқықты жүзеге асыра алады және осы мұлікті оның нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануды қамтамасыз ететін қажетті шығындар шығара алады. Бұл ретте меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы аталған кезеңде жаңа құрылышқа, үйлерді (құрылыштарды, ғимараттарды) және өзге жылжымайтын мұлік объектілерін кеңейтуге немесе реконструкциялауға байланысты шығындар мен залалдарды өздері көтеруге тәуекел етеді.

Егер меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жер учаскесінің бір бөлігі мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылғаннан кейін қалған бөлігін бұрынғы нысаналы мақсаты бойынша пайдалана алмаса, онда бұқіл жер учаскесі иеліктен шығарылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген уақыт ішінде жылжымайтын мұлікке құқықтар иеліктен шығару жолымен немесе өзге де негіздер бойынша басқа тұлғаға өткен кезде, сондай-ақ әмбебап құқықтық мирасқорлыққа байланысты құқық иelenуші ауысқан кезде жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мұлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару рәсімі жаңа құқық иelenушіге қатысты қолданылады (жалғасады).

**Ескерту. 66-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**67-бап. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесінің және өзге де жылжымайтын мұліктің құнын өтөу мөлшері**

1. Меншік иесі мемлекеттен сатып алған, мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің құны (залалдарды есепке алмағанда) нарықтық құн мөлшерінде айқындалады.

Мемлекет бөліп төлеумен сатқан жер учаскесі үшін (залалдарды есепке алмағанда) сома толық төленбеген кезде және оны мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарған жағдайда алып қойған кезде иеліктен шығарылатын жер учаскесінің құны мемлекетке төленбеген сома шегеріле отырып, нарықтық құн мөлшерінде айқындалады.

2. Мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесінің, сондай-ақ жер учаскесінде орналасқан жылжымайтын мұліктің құны жер учаскесіне

құқықтардың туындау негіздеріне қарамастан, олардың нарықтық құны мөлшерінде айқындалады.

3. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын бағалаушы осы Заңының 208-бабы 1-тармағының ережелерін ескере отырып, бағалау жүргізу күніне айқындалады.

4. Мүлік құны және жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару салдарынан меншік иесіне немесе жер пайдалануышыға келтірілген және (немесе) меншік иесінің немесе жер пайдалануышының үшінші тұлғалар алдында міндеттемелерін орындаудын мерзімінен бұрын тоқтатуынан туындаған толық көлемдегі залалдар негізге алына отырып, өтеу мөлшері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі 9-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес айқындалады.

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскесіне қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін өзге тұлғаларға өтеу мөлшері оларда мұндай мәжбүрлеп иеліктен шығару салдарынан туындаітын залалдар негізге алына отырып айқындалады.

5. Өтеу мөлшері теңгемен айқындалады.

**6. Алып тасталды - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. 67-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**68-бап. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару кезінде өтемді төлеу нысандары мен төлеу мерзімдері**

1. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің құнын және өтелуге жататын залалдарды өтеу аталған мүлікке меншік құқығы Қазақстан Республикасына немесе әкімшілік-аумақтық бөлініске өткен кезге дейін толық көлемде жүргізіледі.

2. Өтемді төлеу бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

3. Өтемді ақшадан басқа өзге мүлікпен төлеуге Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс атынан жергілікті атқарушы орган мен мүліктің меншік иесі арасында жасалған келісім бойынша жол беріледі. Көрсетілген келісім жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт нысанында жазбаша жасалады.

4. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шартқа қол қойылған күннен бастап не соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей біржолғы өтем төлеу жүргізіледі.

5. Өтемді төлеу мерзімін ұзартуды көздейтін, жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды жүзеге асыруға жол берілмейді.

**Ескерту. 68-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Занымен  
(алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**69-бап. Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару қезіндегі келісімдері**

1. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарламаны алған кезден бастап құнтізбелік он бес күн ішінде жергілікті атқарушы органға тиісті өтініш беру арқылы келісім рәсімдеріне бастамашылық жасауға құқылы. Аталған өтініш берілген күні тіркеледі.

Жергілікті атқарушы орган құнтізбелік он күн ішінде меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарламаға өтінішін қарауға міндетті.

1-1. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасын алған кезден бастап құнтізбелік жиырма күн ішінде жергілікті атқарушы органға тиісті өтініш беру арқылы осы шарт жобасына ұсыныстар енгізе алады.

2. Жергілікті атқарушы орган меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасына иеліктен шығарылатын мүлік құрамы, иеліктен шығарылатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін тұлғалар және өтелуге жататын залалдар мөлшері, өтем мазмұны жөніндегі ұсыныстарын бір ай ішінде қарауға міндетті. Қажет болған жағдайда жергілікті атқарушы орган иеліктен шығарылатын мүлік құнына қосымша бағалау жүргізууді ұйымдастыруы мүмкін.

3. Жергілікті атқарушы орган мен меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы, сондай-ақ мәжбүрлеп иеліктен шығарған кезде иеліктен шығарылатын мүлікке қатысты құқықтары тоқтатылатын немесе шектелетін басқа да тұлғалар арасында келісімге қол жеткізілген кезде жер учаскесін

мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарт жобасы жергілікті өкілді органға келісуге жіберіледі.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген мұдделі тұлғалардың бірде-біреуімен мұлікті беру туралы келісімге қол жеткізілмеген кезде жер участесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығаруға байланысты жер участесін немесе өзге де жылжымайтын мұлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару сот тәртібімен жүзеге асырылады.

5. Мұлікке меншік құқығы Қазақстан Республикасына немесе әкімшілік-аумақтық бөлініске өткенге дейін өтем төлеу туралы талаптарды және осы Заңың 67 және 68-баптарында белгіленген өтем төлеудің өзге де шарттарын тараптардың келісімі бойынша жоюға болмайды.

**Ескерту. 69-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Занымен  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**3-БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТТІК МҰЛІКТІ ИЕЛЕНУ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ПАЙДАЛАНУ  
7-тaraу. МЕМЛЕКЕТТІК МҰЛІКТІ ИЕЛЕНУ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ  
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**70-бап. Мемлекеттік мұлікті иеленудің және (немесе)пайдаланудың тәртібі, шектері мен шарттары**

1. Жеке тұлғалар және мемлекеттік емес занды тұлғалар мұліктің пайдалы қасиеттерін табу, сондай-ақ одан табыс, өсім, жеміс, төл алу түрінде және өзге де нысандарда пайда алу үшін мемлекеттік мұлікті иеленуге және (немесе) пайдалануға құқылы.

2. Мемлекеттік мұлікті иелену және (немесе) пайдалану осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында белгіленген тәртіппен, шектерде және шарттарда жүзеге асырылады.

**71-бап. Мемлекеттік мұлікті иелену және (немесе)пайдалану негіздері**

1. Жеке тұлғалар және мемлекеттік емес занды тұлғалардың мемлекеттік мұлікті иелену және (немесе) пайдалану негіздері:

1) шарттар және өзге де азаматтық-құқықтық мәмілелер;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық салдарларды туындататын әкімшілік актілер;

3) азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілейтін сот шешімдері;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтық-құқықтық салдары болатын оқиғалар;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен әмбебап немесе өзге де құқықтық мирасқорлық болып табылады.

2. Мемлекеттік мұлікті иеленуге және (немесе) пайдалануға беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Мемлекеттік мұлікті иеленуге және (немесе) пайдалануға беру туралы шарттың жазбаша нысанын сақтамау оның маңызыздығына алып келеді.

3. Иеленуге және (немесе) пайдалануға берілген мемлекеттік мұлік осы Заңдың 15-тaraуының қағидаларына сәйкес мемлекеттік мұлік тізіліміне енгізіледі.

**Ескерту. 71-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.02.2017 № 49-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **72-бап. Мемлекеттік мұлікті пайдалануға беру туралы шарттар**

1. Мемлекеттік мұлік мынадай:

- 1) мемлекеттік мұлікті мұліктік жалдау (жалға алу);
- 2) мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару;
- 3) мемлекеттік мұлікті өтеусіз пайдалану (несие);
- 4) мердігерлік;

5) мемлекеттік мұлік болып табылатын табиғи ресурстарды пайдалануға беру туралы шарттарының негізінде пайдалануға берілуі мүмкін.

2. Мемлекеттік мұлікті пайдалануға беруге Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда және тәртіппен басқа азаматтық-құқықтық шарттардың негізінде жол беріледі.

3. Стратегиялық обьектілерді және жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мұлікті немесе мемлекетке ғана тиесілі болуы мүмкін мұлікті пайдалануға беруге мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты, мұлікті сенімгерлік басқару шарты және Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген өзге де шарттар бойынша жол беріледі.

4. Мемлекеттік мұлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға пайдалануға беру осы тарауда белгіленген ерекшеліктер мен шектеулер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының қағидаларына сәйкес шарттардың немесе әкімшілік актілердің негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 72-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 31.10.2015 № 380-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **73-бап. Мемлекеттік мұлікті пайдалануға беруге үекілетті субъектілер**

Мемлекеттік мұлікті пайдалануға беру жөніндегі өкілеттіктерге:

1) респубикалық мұлікке қатысты – мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

2) тармақшаның осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

2) коммуналдық мұлікке қатысты – жергілікті атқарушы орган немесе жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты ие болады.

**Ескерту. 73-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз).**

#### **8-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК МҰЛІКТІ ИЕЛЕНУДІҢ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН НЕГІЗДЕРІ**

##### **74-бап. Мемлекеттік мұлікті мұліктік жалдау (жалға алу)шарты**

1. Мемлекеттік мұлікті мұліктік жалдау (жалға алу) шартына осы бапта, осы Заңың 114-бабының 4-тармағында, 120, 145-баптарында белгіленген ерекшеліктерімен қоса, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің ережелері қолданылады.

2. Жылжымалы және жылжымайтын мұлік (заттар) мемлекеттік мұлікті мұліктік жалдау (жалға алу) объектісі болуы мүмкін.

3. Мемлекеттік орта білім беру үйымдарының дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыштарын қоспағанда, респубикалық мұлікті мұліктік жалдауға (жалға алуға) мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган (респубикалық мұлікті жалдауға беруші (жалға беруші) береді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

3-тармақтың екінші белгінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

Мемлекеттік орта білім беру үйымдарының дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыштарын қоспағанда, коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) жергілікті атқарушы орган немесе жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты (коммуналдық мүлікті жалдауға беруші (жалға беруші) береді. Егер осы Занда немесе Қазақстан Республикасының өзге де зандарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындастын тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік орта білім беру үйымдары дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыштарын мүліктік жалдауға (жалға) білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындастын тәртіппен береді.

4. Егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, жеке тұлғалар және мемлекеттік емес занды тұлғалар мемлекеттік мүліктік мүліктік жалдауға беруші (жалға беруші) бола алады.

Мемлекеттік мүлікті пайдалану құқығы мемлекет қатысатын занды тұлғалардың жарғылық капиталына салым ретінде берілуі мүмкін.

5. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу) шартының талаптары осы Занда айқындалған шектеулер ескеріле отырып, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін үлгілік шартпен айқындалады.

6. Алып тасталды - ҚР 02.07.2014 N 225-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу) шарты осы Заңының 105, 106, 120, 145-баптарында және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында тікелей көзделген жағдайларда жалдаушыға (жалға алушыға) жалдауға (жалға алуға) берілген мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару туралы талапты көздеуі мүмкін.

8. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу) шартын өзгерту және бұзу Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 401 - 404, 556-баптарының қағидалары бойынша жүзеге асырылады.

Мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша берілген мемлекеттік мүліктің нысаналы мақсатта пайдаланылмауы шартты елеулі түрде бұзу және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген қағидалар бойынша шартты бұзу үшін негіз болып табылады.

9. Жалдаушы (жалға алушы) жалдауға берушінің (жалға берушінің) келісімімен жүргізген мемлекеттік мүлікті ажыратуға болмайтын жақсартудың

құны Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес тиісті бюджет қаражаты есебінен өтеледі.

10. Мемлекеттік меншік болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштерін жеке және заңды тұлғаларға пайдалануға беруге арналған шартты жасасудың ерекшеліктері "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Халықаралық және республикалық маңызы бар, республикалық меншік болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беруге арналған шарт тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мен жеке немесе заңды тұлға арасында жасалады.

Халықаралық және республикалық маңызы бар, коммуналдық меншік болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беруге арналған шарт тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мен жеке немесе заңды тұлға арасында жасалады.

Жергілікті маңызы бар, республикалық меншік болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беруге арналған шарт тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мен жеке немесе заңды тұлға арасында жасалады.

Жергілікті маңызы бар, коммуналдық меншік болып табылатын тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беруге арналған шарт облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы мен жеке немесе заңды тұлға арасында жасалады.

Егер тарих және мәдениет ескерткішіне жойылу немесе бүліну қаупі төнсе, пайдалануында тарих және мәдениет ескерткіштері бар тұлғаны сот шешімі бойынша оларды пайдалану құқығынан айырған жағдайда, шарт бұзылды деп есептеледі.

Ескерту. 74-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 131-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2014 N 225-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 368-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 №

90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз);  
19.04.2019 № 250-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он  
күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **75-бап. Мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару шарты**

1. Мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару шартына осы Заңның 120, 145, 176-баптарында және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында белгіленген ерекшеліктерімен қоса Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің ережелері қолданылады.

2. Мемлекеттік кәсіпорындардың мұліктік кешендері, мемлекетке тиесілі бағалы қағаздар, жарғылық капиталға қатысу үлестері, жылжымайтын мұлік, ақша мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқару шартының объектісі болады.

Өзге мемлекеттік мұлік Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген жағдайларда сенімгерлік басқару шартының объектісі болады.

3. Респубикалық мұлікті сенімгерлік басқаруға мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган (респубикалық мұлікті сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы) береді.

#### **РҚАО-ның ескертпесі!**

З-тармақтың екінші болігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

Коммуналдық мұлікті сенімгерлік басқаруға коммуналдық мұлікті сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы – тиісінше жергілікті атқарушы орган немесе жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты береді.

Егер осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де зандарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқаруға беру мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындастырылу тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, жеке тұлғалар және мемлекеттік емес занды тұлғалар мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқарушы болады.

5. Мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс пайда алушы болып табылады.

6. Мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқару шартының талаптары осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалады. Мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқарудың үлгілік шартын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілдепті орган бекітеді.

7. Сенімгерлікпен басқарушы өзіне мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша берілген жылжымайтын мұлікті тек қана Қазақстан Республикасының заңдарында, мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару туралы шартта көзделген жағдайларда не мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару құрылтайшысының жазбаша келісімімен иеліктен шығаруға немесе кепілге беруге құқылы. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару туралы шартта өзгеше көзделмесе, сенімгерлікпен басқарушы жылжымайтын мұлікке билік етуге құқылы.

8. Сенімгерлік басқарушының мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқару кезінде өзі шығарған қажетті шығыстарды Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында және мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқару шартында белгіленген тәртіппен өтетуге құқығы бар.

Егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарында немесе мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқару туралы шартта көзделсе, сенімгерлік басқарушының сыйақы алуға құқығы бар.

9. Сенімгерлікпен басқарушы мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқарудың құрылтайшысы болып табылатын уәкілдепті мемлекеттік органға мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару шартында белгіленген мерзімде және тәртіппен өз қызметі туралы есеп береді.

10. Мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару шартында сенімгерлікпен басқарушының мемлекеттік мұлікке билік ету бойынша шектеулер белгіленеді.

Сенімгерлікпен басқарушының өзіне белгіленген шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілелері Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен жарамсыз деп танылады.

Сенімгерлікпен басқарушының мемлекеттік мұлікті өзіне берілген өкілеттіктерді асыра пайдалану арқылы немесе өзіне белгіленген шектеулерді бұза отырып жасаған мәмілелерінен туындастын міндеттемелер бойынша құқықтар мен міндеттер сенімгерлікпен басқарушыда туындаиды.

11. Сенімгерлікпен басқарушы мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқаруды жеке өзі жүзеге асырады.

Сенімгерлікпен басқарушы өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік мұлікті басқару үшін қажетті іс-әрекет жасауды, егер оған мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару шартында осыған уәкілеттік берілген болса не құрылтайшының мұдделерін қамтамасыз ету үшін мән-жайларға байланысты осыған мәжбүр болса және бұл ретте оның нұсқауларын сұратып алуға мүмкіндігі болмаса, басқа тұлғаға тапсыра алады. Бұл ретте сенімгерлікпен басқарушы өзі таңдал алған сенім білдірілген адамның іс-әрекеті үшін де өзінің іс-әрекетіндегі жауап береді.

Сенімгерлікпен басқарушы басқаға сенім білдіру туралы құрылтайшыға дереу хабарлауға міндетті. Мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқарушының құрылтайшысы бұл жағдайда сенімгерлікпен басқарушыға бұрын шығарылған шығыстарды өтеп, ал мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару шартында көзделген жағдайларда – залалдарды өтеп, мұлікті сенімгерлікпен басқаруды тоқтату туралы мәлімдеуге құқылы.

Мұлік салығы, жер салығы және көлік құралдары салығы бойынша салықтық міндеттемелер сенімгерлік басқарушының орындауына жататын мемлекеттік мұліктің тұрлері мен санаттары мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқаруға беру қағидаларында айқындалады.

12. Мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздер бойынша өзгертіледі және бұзылады.

Мемлекеттік мұлікті оның бір түрінен екіншісіне немесе жергілікті мемлекеттік басқарудың бір деңгейінен екіншісіне беру, егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару туралы шартта өзгеше көзделмесе, мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқаруды тоқтатпайды.

13. Тараптардың бірінің бастамасы бойынша шарт тоқтатылған жағдайда екінші тарап, егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару туралы шартта өзгеше мерзім көзделмесе, кемінде үш ай бұрын хабардар етілуге тиіс.

14. Осы Заңның 105, 106, 120, 145, 176-баптарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында тікелей көзделген жағдайларда, мемлекеттік мұлікті сенімгерлікпен басқару шарты сенімгерлікпен басқарушыға сенімгерлікпен басқаруға берілген мемлекеттік мұлікті иелікten шығару туралы талаптарды көздеуі мүмкін.

**Ескерту. 75-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 131-V(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа**

енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **76-бап. Мемлекеттік мұлікті өтеусіз пайдалану шарты**

1. Мемлекеттік мұлікті өтеусіз пайдалану шартына осы Заңның 77, 120, 145-баптарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген ерекшеліктерімен қоса, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің мұлікті өтеусіз пайдалану шарты (несие шарты) туралы ережелері қолданылады.

2. Мемлекеттік мұлікті өтеусіз пайдалану шарты бойынша мемлекеттік мұлік осы Заңда немесе Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларда ғана берілуі мүмкін.

3. Мемлекеттік мұлікті өтеусіз пайдалану шарты осы Заңның 120-бабында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында тікелей көзделген жағдайларда несие алушыға өтеусіз пайдалануға берілген мемлекеттік мұлікті иелікten шығару туралы талаптарды көздеуі мүмкін.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

4-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

4. Мемлекеттік мұлікті өтеусіз пайдалану шарты бойынша берілген мемлекеттік мұлікті кез келген жақсарту мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жазбаша келісуімен жүзеге асырылады. Мемлекеттік мұлікті өтеусіз пайдалану шарты тоқтатылған кезде мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының келісуімен жүргізілген, ажыратуға болмайтын жақсартулардың құны тиісті бюджет қаражаты есебінен өтелуге жатады.

5. Мемлекет меншігіндегі және тарих пен мәдениет ескерткіші болып табылатын ғибадат үйлерін (ғимараттарын) және өзге де мұлікті діни

бірлестіктерге өтеусіз пайдалануға берген жағдайларда мемлекеттік мұлікті өтеусіз пайдалану шарты "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалады.

Ескерту. 76-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.10.11 № 484-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңдарымен.

#### **77-бап. Мемлекеттік заттай гранттарды өтеусіз пайдалануға беру**

Инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік заттай гранттарды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өтеусіз пайдалануға береді.

Ескерту. 77-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.10.2015 № 376-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

#### **78-бап. Мемлекеттік мұлікті мердігерлік шарты бойынша беру**

Мемлекеттік мұлікті мердігерлік шарты бойынша беру тапсырыс берушінің – мемлекеттің жұмыстарды орындауда мердігерге жәрдем көрсету жөніндегі міндеттемелерді орындауы шеңберінде мердігерлік шартында көзделген көлемде және тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **79-бап. Мемлекеттік мұлікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты бойынша беру**

Мемлекеттік мұлікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша беру "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" және "Концессиялар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда концессия объектісі оған функционалдық қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін функционалдық операторға өтеусіз пайдалануға конкурссыз берілуі мүмкін.

Ескерту. 79-бап жаңа редакцияда - ҚР 31.10.2015 № 380-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 26.12.2019 № 287-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **80-бап. Табиги ресурстарды пайдалануға беру туралы шарттар**

Жер участкелерін, жер қойнауы участкелерін, су объектілерін, мемлекеттік орман қоры участкелерін пайдалануға беру мұліктің әрбір түрі туралы Қазақстан

Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен тиісті шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

**81-бап. Мемлекеттік мұлікті сақтау шарты және сақтауға қабылдау туралы шарт**

1. Мемлекеттік мұлік сақтау шарты немесе мемлекеттік мұлікті сақтауға қабылдау туралы шарт бойынша оның сақталуын қамтамасыз ету үшін жеке және занды тұлғаларға берілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің сақтау туралы қағидалары осы бапта белгіленген ерекшеліктерімен қоса мемлекеттік мұлікті сақтау туралы қатынастарға қолданылады.

2. Мемлекеттік мұлікті сақтау оны сақтау шарты немесе мемлекеттік мұлікті (заттарды) сақтауға қабылдау туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мұлікті сақтау оның сақталуын қамтамасыз етуге қабілетті кез келген тұлғаға жүктелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларда, мемлекеттік мұлікті сақтауды кәсіпкерлік қызмет ретінде сақтау жөніндегі қызметтер көрсететін мамандандырылған ұйымдарға жүзеге асыра алады.

3. Мемлекеттік мұлікті сақтау нысанасы жылжымалы заттар болуы мүмкін.

Жылжымайтын мұлікті күзетуге осы баптың күші қолданылмайды.

4. Мемлекеттік мұлікті сақтау шарты және сақтауға қабылдау туралы шарт жазбаша нысанда жасалады. Сақтаушы жүк берушіге сақтау қолхатын, түбіртекті, қуәлікті, сақтаушы қол қойған өзге де құжатты беру арқылы шарттың жасалғанын қуәландыруы мүмкін.

5. Мемлекеттік мұлікті сақтау мерзімі Қазақстан Республикасының зандарында немесе мемлекеттік мұлікті сақтау шарттарында не сақтауға қабылдау туралы шарттарда айқындалады. Сақтау мерзімі өткеннен соң мемлекеттік мұлікті сақтау немесе сақтауға қабылдау туралы шарттар, егер Қазақстан Республикасының зандарында, тиісті шарттарда өзгеше көзделмесе немесе мемлекеттік мұліктің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелердің мәнінен туында маса, сол мерзімге жасалған деп есептеледі.

Жүк беруші болып табылатын немесе оның жазбаша тапсырмасы бойынша өкілдік ететін уәкілдік мемлекеттік орган кез келген уақытта сақтаушыдан мұлікті (затты) талап етуге құқылы. Бұл жағдайда, егер мемлекеттік мұлікті сақтау немесе сақтауға қабылдау туралы шарттарда өзгеше көзделмесе, жүк беруші міндеттеменің мерзімінен бұрын тоқтатылуынан туындаған залалдарды сақтаушыға өтеуге міндетті.

6. Мемлекеттік мұлікті сақтау шарты және сақтауға қабылдау туралы шарт өтеулі болып табылады. Сақтаушыға берілетін сыйақының мөлшері тараптардың келісімімен, ал Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жағдайларда, ставкалар мен тарифтерге сәйкес айқындалады.

7. Егер сақтау шартында өзгеше көзделмесе, сақтаушы жүк берушінің келісімінсіз затты үшінші тұлғаның сақтауына беруге құқылы емес, жүк берушінің мұдделерінде мән-жайларға байланысты ол осыған мәжбүр болған және оның келісімін алуға мүмкіндігі болмаған жағдайлар бұған кірмейді. Сақтаушы заттың үшінші тұлғаға сақтауға берілгендері турагы жүк берушіні дереке хабардар етуге міндетті. Сақтаушы өзі затты сақтауға берген үшінші тұлғаның іс-әрекеті үшін өзінің іс-әрекетіндегі жауап береді.

8. Сақтаушы өзіне берілген мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін шартта көзделген барлық шараны, сондай-ақ басқа да қажетті шараларды қабылдауға міндетті. Мемлекеттік мүліктің сақталуы техникалық нормативтер мен сақтау және (немесе) қорғау шарттары жөніндегі талаптарға сәйкес қамтамасыз етілуге тиіс.

Сақтаушы сақтауға қабылдаған мемлекеттік мүліктің жоғалғаны, жетіспеушілігі немесе бұлінгені үшін жауап береді. Ол, егер заттың жоғалуы, жетіспеушілігі немесе бұлінуі өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдейтін болса, жауаптылықтан босатылады.

Сақтаушы сақтауға берілген мемлекеттік мүлік жетіспеген кезде мемлекеттік мүлікті сақтау немесе сақтауға қабылдау турагы шарттарда, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған мерзімде жетіспейтін мүлікті заттай өтеуге, ал ондай мүмкіндік болмаған кезде – жоғалған немесе жетіспейтін мемлекеттік мүліктің құны мөлшерінде өтеуге міндеттенеді.

9. Осы баптың қағидалары, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлікті сақтаудың жекелеген түрлеріне қолданылады.

10. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары мемлекеттік материалдық резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымдарында, мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттерінде және жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдарда сақталады.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сақтаумен байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және "Азаматтық қорғау турагы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

**Ескерту. 81-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жалпы пайдаланудағы мемлекеттік мүлікке:

1) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және Қазақстан Республикасының заңдарымен жалпы пайдаланудағы мүлікке жатқызылған өсімдіктер мен жануарлар әлемі, өзге де табиғи ресурстар;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен ені белгіленген жағалау белдеулері бар кеме жүзетін және сал ағызылатын өзендердің арналары, сондай-ақ көлдер, қойнау-қолаттар мен өзге де табиғи су айдындары;

3) порттар, айлақтар, шығанақтар, рейдтер мен қойнаулар, сондай-ақ бөгеттер, молдар, толқын бөгеттері мен өзге де жағалау құрылыштары;

4) иеліктен шығарылған белдеулері және қосымша құрылыштары мен қызметтері бар жалпы пайдаланудағы жолдар, тас жолдар мен көпірлер;

5) жер суландыру, мелиорациялау мақсатында және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарда салынған орлар, тоғандар, су қоймалары, каналдар, үймелер мен шұңқырлар;

6) аландар, тротуарлар, көшелер, қоғамдық саябақтар мен демалыс орындары, зираттар және өзге де қоғамдық құрылыштар мен үйлер;

7) храмдар мен қоғамдық мақсаттағы өзге де ғибадатханалар;

8) тарих және мәдениет ескерткіштері;

9) ұлттық саябақтар, қорықтар, қаумалдар, резерваттар;

10) ұлттық өнер бұйымдары;

11) мұрағаттар, мұражай экспонаттары, көркем және ғылыми коллекциялар, оның ішінде ғылыми және мәдени құндылықтарға жататын жекелеген құжаттар, қолжазбалар, жарияланымдар, карталар мен басқа да жылжымалы заттар;

12) жалпы пайдаланудағы сервитуттар (көпшілік сервитуттар);

13) Қазақстан Республикасының заңдарымен жалпы пайдаланатын мүлікке жатқызылған өзге де мүлік жатқызылуы мүмкін.

Жалпы пайдаланудағы мүлікті пайдалану қағидаларын Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланудағы мүліктің жекелеген түрлері туралы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі және тиісті әкімшілік-аумақтың бөліністің жергілікті өкілді немесе атқарушы органдары белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланудағы мүлкінің жекелеген түрлері туралы заңнамасында белгіленген өз құзыреті шегінде жалпы пайдаланудағы мүлікті басқаруды және пайдалануды ұйымдастырады.

**Ескерту. 82-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 26.12.2019 № 289-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**

**Заңымен.**

**4-БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТТИҚ МҮЛІКТІК ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ТОҚТАТЫЛУЫ**

**9-тарау. МЕМЛЕКЕТТИҚ МҮЛІКТІК ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ТОҚТАТЫЛУ НЕГІЗДЕРІ**

**83-бап. Мемлекеттің мүліктік құқықтарының тоқтатылу негіздерінің тізбесі**

1. Мемлекеттің (Қазақстан Республикасының немесе әкімшілік-аумақтық бөліністің) мүліктік құқықтарының тоқтатылу негіздері:

1) мемлекеттік (республикалық немесе коммуналдық) мүлікті жекешелендіру немесе өзге де иеліктен шығару;

2) мемлекеттік занды тұлғалардың өздері өндірген тауарларды немесе негізгі күралдарға жатпайтын және жекешелендіру объектісі болып табылмайтын өзге де мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес занды тұлғаларға иеліктен шығарып беруі;

3) жер участкерін жеке меншікке беру;

4) республикалық немесе коммуналдық мүлікке жататын мемлекеттік заттай грантты жеке меншікке беру;

5) мемлекеттік мүліктің бұзылуы немесе жойылуы;

6) мемлекеттік мүлікті өндіріп алу;

7) шартты бұзған немесе өзгерген кезге дейін міндеттемелері бойынша мемлекет пайдасына контрагенттің орындағанын қайтару;

8) жарамсыз деп танылған мәміле бойынша алынған мүлікті қайтару;

9) мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды пайдалану немесе шығару;

10) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген өзге де негіздер болып табылады.

2. Осы Заңың 119-1, 119-2, 120 және 214-баптарында және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару өтеулі болып табылады.

**Ескерту. 83-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 21.07.2015 № 337-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 89-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**84-бап. Мемлекеттік мүлікке құқықтардан бас тартуға тыйым салу**

1. Мемлекет өзіне тиесілі мүлікке құқықтардан бас тарта алмайды. Мемлекеттік органдардың, олардың өкілдері мен лауазымды адамдарының мемлекеттік мүлікке мемлекеттің құқықтарынан бас тартуы заңсыз болып табылады.

2. Мемлекеттік органдардың, олардың өкілдері мен лауазымды адамдарының мемлекеттік меншік құқықтарын және мемлекеттің өзге де мүліктік құқықтарын жүзеге асырудан бас тартуын айқын білдіретін іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіптік және өзге де жауаптылыққа әкеп соғады.

**85-бап. Мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлікті иеліктен шығаруы**

Мемлекеттік заңды тұлғалардың өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде, өздері өндірген өнімді, шикізатты, тауарлық-материалдық құндылықтарды және негізгі құралдарға жатпайтын және жекешелендіру объектісі болып табылмайтын өзге де мүлікті қоса алғанда, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға және жеке тұлғаларға мүлікті иеліктен шығарып беруі иеліктен шығарылған мемлекеттік мүлікке мемлекеттің құқықтарын тоқтатуға әкеп соғады және жекешелендіру болып табылмайды.

**86-бап. Жеке меншікке табыстау (беру) нәтижесінде жер участесіне және өзге де мүлікке мемлекеттің құқықтарын тоқтату**

1. Жер участелері Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген жағдайларда және тәртіппен жеке меншікке табысталуы мүмкін.

2. Мемлекеттік заттай грант түрінде табысталған жер участесін қоса алғанда, мемлекеттік мүлікке мемлекеттің құқықтары грант алушының инвестициялық міндеттемелерін орындауды кезінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген жағдайларда және тәртіппен тоқтатылуы мүмкін.

**Ескерту. 86-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.10.2015 № 376-В Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**87-бап. Мемлекеттік мүліктің бұзылуы немесе жойылуы**

1. Мемлекеттік мүліктің бұзылуы және жойылуы мемлекеттің осы мүлікке құқықтарының тоқтатылуына әкеп соғады.

2. Дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан физикалық немесе моральдық тозуынан жарамсыз болған мемлекеттік мүліктің жекелеген түрлерінің бұзылуы және жойылуы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ресімделеді.

3. Осы баптың қағидалары заттарға қолданылады.

**88-бап. Мемлекеттің міндеттемелері бойынша мемлекеттік мүлікті өндіріп алу**

1. Қазақстан Республикасының және әкімшілік-аумақтық бөліністің міндеттемелері бойынша мемлекеттік мүлікті өндіріп алу сот тәртібімен жүргізіледі.

2. Бюджет қаражаттарын қоспағанда, мемлекеттік немесе жергілікті қазынаны құрайтын мүлік өндіріп алынбайды. Қазақстан Республикасының заңдарында

өндіріп алынбайтын мемлекеттік мүліктің өзге де түрлері белгіленуі мүмкін. Бұл жағдайларда Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс өндіріп алуға болмайтын мүлік құнының шегінде бюджет қаражаттарымен жауаптылықта болады.

3. Қазақстан Республикасының және әкімшілік-аумақтық бөліністің өндіріп алынатын мемлекеттік мүлікке құқықтары мемлекеттік мүлікті өндіріп алу кезінде құқықтар өтетін тұлға осы мүлікке құқықтарға ие болған кезден бастап тоқтатылады.

**89-бап. Реквизициялау нәтижесінде алынған мемлекеттік мүлікке құқықтарды тоқтату**

1. Тұлға бұрын өзіне тиесілі болған, реквизициялау кезінде мемлекет ие болған мүлікті осы Заңның 44-бабының қағидалары бойынша талап еткен кезде, осы мүлікке мемлекеттің құқықтары тоқтатылады.

2. Реквизициялау кезінде алып қойылған мүлікті қайтару осы Заңның 44-бабының қағидалары бойынша жүзеге асырылады.

**90-бап. Тәркілеу нәтижесінде алынған мемлекеттік мүлікке құқықтарды тоқтату**

Соттың мүлікті мемлекет меншігіне тәркілеуге негіз болған актінің күшін жоюы (тиісті бөлігіне өзгеріс енгізу) мемлекеттің тәркіленген мүлікке мүліктік құқықтарын тоқтатуға негіз болып табылады.

Тәркіленген мүлікті қайтару немесе оның құнын өтеу осы Заңның 213-бабы 5-тармағының қағидалары бойынша жүргізіледі.

**91-бап. Мемлекеттік материалдық резервтегі материалдық құндылықтарды пайдалану немесе одан шығару жолымен мемлекеттік мүлікке құқықтарды тоқтату**

1. Мемлекеттік материалдық резервтегі материалдық құндылықтарға мемлекеттің құқықтары мемлекеттік материалдық резервтегі материалдық құндылықтарды пайдалану немесе одан шығару нәтижесінде тоқтатылады.

2. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару:

- 1) жаңарту;
- 2) қарызға алу;
- 3) броньнан шығару тәртібімен жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік материалдық резервтегі материалдық құндылықтарды иеліктен шығару олардың құны толық төленген немесе аккредитив ашылған не екінші деңгейдегі банктер кепілдік берген жағдайда жүргізіледі.

5. Мемлекеттік материалдық резервтен шығару кезінде материалдық құндылықтарды өткізуден алынған қаражат бюджет есебіне жатқызылады.

6. Төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау, нарыққа реттеушілік ықпал ету, босқындарға көмек көрсету және гуманитарлық көмек көрсету кезінде пайдаланылған мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары бюджет қаражаты есебінен өтелуге жатады.

7. Дағдарысты құбылыстар және ішкі нарықтағы сұраныс пен ұсыныс арасында үйлесімсіздік қаупі туындаған жағдайда мемлекеттік материалдық резервтің ресурстары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нарыққа реттеушілік ықпал ету үшін пайдаланылуы мүмкін.

**Ескерту. 91-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**92-бап. Мемлекеттік мұлікті акционерлік қоғамдардың акцияларын төлеуге және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына беру**

Мемлекеттік мұлікті акционерлік қоғамдардың акцияларын төлеуге және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына беру осы Заңың 114-бабының қағидалары бойынша жүргізіледі.

**10-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК МҰЛІКТІ ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ**

**1-параграф. Жалпы ережелер**

**93-бап. Мемлекеттік мұлікті иеліктен шығару субъектілері**

1. Сатушки (мұлікті иеліктен шығаруды жүргізуші тұлға) және сатып алушы (ие болушы) мемлекеттік мұлікті иеліктен шығару субъектілері болып табылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**2-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).**

2. Сатушки (мұлікті иеліктен шығаруды жүргізуші тұлға) – мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты.

3. Сатып алушы (ие болушы) – мемлекеттік мұлікті иеліктен шығару процесінде мұлікті сатып алатын жеке тұлға немесе мемлекеттік емес заңды тұлға.

Сатып алушы (ие болушы) жағына бірнеше тұлға қатысқан кезде олар ынтымақтаса әрекет етеді.

4. Мемлекеттік мұлікті иеліктен шығару кезінде Қазақстан Республикасының заңдарына немесе құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы мемлекеттік мұлікті иеліктен шығару объектісін сатудың (иеліктен шығарудың) шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлғалар сатып алушылар (ие болушылар) бола алмайды.

5. Сатушы (мұлікті иеліктен шығаруды жүргізуші тұлға) мемлекеттік мұлікті иеліктен шығару процесін ұйымдастыру үшін делдал тартуға құқылы.

Ескерту. 93-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI Занымен (колданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз).

#### **94-бап. Мемлекеттік мұлікті иеліктен шығарудың түрлері**

1. Мемлекеттік мұлікті иеліктен шығару мынадай:

1) мемлекеттік мұлікті аукцион және тендер нысанындағы сауда-саттықта сату, қор биржасындағы сауда-саттық, екі кезеңді рәсімдер жолымен өтетін конкурс, туынды бағалы қағаздарды сату арқылы жекешелендіру;

2) мемлекеттік мұлікті тікелей атаулы сату арқылы жекешелендіру;

2-1) мемлекеттік мұлікті мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына тікелей атаулы сату;

3) осы тараудың 3-параграфында көзделген тәртіппен және жағдайларда мемлекеттік мұлікті сауда-саттық жүргізбестен иеліктен шығарудың өзге де тәсілдері түрлерінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік мұлікті сатуға тікелей алып келмейтін, бірақ оның кейіннен сатылуын көздейтін іс-әрекеттер (мемлекеттік мұлікті мұліктік жалдауға (жалға алуға) тапсыру не оны тиісінше жалдаушының (жалға алушының) не сенімгерлікпен басқарушының кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлікпен басқаруға беру) жекешелендірудің түрлері ретінде емес, оның алдын ала жүргізілетін сатылары ретінде қарастырылады.

3. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тек қана мемлекетке тиесілі мемлекеттік мұлік, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес иеліктен шығаруға жатпайтын мемлекеттік мұлік иеліктен шығару объектісі болмайды.

4. Иеліктен шығаруға жатпайтын, мемлекеттік меншіктегі және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің меншігіндегі объектілердің, оның

ішінде стратегиялық объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша бекітеді.

Ескерту. 94-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; 03.07.2017 № 86-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **2-параграф. Мемлекеттік мұлікті жекешелендіру**

### **95-бап. Жекешелендіру жүргізуіндегі негізгі принциптері**

Жекешелендіру жүргізуіндегі негізгі принциптері жариялылық, бәсекелестік, құқықтық мұрагерлік, лауазымды тұлғалардың жекешелендіру жүргізуіндегі зандылығы үшін жауапкершілігі және жекешелендіру объектілері туралы ұсынылған деректердің дәйектілігі болып табылады.

### **96-бап. Жекешелендіру объектісі**

1. Мемлекеттік мұліктің мынадай түрлері:

1) мұліктік кешен ретіндегі кәсіпорын;

2) жекешелендірілуі түйік технологиялық тізбекті бұзбайтын мұліктік кешен ретіндегі кәсіпорынның өндірістік және өндірістік емес бөлімшелері мен құрылымдық бірліктері;

3) осы Заңының 85, 135, 145, 153, 161-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік занды тұлғалардың мұлкі;

4) акционерлік қоғамдардың акциялары;

5) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері;

6) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына құқықты қуәландыратын туынды бағалы қағаздар жекешелендіру объектілері болып табылады.

### **РҚАО-ның ескертпесі!**

2-тармақтың бірінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

2. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мүлікті жекешелендіру туралы шешім шыгарған күннен бастап мемлекеттік мүлік жекешелендіру объектісі болады.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жекешелендіруге жатпайтын тек мемлекеттік меншікте ғана болатын мемлекеттік мүлік, сондай-ақ мемлекеттік меншікте болатын және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес иеліктен шығаруға жатпайтын мүлік жекешелендіру объектілері бола алмайды.

**Ескерту. 96-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз)** Заңдарымен.

#### **97-бап. Мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынды жекешелендіру**

1. Мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынды жекешелендіруге осы баптың 2-тармағында және осы Заңның 93, 95, 96, 99 - 101, 103, 107 - 112-баптарында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 25-тaraуы 6-параграфының қағидалары қолданылады.

2. Жекешелендіруге жататын мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынның құрамына мемлекеттік материалдық резервтің онда сақталатын материалдық күндылықтары енгізілмейді.

3. Мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынның құрамына әлеуметтік-мәдени және коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілер енгізілуі мүмкін.

4. Егер осы Заңда және сатып алу-сату шартында өзгеше көзделмесе, сатып алушы мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген кәсіпорынның азаматтық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болады.

5. Егер өткізілген үш сауда-саттық нәтижесі бойынша мемлекеттік кәсіпорын мүліктік кешен ретінде өткізілмесе, бұл мемлекеттік кәсіпорын қосылу не біргін арқылы қайта үйымдастырылуға жатады немесе таратылуға жатады.

**Ескерту. 97-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 22.04.2015 № 308-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)** Заңдарымен.

**98-бап. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акциялары және мемлекеттің жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына қатысу үлестері**

1. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына мемлекеттің қатысу үлестерін сату "Акционерлік қоғамдар туралы", "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы", "Бағалы қағаздаррынды туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптар сақтала отырып жүргізілуге тиіс.
2. Шығарылуы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген акцияларды сатуға жол берілмейді.
3. Мемлекетке тиесілі акцияларды сату кезінде сатып алушы – акционерлік қоғам, егер ол сатып алушының акцияларын иеленген болса, акционерлік қоғам акцияларының жиырма бес пайыздан астамын сатып ала алмайды.
4. Егер өткізілген үш сауда-саттық нәтижесі бойынша мемлекеттің қатысуы жүз пайызды құрайтын акционерлік қоғамдардың акциялары және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталдарына қатысу үлестері өткізілмеген болса, бұл заңды тұлғалар таратылуға жатады.

**Ескерту. 98-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 22.04.2015 № 308-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**99-бап. Жекешелендіру және жер участкесіне құқық**

Жылжымайтын мүлікті жекешелендіру кезінде жер участкесіне құқық Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес сатып алушыға өтеді.

**100-бап. Сауда-саттықты жүргізу шарттары**

1. Негұрлым жоғары баға ұсынған тұлға аукционда немесе тендерде ұтып алушы болып танылады.

Аукциондарда ұсыныстар жария түрде мәлімделеді, тендерлерде ұсыныстар жабық конвертте мәлімделеді.

Мүліктік кешендер ретінде мемлекеттік кәсіпорындар, жарғылық капиталындағы акцияларының бақылау пакеті (жарғылық капиталға қатысу үлесі) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) тендерде сатылған жағдайда, қызмет бейінін сақтау тендердің шарты болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорындардың, жарғылық капиталындағы акциялардың бақылау пакеті (жарғылық капиталға қатысу үлесі) мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қызмет бейінін сақтау мерзімін сатушы айқындайды.

Пайдаланымайтын қару-жарақ пен әскери техниканы өткізу жөніндегі жабық тендерлерді немесе аукциондарды қоспағанда, аукцион мен тендер мемлекеттік мұлік тізілімінің веб-порталы пайдаланыла отырып, электрондық нысанда өткізіледі.

2. Сауда-саттық ашық болуға тиіс. Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін, қоршаған табиғи ортасын қорғауды, сыртқы экономикалық жағдайын қозғайтын ерекше жағдайларда тендер жабық болуы мүмкін.

Жекешелендіру обьектілерін сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Занының 101 – 105-баптарына сәйкес белгілейді.

3. Бір қатысушы ғана қатысқан аукциондар мен тендерлер, жекешелендіру обьектісі оны сатып алуға тілек білдірген қатысушыға сатылуы мүмкін үшінші сауда-саттықтарды қоспағанда, өткізілмеген деп танылады.

4. Сатып алушы сауда-саттық өткізілгенге дейін езі сатып алатын обьектінің экологиялық жай-күйіне тексеру жүргізуге құқылы.

Ескерту. 100-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **100-1-бап. Жекешелендіру обьектісінің құны**

1. Жекешелендіру обьектісін сату жекешелендіру обьектісінің нарықтық құны бойынша жүзеге асырылады.

Мәміле тараптары бағалау обьектісі туралы барлық қолжетімді ақпаратқа ие бола отырып, есеппен және мәжбүрлеусіз әрекет ететін бәсекелестік жағдайларында, мәміле негізінде жекешелендіру обьектісі иелікten шығарылуы мүмкін есептік ақшалай сома жекешелендіру обьектісінің нарықтық құны болып табылады.

2. Баланстық құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылдының 1 қаңтарында қолданылатын айлық есептік көрсеткіштің 2 500 000 еселенген мөлшерінен астам болатын жекешелендіру обьектісін бағалауды халықаралық бағалау стандарттарына сәйкес тәуелсіз консультанттар жүзеге асырады.

3. Баланстық құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылдының 1 қаңтарында қолданылатын айлық есептік көрсеткіштің 2 500 000 еселенген мөлшерінен аз болатын жекешелендіру объектілерін бағалау Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Сатушы жекешелендіру объектісінің нарықтық құнын бағалауды жүргізу және (немесе) жекешелендіру объектілері бойынша мәмілені қолдау мақсатында тартатын заңды тұлғалар, оның ішінде шетелдік заңды тұлғалар немесе олардың бірлестіктері, бағалау және (немесе) инвестициялық қызметке және (немесе) қаржылық консультация беруге қатысушылар тәуелсіз консультанттар болып табылады.

5. Тәуелсіз консультантты таңдау бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасымен реттелген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының күші қолданылмайды.

Тәуелсіз консультантты тарту Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Жекешелендіру объектісінің нарықтық құны жекешелендіру объектісінің баланстық құнынан төмен болуы мүмкін.

**Ескерту. 10-тарау 100-1-баппен толықтырылды - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **101-бап. Жария сауда-саттықты өткізу тәртібі**

1. Сатушы сауда-саттық өткізу туралы хабардар етуді оны өткізуден кемінде құнтізбелік он бес күн бұрын жүргізуге тиіс. Хабарлама "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сатушының конкурс өткізуі арқылы айқындалған мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға тиіс.

Хабарламада сауда-саттықтың уақыты, орны мен түрі, сату объектісі және сауда-саттықты өткізу тәртібі туралы, оның ішінде сауда-саттыққа қатысады ресімдеу, сауда-саттықты ұтып алған тұлғаны айқындау шарттары туралы мәліметтер, сондай-ақ бастапқы баға мен кепілдікті жарнаның мөлшері туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

2. Сатушы сауда-саттық шарттарын өзгерту туралы хабарлама жарияланғанға дейін оған қатысуға өтінім берген және осыған байланысты оған қатысудан бас тартқан

Сауда-саттық шарттарын өзгерту туралы хабарлама жарияланғанға дейін оған қатысуға өтінім берген және осыған байланысты оған қатысудан бас тартқан

тұлғалар кепілдік жарнасының және өздеріне келтірілген шығыстардың қайтарылуын талап етуге құқылы.

3. Сатушы сауда-саттық өткізілгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей сауда-саттыққа қатысуға өтінім берген тұлғаларға келтірілген нақты зиянды өтей отырып, олардан бас тартуға құқылы.

Сауда-саттықты өткізуі мүмкін болмауына байланысты ол өткізілмеуі мүмкін. Егер сауда-саттықты өткізу сатушыға байланысты емес себептер бойынша еңсерілмейтін күштің салдарынан мүмкін болмаса, сатушы сауда-саттыққа қатысуға өтінім берген тұлғаларға келтірілген нақты зиянды өтеуден босатылады.

4. Сауда-саттыққа қатысушылар сауда-саттық өткізу туралы хабарламада көрсетілген мөлшерде, мерзімдерде және тәртіппен кепілдікті жарнаны енгізеді. Егер сауда-саттық өткізілмесе, кепілдікті жарна қайтарылуға жатады. Кепілдікті жарна өтінім берген, бірақ сауда-саттыққа қатыспаған, сауда-саттыққа қатысқан, бірақ оны ұтпаған тұлғаларға және сауда-саттық өткізуден кемінде үш жұмыс күні бұрын оған қатысудан жазбаша бас тартқан тұлғаларға да қайтарылады.

Кепілдік жарналар сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнаны қайтару туралы осы қатысушының деректемелерін көрсете отырып берген өтініші негізінде қайтарылады.

Сауда-саттықты ұтқан тұлғамен сатып алу-сату шартын жасау кезінде ол енгізген кепілдік жарнаның сомасы жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындау шотына есептеледі.

4-1. Аукцион екі әдіспен:

бағаны көтерумен;

бағаны төмендетумен өткізіледі.

Аукционды өткізу кезінде жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы жекешелендіру объектісінің алғашқы бағасына тең болады.

Жекешелендіру объектісінің алғашқы бағасы жекешелендіру объектісінің нарықтық құны негізінде айқындалады және оны мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері жөніндегі комиссия белгілейді.

Жекешелендіру объектісі бірінші сауда-саттыққа аукционға бағаны көтеру әдісі қолданыла отырып шығарылады.

Жекешелендіру объектісі екінші сауда-саттыққа аукционға бағаны төмендету әдісі қолданыла отырып, алғашқы бағаның елу пайызы мөлшеріндегі ең төмен баға белгіленіп шығарылады.

Жекешелендіру объектісі үшінші сауда-саттыққа аукционға бағаны төмендету әдісі қолданыла отырып, ең төмен баға белгіленбей шығарылады.

Кейінгі әрбір сауда-саттық әрбір жиырма жұмыс күні сайын жүзеге асырылады.

4-2. Жекешелендіру объектісін бірінші тендерге шығарған кезде жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы алғашқы бағаға тең болады.

Жекешелендіру объектісін екінші және үшінші сауда-саттыққа шығару кезінде бастапқы баға алдыңғы тендердің бастапқы бағасының елу пайзына төмендетіледі.

5. Сауда-саттықты ұтқан тұлға және сатушы аукцион немесе тендер өткізілген күні сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға қол қояды.

6. Тараптар сатып алу-сату шартына сауда-саттық аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей қол қоюға тиіс.

Сауда-саттықты ұтқан тұлға сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға немесе сатып алу-сату шартына қол қоюдан жалтарған кезде өзі енгізген кепілдік жарнасынан айрылады және кепілдік жарнамен жабылмаған бөлігінде сатушыға өзі келтірген нақты залалды өтеуге міндетті.

Сауда-саттықты ұтқан тұлға осы Заңның 93-бабының талаптарына сай келмейтін жағдайлардан басқа, сатушы сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға және сауда-саттықты ұтқан тұлғамен сатып алу-сату шартына қол қоюдан жалтаруға құқылы емес.

Сатып алу-сату шартының талаптары сауда-саттық талаптарына қайшы келмеуге тиіс.

Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сатып алу-сату шарттарында мерзімдер туралы талаптар қамтылуға тиіс, осы мерзімдер ішінде сатып алушы кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын тіркеу үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына өтініш жасайды.

7. Сатып алу-сату шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңдарымен қоргалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, мүдделі адамдардың талап етуі бойынша оларға танысу үшін беріледі.

8. Осы бапта белгіленген қағидаларды бұза отырып өткізілген сауда-саттықты сот мүдделі тұлғаның, тиісті уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

Сауда-саттықты жарамсыз деп тану осындай сауда-саттықтың қорытындысы бойынша жасалған сатып алу-сату шартының маңыздығына алып келеді.

9. Егер осы Заңның 102, 104-баптарында өзгеше көзделмесе, сауда-саттық өткізу кезінде осы бапта белгіленген қағидалар қолданылады.

**Ескерту. 101-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **102-бап. Қор биржасындағы сауда-саттық**

1. Мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды қор биржасында сату "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Сату туралы хабарлама "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сатушы конкурс өткізу жолымен айқындаған мерзімді баспа басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға тиіс. Сату туралы хабарлама қор биржасында сауда-саттық өткізу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік он бес күн бұрын жариялануға және онда сауда-саттық басталатын күн, сауда-саттықты өткізу орны, сату объектісі мен оның мөлшері туралы мәліметтер болуға тиіс.

Сатушы хабарламада мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сатуға қатысты өзге де мәліметтерді көрсетуге құқылы.

3. Сатушының бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысуышымен жасасқан шартында мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сатушы белгілеген ең төменгі бағадан төмен емес бағамен сату міндеттемесі болуға тиіс.

**Ескерту. 102-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **103-бап. Екі кезеңдік рәсімдер арқылы өткізілетін конкурс**

1. Екі кезеңдік рәсімдер арқылы болатын конкурс баға басымдығын және (немесе) жекешелендірудің өзге де талаптарын айқындайтын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тәуелсіз консультанттың қатысуымен өткізіледі.

2. Конкурс мынадай іс-шаралар жоспарын:

1) жекешелендіру объектісіне жан-жақты талдау жүргізу үшін осы Заңның 100-1-бабында белгіленген тәртіппен тәуелсіз консультантты тартуды, оның құнын бағалауды және әлеуетті сатып алушылар (инвесторлар) үшін сату объектісі туралы ақпараттық дерекқорды қалыптастыруды;

2) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сатушы конкурс өткізу арқылы айқындаған мерзімді баспасөз басылымдарында сатушының жекешелендіру объектісін сату туралы

хабарламаны қазақ және орыс тілдерінде жариялауын, сондай-ақ тәуелсіз консультанттың әлеуетті сатып алушыларға (инвесторларға) сату туралы ұсынысты жіберуін;

3) тәуелсіз консультанттың әлеуетті сатып алушылардың (инвесторлардың) ұсыныстары бар өтінімдер тізбесін қалыптастыруын;

4) келіссөздер барысында ең үздік ұсыныстарды ұсынған кемінде екі әлеуетті сатып алушыны (инвесторды) анықтау мақсатында, өтінімдер тізбесі бойынша сатушының тәуелсіз консультанттың қатысуымен әлеуетті сатып алушылармен (инвесторлармен) келіссөздер жүргізуін (конкурстың бірінші кезеңін);

5) сатушының тәуелсіз консультанттың қатысуымен, конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпаздарымен бұрын ұсынылған шарттарды жақсарту тұрғысынан келіссөздер жүргізуін (конкурстың екінші кезеңін) қамтиды.

3. Сатушы, тәуелсіз консультант және конкурстың барлық қатысушылары өткізілген келіссөздердің әрбір кезеңінің қорытындылары бойынша оның нәтижелері туралы хаттамаға қол қояды.

4. Конкурстың екінші кезеңінің барысында ең үздік шарттар ұсынған әлеуетті сатып алушы (инвестор) конкурста ұтқан болып танылады.

5. Конкурстың жеңімпазы сатушы белгілеген мерзімдерде сатып алу-сату шартына қол қоюдан бас тартқан немесе жалтарған жағдайда, ұсынысы конкурс жеңімпазының ұсынысынан кейін ең үздік болып танылған әлеуетті сатып алушымен (инвестормен) сатып алу-сату шартына қол қойылады.

**Ескерту. 103-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **104-бап. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына құқықтарды куәландыратын туынды бағалы қағаздарды сату**

1. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына құқықтарды куәландыратын туынды бағалы қағаздарды сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Туынды бағалы қағаздарды сатудың негізгі талаптарын сатушы Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе жергілікті атқарушы орган тиісті жергілікті өкілді органға бекітуге ұсынады.

3. Туынды бағалы қағаздарды сату туралы шешімде туынды бағалы қағаздар шығарылған, мемлекетке тиесілі акциялардың саны, сатылатын туынды бағалы қағаздардың түрі, аумағында туынды бағалы қағаздарды сату жүзеге асыру көзделіп отырған шет мемлекет (шет мемлекеттер), мәмілені аяқтаудың ең ұзак

мерзімдері туралы мәліметтер, туынды бағалы қағаздардың меншік иелерінің құқықтарын іске асырудың талаптары мен тәртібі және қажет болған жағдайда, өзге де талаптар болуға тиіс.

#### **105-бап. Тікелей атаулы сату**

1. Осы Заңның 106-бабына сәйкес кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлік басқаруға тиісінше жалдаушыға (жалға алушыға) немесе сенімгерлік басқарушыға берілген объектілер, сондай-ақ стратегиялық инвесторға беруге жататын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған объектілер тікелей атаулы сатуға жатады.

Жалдаушылар (жалға алушылар) және сенімгерлік басқарушылар тиісті шартты тиісінше орындаған жағдайда ғана, оларға жекешелендіру объектісін сатуға жол беріледі.

2. Егер жекешелендіру объектісін сату талаптары мүліктік жалдау (жалға алу) шартында немесе сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шартта көзделмеген болса, олар тараптардың келісімімен айқындалады.

**3. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік мүлікті тікелей атаулы сату мынадай:

сатылатын жекешелендіру объектісінің қызметімен байланысты салада қызмет тәжірибесінің болуы;

технологиялар трансферті, оның ішінде ашылмаған ақпаратты (өндіріс құпияларын (ноу-хай) алу және жоғары білікті мамандарды тарту арқылы жекешелендіру объектісін басқаруға, сондай-ақ оны дамытуға қатысу үшін ірі акциялар пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу өлшемшарттарына сай келетін стратегиялық инвесторға – қазақстандық немесе шетелдік заңды тұлғаға (олардың бірлестіктеріне) жүзеге асырылады.

Стратегиялық инвестор:

1) жекешелендіру объектісіне инвестициялардың көлемдері, түрлері және мерзімдері;

2) өндіріс көлемінің белгілі бір деңгейін, шығарылатын өнімнің немесе көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын қамтамасыз ету;

3) табигат қорғау іс-шараларын жүргізу;

4) қызмет бейінін сақтау;

5) жаңа жұмыс орындарын сақтау немесе ашу;

6) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлермен штат санының кемінде үштен екісін қамтамасыз ету;

7) өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің бұрыннан бар тәртібі мен пайдалану шартын сақтау;

8) кредиторлық берешекті белгіленген мерзімдерде өтеу;

9) жалакы бойынша берешекті өтеу;

10) мәмілелер жасасуды (қайта сату, кепілге қою, сенімгерлік басқаруға беру және басқалар) және (немесе) жекешелендіру объектісіне қатысты белгілі бір уақыт кезеңі ішінде белгілі бір іс-қимылдарға тыйым салуды шектеу жөніндегі міндеттемелерді белгілеген және тиісінше қабылдаған кезде, тікелей атаулы сату жүзеге асырылады.

Тікелей атаулы сату туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі объектінің атауын, сондай-ақ осы тармақта көрсетілген міндеттемелер тізбесінен міндеттемелерді қабылдау туралы стратегиялық инвесторға қойылатын талаптарды қамтиды.

Мемлекеттік мұлікті стратегиялық инвесторға тікелей атаулы сату тәуелсіз консультантты тарту арқылы жүргізіледі.

Тәуелсіз консультантты тарту осы Заңың 100-1-бабының 5-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 105-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**105-1-бап. Мемлекеттік мұлікті мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына оны кері сатып алу міндеттемесімен сату**

**Ескерту. 105-1-баппен толықтырылды - ҚР 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; алыш тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**106-бап. Жекешелендірудің алдын ала жүргізілетін сатылары**

1. Жекешелендірудің алдын ала жүргізілетін сатылары болып: Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мұлікті мұліктік жалдауға (жалға алуға) тапсыру не оны кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлікпен басқаруға беру танылады.

2. Сенімгерлікпен басқарушы немесе жалдаушы (жалға алушы) осы Заңың 100 және 101-баптарына сәйкес тендер негізінде таңдалады.

3. Осы Заңың 105-бабында және осы бапта көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, сенімгерлікпен басқару және мұліктік жалдау (жалға алу) қатаинастарына

осындай қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының нормалары қолданылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

4-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

4. Мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқаруға немесе мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының сенімгерлік басқарушымен немесе жалдаушымен (жалға алушымен) жасасқан тиісті шартымен ресімделеді. Шартта мемлекеттік мұліктің қандай мерзімдерде және қандай талаптар орындалған кезде сенімгерлік басқарушының немесе жалдаушының (жалға алушының) меншігіне өтетіні көзделуге тиіс.

5. Мемлекетке тиесілі акциялар осы Заңның 100 және 101-баптарына сәйкес тендер негізінде сенімгерлікпен басқаруға берілуі мүмкін.

6. Сауда-делдалдық қызметті қоспағанда, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне бір жылдан астам уақыт пайдаланылмаған мемлекеттік мұлік өндірістік қызметті үйімдастыру және халыққа қызметтер көрсету саласын дамыту үшін кейіннен меншікке өтеусіз беру құқығымен бір жыл мерзімге сенімгерлікпен басқаруға немесе мұліктік жалдауға (жалға алуға) берілуі мүмкін.

**Ескерту. 106-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз).**

**107-бап. Объектінің жекешелендіруге дайындау**

1. Объектінің жекешелендіруге дайындауды сатушы жүзеге асырады.

2. Объектінің жекешелендіруге дайындау процесінде сатушы:

1) осы Заңның 100-1-бабына сәйкес жекешелендіру объектісінің нарықтық құнын бағалауды жүргізді;

2) сатып алушының талап етуі бойынша жекешелендіру объектілерінің ауыртпалықтары туралы, сондай-ақ кредиторлық және дебиторлық берешектер сомасы, егер жекешелендіру объектісі мұліктік кешен ретіндегі кәсіпорын болып

табылса, жекешелендірілетін кесіпорынның жасасқан шарттары туралы ақпаратты дайындайды және ұсынады;

3) жекешелендіру объектісінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары болған жағдайда, көрсетілген рәсімдерді жүргізу туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға және тиісті орталық атқарушы органдарға хабарлайды;

4) жекешелендіру жүргізудің талаптарын, нысандары мен түрлерін айқындайды, оны өткізуге дайындықты жүзеге асырады;

5) мұліктің сақталуын қамтамасыз етеді;

6) жекешелендіруді жүргізуге қажетті басқа да іс-шараларды өткізеді.

3. Мемлекеттік заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттің акциялары мен жарғылық капиталдарындағы қатысу үлесі сату объектісі болатын заңды тұлғалардың лауазымды адамдары объектіні сатуға дайындау үшін қажетті мәліметтерді сатушының сұратуы бойынша ол айқындайтын мерзімдерде табыс етуге міндетті.

Табыс етілген мәліметтердің дұрыстығы үшін жауаптылық осы тармакта санамаланған заңды тұлғалардың лауазымды адамдарына жүктеледі.

**Ескерту. 107-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **108-бап. Есеп айырысу тәртібі**

1. Жекешелендіру объектілерін сатып алу-сату шарты бойынша есеп айырысу сатушы мен сатып алушының арасында жүргізіледі.

2. Сатып алынатын объектіге ақы төлеу сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап отыз күн ішінде жүргізілуге тиіс.

3. Ақыны бөліп-бөліп төлеуге ықтимал бөліп-бөліп төлеу шарттары сауда-саттыққа қатысушылардың назарына алдын ала жеткізілген жағдайларда ғана жол беріледі.

4. Жекешелендірілетін объектінің ақысын бөліп-бөліп төлей отырып сату кезінде бастапқы жарнаның мөлшері сату бағасының он бес пайызынан кем болмауға, ал ақыны бөліп-бөліп төлеу кезеңі үш жылдан аспауға тиіс.

Келесі сомаларды төлеген кезде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 282-бабында белгіленген ақшалай міндеттемені орындау қағидалары қолданылады.

Ақысын бөліп-бөлу төлей отырып сату кезінде әлі төленбеген сомаларға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкалары негізге алынып, пайыздар есептеледі.

5. Егер сатып алу-сату шартында қамтамасыз етудің өзгеше тәсілі көзделмесе, сатып алушы сатып алған мулікке сатушының кепіл салу құқығы төлемдерді уақтылы өтеудің қамтамасыз етілуі болып қызмет етеді.

#### **109-бап. Жекешелендіруден алынған қаражат**

1. Республикалық меншікті жекешелендіруден алынған қаражат – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына, коммуналдық меншікті жекешелендіруден алынған қаражат тиісті жергілікті бюджетке жіберіледі.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын сатудан алынған қаражатты пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен белгіленеді.

2. Жекешелендіру бойынша сауда-саттықты дайындау және өткізу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 109-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI Занымен  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **110-бап. Сатып алу-сату шартының орындалуын бақылау**

1. Жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарты талаптарының тиісінше орындалуын кейіннен бақылауды сатушы жүзеге асырады.

2. Шарт талаптарының орындалуын бақылау сатып алушының міндеттемелерді орындауы аяқталған кезге дейін жүргізіледі.

Сатушы бақылауды жүзеге асыру үшін сатып алу-сату шартын, оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан шартты орындауға байланысты құжаттармен танысады және жұмысқа сарапшыларды, бағалаушыларды, сондай-ақ консультациялық, аудиторлық және өзге де ұйымдарды тартады.

**Ескерту. 110-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 10.01.2018 № 134-VI Занымен  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **111-бап. Жекешелендірілген кәсіпорынның меншік иесінің қоршаған ортаға келтірілген залал үшін жауаптылығы**

1. Алдыңғы жекешелендірудің шаруашылық қызметі салдарынан қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына келтірілген залал үшін жекешелендіру объектісінің бұрынғы меншік иесі – мемлекет жауаптылықта болады.

2. Қоршаған ортаға келтірілген зиянды, сондай-ақ экологиялық тәуекелді жаңа меншік иесіне бөлу немесе аудару оның келісімімен ғана мүмкін болады.

3. Жекешелендіруден кейін қалдықтарға меншік құқығы, сондай-ақ қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу және оларды жою, жерді рекультивациялау мен қалпына келтіру жөніндегі міндеттемелер жаңа меншік иесіне өтеді.

4. Қоршаған ортаға жаңа меншік иесінің шаруашылық қызметінен келтірілген зиян үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

#### **112-бап. Сатып алу-сату шартын жарамсыз деп тану және бұзу**

1. Жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шартын соттың жарамсыз деп тануына:

- 1) объектіні сатып алуға құқығы жоқ тұлғаға оны сату;
- 2) сатып алушыға заңсыз женілдіктер мен артықшылықтар беру;
- 3) сауда-саттық жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзу;

4) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де негіздер негіз болып табылады.

2. Сатып алушы сатып алу-сату шарты жарамсыз деп танылғанға дейін жекешелендіру объектісін кейіннен иеліктен шығарған жағдайда Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 260 - 262-баптарында көзделген қагидалар бойынша оны иеленушіден талап ету мүмкін болады.

3. Егер тарап талап-арызды шартта келтірсе, сатып алу-сату шартының жарамсыз деп танылуына байланысты даулар бойынша талап қоюдың өту мерзімі оған қол қойылған күннен бастап алты айды құрайды. Өзге мүдделі тұлғалар не прокурор талап-арыз келтірген жағдайда, даулар бойынша талап қоюдың өту мерзімі шартты жарамсыз деп тануға негіз болып табылатын мән-жайлар туралы талапкер білген немесе білуге тиісті болған күннен бастап алты айды құрайды, бірақ ол шартқа қол қойылған күннен бастап үш жылдан кеш болмауға тиіс.

4. Жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген негіздер бойынша және тәртіппен бұзылуы мүмкін.

5. Сатып алу-сату шартының бұзылуы тараптардың шарт бұзылғанға дейінгі міндеттемелері бойынша өздері орындағандарын қайтаруына және шартты бұзған тараптың залалдарды өтеуіне әкеп соғады.

#### **113-бап. Мемлекеттік тұрғын үй қорының объектілерін жекешелендіру**

Мемлекеттік тұрғын үй қорының объектілерін жекешелендіру ерекшеліктері "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

**3-параграф. Мемлекеттік мұлікті иеліктен шығарудың өзге де тәсілдері**

**114-бап. Мұлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына не акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алу ақысына мұліктік салым ретінде беру**

1. Республикалық мұлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына не акционерлік қоғам акцияларын төлеуге беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

2. Коммуналдық мұлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына не акционерлік қоғам акцияларын төлеуге беру туралы шешімді тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің жергілікті атқарушы органды қабылдайды.

3. Стратегиялық объектілерге жататын мемлекеттік мұлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына не акционерлік қоғамдар акцияларын төлеуге беру стратегиялық объектілермен мәмілелер жасау жөніндегі талаптар сақтала отырып жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік меншікте ғана болуы мүмкін мемлекеттік мұлік, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес иеліктен шығаруға жатпайтын мемлекеттік мұлік жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына не акционерлік қоғам акцияларын төлеуге мұліктік салым ретінде пайдаланылмайды.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мұлік Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттармен және тәртіппен ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг, ұлттық компания акцияларын төлеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған жағдайларда өзге де занды тұлғаларға берілуі мүмкін. Сондай-ақ жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік мұлікті иелену және (немесе) пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 59-бабы 1-тармағының және "Акционерлік қоғамдар туралы" және "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы зандарының қағидалары бойынша жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына мұліктік салым ретінде не акционерлік қоғам акцияларын төлеуге берілуі мүмкін.

**Ескерту. 114-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен  
(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі).**

### **115-бап. Жер участекелерін иеліктен шығару**

Жер участекелерін жеке меншікке беру Қазақстан Республикасының Жер кодексінде көзделген арнайы рәсімдер шенберінде жүзеге асырылады.

### **116-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бекітіліп берілген мемлекеттік мұлікті иеліктен шығару**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне бекітіліп берілген мемлекеттік мұлікті иеліктен шығару "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

### **117-бап. Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мұліктің құрамына түсken мұлікті иеліктен шығару**

Осы Заңның 210-бабында көзделген жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мұліктің құрамына түсken мұлікті иеліктен шығару осы Заңның 213-бабында белгіленген рәсімдер шенберінде жүзеге асырылады.

### **118-бап. Діни бірлестіктердің меншігіне ғибадат үйлерін (ғимараттарын) және ғибадат ету мақсатындағы өзге де мұлікті беру**

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары мемлекет меншігіндегі ғибадат үйлерін (ғимараттарын) және ғибадат ету мақсатындағы өзге де мұлікті діни бірлестіктердің меншігіне беруге құқылы. Діни бірлестіктердің өздеріне ғибадат үйлерін (ғимараттарын) іргелес жатқан аумағымен қоса берілуіне басым құқығы бар.

2. Алынып тасталды - ҚР 2011.10.11 № 484-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

**Ескерту. 118-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.10.11 № 484-IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **119-бап. Мемлекеттік заттай грантты жеке меншікке беру**

Республикалық немесе коммуналдық мұлікке жататын мемлекеттік заттай грантты жеке меншікке беру Қазақстан Республикасының Кесіпкерлік кодексінде көзделген тәртіппен және талаптармен жүргізіледі.

**Ескерту. 119-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.10.2015 № 376-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **119-1-бап. Мемлекеттік мұлікті дербес білім беру үйымына өтеусіз беру**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік мұлікті дербес білім беру үйымына өтеусіз береді.

**Ескерту. 3-параграф 119-1-баппен толықтырылды - ҚР 21.07.2015 № 337-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **119-2-бап. Электр желілерін өтеусіз беру**

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес иесіз деп танылған электр желілерін жергілікті атқарушы органдар электр желілеріне бұлар тікелей қосылған энергия беруші үйымдарға өтеусіз береді.

**Ескерту. 10-тарау 119-2-баппен толықтырылды - ҚР 11.07.2017 № 89-VI**

**Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **119-3-бап. Байланыс жолдарын (желілерін), құрылыштарын өтеусіз беру**

Құрылыш салу аймағынан шығарылған байланыс жолдарын (желілерін), құрылыштарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылышқа тапсырыс беруші реконструкциялау участкесінде шығару (көшіру) жүзеге асырылған байланыс жолдарының (желілерінін), құрылыштарының меншік иесі болып табылатын үйымның меншігіне өтеусіз беруге тиіс.

**Ескерту. 10-тарау 119-3-баппен толықтырылды - ҚР 05.10.2018 № 184-VI**

**Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **120-бап. Мемлекеттік мүлікті шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне өтеусіз беру**

1. Сауда-делдалдық қызметті қоспағанда, бір жылдан астам пайдаланылмаған мемлекеттік меншік объектілері өндірістік қызметті үйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету салаларын дамыту үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлікпен басқаруға шарт жасалған кезден бастап бір жыл өткен соң кейіннен меншікке өтеусіз беру арқылы берілуі мүмкін.

2. Шағын кәсіпкерлік субъектісінің мүліктік жалдау (жалға алу) немесе сенімгерлікпен басқару шарттарының талаптарын орындауды бақылауды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшелері немесе жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

3. Өндірістік қызметті үйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету салаларын дамыту үшін мүліктік жалдауға (жалға алу) немесе сенімгерлікпен басқаруға берілген мемлекеттік меншік объектілерін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне өтеусіз беру мүліктік жалдау (жалға алу) немесе сенімгерлікпен басқару шарттары жасалған кезден бастап бір жыл өткеннен кейін, оларда көзделген талаптар орындалған жағдайда жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерін өндірістік қызметті үйымдастыру және халыққа қызметтер көрсету саласын дамыту үшін кейіннен меншігіне өтеусіз бере отырып, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне

мұліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлік басқаруға беру тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындаиды.

**Ескерту. 120-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**121-бап. Мемлекетке тиесілі болмайтын мұлікті және жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мұліктің құрамына түсken мұлікті иеліктен шығару**

1. Егер Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына орай мемлекетке тиесілі болмайтын мұлік мемлекеттік мұліктің құрамына түссе, осы мұлікке құқықты иеленген кезден бастап бір жыл ішінде бұл мұлік иеліктен шығарылуға тиіс, ал мұлікті өткізуден түсken қаржат бюджет есебіне жатқызылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген мұлік осы Заңының 213-бабының қағидалары бойынша иеліктен шығарылады.

**4-параграф. Мемлекеттік мұлікті мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына тікелей атаулы сату**

**Ескерту. 10-тарау 4-параграфпен толықтырылды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**121-1-бап. Мемлекеттік мұлікті мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына оны кері сатып алу міндеттемесімен тікелей атаулы сату**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару туралы шешімінде айқындалған мемлекеттік мұлік объектілері мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына тікелей атаулы сатуға жатады.

2. Мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару шарттарына сәйкес мемлекеттік мұлікті мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына оны кері сатып алу міндеттемесімен тікелей атаулы сатуды мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік ислам бағалы қағаздарын шығару туралы шешімі негізінде жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына сатылған мұлікті кепілге салуға және оған өндіріп аруды қолдануға, сондай-ақ мұндай мұлікке тыйым салуды қодануға жол берілмейді.

**5-БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТТІК МҰЛІКТІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН БАСҚАРУ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**11-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТ МҰЛКІНЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ  
ЖУЗЕГЕ АСЫРУЫ**

**1-параграф. Мемлекеттік заңды тұлғалар туралы жалпы ережелер**

**122-бап. Мемлекеттік занды тұлғалардың мүлкіне қатысты мемлекеттік меншік құқығын жүзеге асыру**

1. Республикалық занды тұлғалардың мүлкіне қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын Қазақстан Республикасының атынан мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік орган атқарады.

2. Республикалық занды тұлғаларды басқаруды тиісті салалардың уәкілетті органдары жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті саланың уәкілетті органын айқындаған республикалық занды тұлғаларға қатысты, сондай-ақ тиісті саланың уәкілетті органында мемлекеттік занды тұлғаларды басқаруды жүзеге асыратын құқықтар тоқтатылған кезде тиісті саланың уәкілетті органының функцияларын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган атқарады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

4-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

4. Коммуналдық занды тұлғаларға қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары немесе аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары жүзеге асырады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

5-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

5. Жергілікті атқарушы орган немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің коммуналдық заңды тұлғаларын басқаруды жүзеге асыратын орган ретінде өрекет етеді.

Ескерту. 122-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2013 N 101-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Зандарымен.

#### **123-бап. Мемлекеттік заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу**

1. Мемлекеттік заңды тұлға мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеледі және заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

Мемлекеттік заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, сондай-ақ "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда мемлекеттік заңды тұлға қайта тіркелуге жатады.

#### **124-бап. Мемлекеттік заңды тұлғалардың құрылтай құжаттары**

1. Мемлекеттік кәсіпорынның құрылтай құжаты – жарғы, ал мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты жарғы немесе ереже болып табылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

1-тармақтың екінші белгінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

Респубикалық мемлекеттік мекеменің жарғысын (ережесін) – тиісті саланың уәкілетті органы, ал коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысын (ережесін) жергілікті атқарушы орган немесе жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты бекітеді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**1-тармақтың үшінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI**

**Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).**

Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның жарғысын – мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік орган, ал коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның жарғысын жергілікті атқарушы орган немесе жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты бекітеді.

**2. Мемлекеттік заңды тұлғаның жарғысында (ережесінде):**

- 1) мемлекеттік заңды тұлғаның түрі туралы нұсқау;
- 2) атауы ( фирмалық атауы);
- 3) құрылтайшы және тиісті саланың уәкілетті органы туралы мәліметтер;
- 4) тұрған орны;
- 5) қызметінің нысанасы мен мақсаттары;
- 6) басшысының өкілеттігі;
- 7) байқау кеңесі құрылған жағдайларда оның өкілеттігі;
- 8) жұмыс режимі;
- 9) мұліктің құралу тәртібі;
- 10) қайта ұйымдастыру және тарату талаптары болуға тиіс.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**2-тармақтың екінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).**

Жарғыда (ережеде) заңды тұлға мен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты, заңды тұлға мен тиісті саланың уәкілетті органы, заңды тұлғаның әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынастар да айқындалады. Жарғыда (ережеде) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелер болуы мүмкін.

3. Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекеменің құрылтай құжатына, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе оны құру жөніндегі жеке актіде өзгеше көзделмесе, осы баптың қағидалары қолданылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

4-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

4. Мемлекеттік мекеме – тиісті саланың уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен, ал мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекіткен үлгілік жарғының (жалпы ереженің) негізінде қызметтің жүзеге асырады.

Ескерту. 124-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңдарымен.

**125-бап. Мемлекеттік кәсіпорынның фирмалық атауы, мемлекеттік мекеменің атауы**

**РҚАО-ның**

**ескертпесі!**

1-тармақтың өзгеріс енгізілген осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық

округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

1. Мемлекеттік кәсіпорынның фирмалық атауында мемлекеттік меншік түріне (республикалық немесе коммуналдық) тиесілілігі, ведомствоның бағыныстырылғы (ол болған кезде) көрсетілуге тиіс. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорынның фирмалық атауында оның қазыналық екендігі де көрсетілуге тиіс.

Мемлекеттік мекеменің атауында мемлекеттік меншік түріне (республикалық немесе коммуналдық) тиесілілігі, ұйымдық-құқықтық нысаны және ведомствоның бағыныстырылғы көрсетілуге тиіс. Мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелердің атауы Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе олардың құру жөніндегі жеке актіде айқындалады.

2. Мемлекеттік заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және заңды тұлғаның атауы жазылған мөрі болады.

**Ескерту. 125-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз)** Заңмен.

#### **126-бап. Мемлекеттік заңды тұлға қызметінің нысанасы мен мақсаттары**

**РҚАО-ның**

**ескертпесі!**

1-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

1. Мемлекеттік мекеме қызметінің нысанасы мен мақсаттарын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган не жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты айқынрайды және олар мемлекеттік мекеменің жарғысында (ережесінде) бекітіледі.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсаттарын, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорын түрін (шаруашылық жүргізу құқығындағы немесе қазыналық кәсіпорын) – осы Заңының 134-бабының талаптарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган, ал коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсаттарын, түрін жергілікті атқарушы орган немесе жергілікті қоғамдастық

жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты айқындайды.

2. Мемлекеттік занды тұлғаларға (мемлекеттік органдардан басқа) мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын беруге жол берілмейді.

3. Егер осы Заңның 135-бабының 3-тармағында және Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік занды тұлға басқа занды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

4. Мемлекеттік занды тұлғаларға жарғыда (ережеде) бекітілген өз қызметінің нысанасы мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

#### **РҚАО-ның ескертпесі!**

5-тармақтың бірінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

5. Мемлекеттік занды тұлға Қазақстан Республикасының зандарында немесе құрылтай құжаттарында нақты шектелген қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыretін бұза отырып жасаған мәміле:

тиісті саланың уәкілетті органының;

мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органының;

жергілікті атқарушы органының;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының;

прокурордың талап арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Мемлекеттік занды тұлға басшысының занды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

**Ескерту. 126-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңымен.**

1. Мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін заңды тұлғаның активтері құрайды, оның құны өзінің балансында көрсетіледі.

2. Мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкі бөлінбейтін мүлік болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғаның қызметкерлері арасында бөлінбейді.

3. Мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде ие болған мүлік (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

**128-бап. Шаруашылық жүргізу құқығына және жедел басқару құқығына ие болу және оны тоқтату**

1. Егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, шаруашылық жүргізу құқығына және жедел басқару құқығына ие болу және оны тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығына және өзге де заттық құқыққа ие болу және оны тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше көзделмесе, меншік иесі бұрын құрылыш қойған мемлекеттік заңды тұлғаға бекітіп беру туралы шешім қабылдаған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы немесе оны жедел басқару құқығы осы мемлекеттік заңды тұлғада мүлік оның балансына бекітіп берілген кезде пайда болады.

3. Шаруашылық жүргізудегі (жедел басқарудағы) мүлікті пайдаланудан алынған жемістер, өнім мен табыстар, сондай-ақ шарттар немесе өзге де негіздер бойынша мемлекеттік заңды тұлға сатып алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығына ие болу үшін белгіленген тәртіппен мемлекеттік заңды тұлғаның шаруашылық жүргізуіне (жедел басқаруына) түседі.

4. Мүлікке шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында меншік құқығын тоқтату үшін көзделген негіздер бойынша және тәртіппен, сондай-ақ осы Заңның 144, 154, 162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

**129-бап. Мемлекеттік меншік не ведомстволық бағыныстылық түрінің өзгеруі кезінде мемлекеттік заңды тұлғаның мүлікке құқықтарды сақтауы**

Мемлекеттік заңды тұлғаның мүлкін респубикалық меншіктен коммуналдық меншікке немесе керісінше, не тиісті саланың бір уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) бағынысынан екіншісінің бағынысына берген кезде мұндай мемлекеттік заңды тұлға өзіне тиесілі мүлікке құқықтарды сақтайды.

**130-бап. Мемлекеттік заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру және тарату**

**РҚАО-ның**

**ескертпесі!**

1-тармақтың бірінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

1. Республикалық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру және тарату – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен, ал коммуналдық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен жүргізіледі.

Мемлекеттік заңды тұлға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңның 97-бабының 5-тармағында, 98-бабының 4-тармағында көзделген басқа негіздер бойынша да таратылады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, республикалық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімімен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

1-тармақтың төртінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

Коммуналдық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты жүзеге асырады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**2-тармақтың бірінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI**

Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

2. Таратылған мемлекеттік занды тұлғаның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкін мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган не аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты қайта бөледі.

Таратылған мемлекеттік занды тұлғаның мүлкін өткізу нәтижесінде алғашқы қаражатты қоса алғанда, осы занды тұлғаның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

Ескерту. 130-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 22.04.2015 № 308-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Зандарымен.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

131-баптың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

**131-бап. Мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) мемлекеттік занды тұлғаның шағым жасауы**

Мемлекеттік занды тұлға мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның және тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органының, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының мұлікті қайта бөлумен байланысты әрекеттерін (әрекетсіздігін) қоса алғанда, мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ мемлекеттік занды

тұлғаның құқықтарын бұзатын басқа да әрекеттерге (әрекетсіздікке) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасауға құқылы.

Ескерту. 131-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз).

**2-параграф. Мемлекеттік кәсіпорын туралы жалпы ережелер**

**132-бап. Мемлекеттік кәсіпорындар түрлері**

Мемлекеттік кәсіпорындарға:

1) шаруашылық жүргізу;

2) жедел басқару (қазыналық кәсіпорындар) құқықтарына негізделген мемлекеттік кәсіпорындар жатады.

**133-бап. Мемлекеттік кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату**

РҚАО-ның

ескертпесі!

1-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

1. Республикалық мемлекеттік кәсіпорынды – Қазақстан Республикасының Үкіметі, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынды жергілікті атқарушы орган немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты құрады.

2. Мемлекет мынадай:

1) мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, қорғаныс қабілетін немесе қоғамның мұдделерін қорғауды қамтамасыз етудің өзге мүмкіндігі болмаған;

2) мемлекетке тиесілі стратегиялық объектілер пайдаланылған және күтіп-ұсталған;

3) мемлекеттік монополияға жатқызылған салалардағы қызмет жүзеге асырылған;

4) тиісті тауар нарығында бәсекелестік болмаған не даму деңгейі төмен болған;

5) мұндай құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларда мемлекеттік кәсіпорындар құрады.

3. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайларда мемлекеттік кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрады.

Осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдайларда, мемлекеттік кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының Үкіметі не Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрады.

#### **РҚАО-ның ескертпесі!**

3-тармақтың үшінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

Қалған жағдайларда мемлекеттік кәсіпорындарды Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (республикалық кәсіпорындарды) немесе жергілікті атқарушы орган не аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты (коммуналдық кәсіпорындарды) құрады.

Мемлекеттік кәсіпорындарды құру осы Заңың 134-бабында белгіленген шектеулер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату осы бапта белгіленген ерекшеліктерімен қоса, осы Заңың 130-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

#### **РҚАО-ның ескертпесі!**

5-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік

туралы" Занының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қарандыз).

5. Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынды қазыналық кәсіпорын етіп қайта құру – мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілдегі органмен келісілген тиісті саланың уәкілдегі органының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен, шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынды қазыналық кәсіпорын етіп қайта құру жергілікті атқарушы органның шешімімен немесе жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен жүргізіледі.

6. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынды қазыналық кәсіпорын етіп қайта құру бойынша барлық шығыстар, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорынның өзінде жеткілікті қаражат болмаған кезде қайта құрылатын мемлекеттік кәсіпорынның өз кредиторларымен есеп айырысулаты тиісті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

7. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның негізінде құрылатын қазыналық кәсіпорын оған бұрын бөлінген мемлекеттік мұлік және ақша бойынша, сондай-ақ жер пайдалану, табиғат пайдалану, жер қойнауын пайдалану, квоталар, лицензиялар беру және бұрын жасалған шарттар бөлігінде, егер осылар жаңадан құрылған қазыналық кәсіпорын қызметінің нысанасы мен мақсаттарына сәйкес келетін болса, қайта құрылатын мемлекеттік кәсіпорынның құқықтық мирасқоры болып табылады.

8. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынды қазыналық кәсіпорын етіп қайта құру кезінде оған бекітіліп берілген мұліктің құқықтық режимі мемлекеттік кәсіпорынды қайта құру туралы шешім қабылданған кезден бастап шаруашылық жүргізу құқығынан жедел басқару құқығына ауысады.

Ескерту. 133-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.07.10 № 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 22.04.2015 № 308-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен; 03.07.2017 № 86-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қарандыз); 29.06.2020 № 352-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

1. Осы Заңның 133-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік кәсіпорындар құрылуы мүмкін, ал бұрын құрылғандары осы бапта көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін ғана жұмыс істеуі мүмкін.

2. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар өз қызметін:

1) елді мекендердің тіршілігін (энергиямен, газбен, сумен, жылумен жабдықтау, су бұру және коммуналдық қалдықтарды көму, қалдықтар полигондарын құру және пайдалану) қамтамасыз ету;

2) табиғат пайдаланудың және орман өсірудің шектеулі режимі бар орман саябақтары, жасыл және қорғаныш аймақтарын құру;

3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы мен оның ведомстволарының және Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызмет органдарының өздеріне жүктелген функцияларын, сондай-ақ астананың және Алматы қаласының жергілікті атқарушы органдарының мемлекет мұқтажы үшін жер участекерін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды, оларды ғимараттардан (құрылыштардан, құрылышжайлардан) босатуды қамтамасыз ету саласындағы функцияларын жүзеге асыруына ықпал ету;

4) мемлекеттік автомобиль жолдарын күтіп ұстau;

4-1) автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстau кезінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жасау, сондай-ақ жол активтерін басқару;

5) денсаулық сақтау; бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру;

5-1) өмірлік қыын жағдайда жүрген адамдар (отбасылар) үшін арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

5-2) протездік-ортопедиялық және есту протездік көмек көрсету;

5-3) халықты жұмыспен қамту саласында қызметтер көрсету;

6) спорттық-сауықтыру объектілерін, мәдениет және демалыс саябақтарын пайдалану;

7) ғылыми зерттеулер, ғылыми қызметтің нәтижелерін коммерцияландыру;

7-1) заңнамалық актілердің жобаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болуга ниеттенетін халықаралық шарттарға, халықаралық шарттардың жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптаманы қамтамасыз ету, заңнаманың тиімділігін талдауды (нормативтік құқықтық актілерді талдауды), Қазақстан Республикасының заңнамасын дамытудың ғылыми тұжырымдарын

әзірлеуді, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу кезінде іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуі қамтамасыз ету;

7-2) заңнамалық актілерді ағылшын тіліне аударуды және оларға қол жеткізуді қамтамасыз ету;

8) топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстарды жүргізу, мемлекеттік жер кадастры үшін жерге орналастыру жұмыстарын, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ақпараттық дерекқорды, экологиялық ақпараттың мемлекеттік қорын және Қазақстан Республикасы табиғи ресурстарының мемлекеттік кадастрларын, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының талдамалық және әлеуметтанушылық зерттеулерінің, оның ішінде халықаралық ұйымдармен бірлескен зерттеулердің бірынғай дерекқорын жүргізу;

9) мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы жүйелері мен құрылыштарын күтіп-ұстау, пайдалану, жөндеу және реконструкциялау, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

10) өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині, карантинге жатқызылған өнімнің карантиндік фитосанитариялық сараптамасы;

11) тарих және мәдениет ескерткіштерін ғылыми зерттеу, консервациялау, реставрациялау, қайта жасау, жөндеу және бейімдеу жөніндегі жұмыстарды орындау;

12) теңіз портының қызметі;

13) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдаланушыларға аэронавигациялық қызмет көрсетуді ұсыну;

14) мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және сақтау;

15) техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында және стандарттау саласында өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

15-1) экономика, құрылыштағы баға белгілеу және басқару саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру;

16) қылмыстық-атқару жүйесі саласында өндірістік қызметті жүзеге асыру және сотталғандардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру;

17) алып тасталды - ҚР 2013.01.29 N 74-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

18) мынадай функцияларды:

жануарлар ауруларының диагностикасы жөніндегі референттік функцияны; эпизоотиялық мониторингті;

Сақтаулы микроорганизмдер штаммдарының ұлттық коллекциясын жүргізуді;

ветеринариялық препараттарды, жемшөп қоспаларын тіркеу сынақтарынан, байқаудан өткізуді, сондай-ақ препараттарға шағым түскен кезде олардың серияларын (партияларын) бақылауды;

тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мониторингті, референцияны;

ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары қауіпсіздігінің мониторингін;

жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар өткізуді;

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді;

ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуді;

жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды тасымалдау (жеткізу), сақтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттарды тасымалдау (жеткізу) бойынша қызметтер көрсетуді;

құрылышын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұйымдастырған мал қорымдарын (биотермиялық шұнқырларды), сою аландарын (ауыл шаруашылығы жануарларын сою аландарын) күтіп-ұстауды;

қанғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды;

ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізуді, ұсынуды;

ветеринариялық анықтама беруді;

ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді және одан үзінді көшірме беруді;

биологиялық материалдың сынамаларын алуды және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізуді;

ауру жануарларды санитариялық союға тасымалдау бойынша қызмет көрсетуді;

микроорганизмдердің штамдарын депонирлеуді;

жануарлардың Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет анықталған аса қауіпті және экзотикалық ауруларын диагностикалауды жүзеге асыру;

**19) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**

**20) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған**

күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

20-1) пайдаланылмайтын мұлікті өткізу (оның ішінде экспорттау), құртып жіберу, кәдеге жарату, көму арқылы жою және қайта өндешу, қорғаныс объектілерін жалға беру, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының мұқтаждары, мемлекеттік материалдық резерв, жұмылдыру, ғарыш қызметі үшін әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді сатып алу (оның ішінде импорттау), сондай-ақ әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді) экспорттау;

21) алып тасталды - ҚР 08.04.2016 № 490-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

22) алып тасталды - ҚР 17.11.2015 № 408-В Заңымен (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

23) мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізу;

24) төтенше және авариялық жағдайларда жүргізілетін тау-кен құтқару, бұрқаққа қарсы, газдан құтқару, профилактикалық жұмыстарды, сондай-ақ өртті сөндіруге және алғашқы медициналық көмек көрсетуге байланысты жұмыстарды және басқа да авариялық-құтқару жұмыстарын орындау;

25) метрополитенді пайдалану (күтіп-ұстай, дамыту), сондай-ақ метрополитенмен жолаушылар мен бағаж тасымалын іске асыру;

26) алып тасталды - ҚР 17.11.2015 № 408-В Заңымен (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

27) азаматтық қорғаныстың арнаулы инженерлік іс-шараларын орындау;

28) зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласында жүзеге асырады.

3. Қазыналық кәсіпорындар өз қызметін:

1) алып тасталды - ҚР 11.04.2014 № 189-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) денсаулық сақтау;

3) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, қосымша білім беру, техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру;

3-1) егер олар Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру үйымдары болса, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жұмыспен қамту, мәдениет және спорт;

4-1) өмірлік қыын жағдайда жүрген адамдар (отбасылар) үшін арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

4-2) протездік-ортопедиялық және есту протездік көмек көрсету;

5) ғылыми зерттеулер;

6) биологиялық әртүрлілікті және тектік қорды сақтау мақсатында жануарлар, өсімдіктер дүниесі объектілерін қорғауды, тұрақты пайдалануды, молайтуды және жасанды түрде өсіруді, сондай-ақ табиғатты (зоологиялық саябақтарды, ботаникалық бақтарды, дендрологиялық саябақтарды) қорғауды, орман қорын күзету және қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету;

7) алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) өмірлік қыын жағдайда жүрген адамдар (отбасылар) үшін арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету;

9) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) кемелерді сыныптау және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

11) сот-сараптама қызметі саласында жүзеге асырады.

3-1. Жергілікті атқарушы органдар құратын мемлекеттік ветеринариялық үйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабында көрсетілген ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызмет түрлерін жүзеге асыра алады.

4. Мемлекеттік кәсіпорындарға – табиғи және мемлекеттік монополиялар субъектілеріне осы Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделмеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

Ескерту. 134-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.21 N 468-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.09 N 535-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 N 540-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан

кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2013.01.29 № 74-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.01.2014 № 167-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2014 № 225-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2014 № 236-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.06.2015 № 322-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 362-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 366-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 490-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.02.2017 № 49-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.05.2017 № 64-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.11.2017 № 112-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.04.2018 № 147-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз); 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **135-бап. Мемлекеттік кәсіпорынның мұлкіне билік ету**

1. Мемлекеттік кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.
2. Мемлекеттік кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мұлікті сатып алушату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.
3. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысуышы) бола алмайды.

**Ескерту. 135-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 22.04.2015 № 308-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **136-бап. Мұліктік кешен ретінде мемлекеттік кәсіпорын**

1. Мұліктік меншік ретінде мемлекеттік кәсіпорынның құрамына оның қызмет етуіне арналған мұліктің барлық түрлері, оның ішінде ғимараттар, құрылыштар, жабдық, құрал-сайман, шикізат, өнім, жер участесіне құқық, талап ету құқықтары, борыштар, сондай-ақ оның қызметін дараландыратын белгілеулерге ( фирмалық атауы, тауар таңбалары) құқықтар және басқа да ерекше құқықтар кіреді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

2-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

2. Республикалық мемлекеттік кәсіпорынға қатысты, осы кәсіпорын бірыңғай мұліктік кешен ретінде әрекет ететін тұста мәмілелер (кепіл, жалға алу және басқалары) жасау – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен, ал коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға қатысты жергілікті атқарушы органның шешімімен немесе жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен жүргізіледі.

**Ескерту. 136-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңымен.**

**137-бап. Мемлекеттік кәсіпорынның заңсыз алған табыстарын алып қою**

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, мемлекеттік кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

**138-бап. Мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

**РҚАО-ның**

**ескертпесі!**

1-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

1. Жыл сайын респубикалық мемлекеттік кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін – тиісті саланың уәкілетті органы, ал коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жергілікті атқарушы орган немесе жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты белгілейді.

2. Еңбекке ақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде дербес айқындайды.

Қазыналық кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**3-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық**

саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Занының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

3. Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (ага) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы және өзге де сыйақы беру жүйесін – тиісті саланың уәкілетті органы, ал коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (ага) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы және өзге де сыйақы беру жүйесін жергілікті атқарушы орган немесе жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты белгілейді.

Ескерту. 138-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Зандарымен.

#### **139-бап. Мемлекеттік кәсіпорынды басқару**

1. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес:

республикалық мемлекеттік кәсіпорын басшысының тиісті саланың уәкілетті органымен;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

1-тармақтың үшінші абзацының осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңна сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Занының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның жергілікті атқарушы органмен немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратымен еңбек шартын жасасуы арқылы ресімделеді.

2. Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген талаптардан бөлек, мемлекеттік кәсіпорын басшысының таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін жауапкершілігі айқындалады.

3. Осы Занда көзделген жағдайларда, басшыны тағайындау, басшының кандидатурасын келісу, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындастын және лауазымнан босататын жекелеген мемлекеттік білім беру және мәдениет кәсіпорындарының бірінші басшыларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру үйимдарының бірінші басшыларын қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі үәкілетті орган айқындастын тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы дара басшылық принципі бойынша әрекет етеді және егер осы Занда және кәсіпорынның жарғысында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін осы Занда және мемлекеттік кәсіпорынның жарғысында айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

5. Мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарын іске асыру нәтижелілігіне және тиімділігіне Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес мемлекеттік кәсіпорынның басшысы жауапты болады.

Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

6. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы мемлекеттік кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді, барлық органдарда оның мүддесін білдіреді, осы Занда белгіленген шектерде мемлекеттік кәсіпорынның мүлкіне билік етеді, шарттар жасасады, сенімхаттар береді, банк шоттарын ашады және өзге де мәмілелер жасайды, барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді.

7. Мемлекеттік кәсіпорынның басшысы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шартын бұздады, егер осы Занда және кәсіпорынның жарғысында өзгеше көзделмесе, көтермелей шараларын қолданады және оларды жазалайды.

### **РҚАО-ның ескертпесі!**

7-тармақтың өзгеріс енгізілген екінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1)

тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты басшының ұсынуы бойынша қызметке тағайындастын және қызметтен босататын мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатуrasesы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысында белгіленеді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

8-тармақтың өзгеріс енгізілген бірінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

8. Мемлекеттік кәсіпорын басшысының орынбасарларын тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік кәсіпорын басшысының ұсынуы бойынша қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады.

Мемлекеттік кәсіпорын басшысы орынбасарларының және басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін басшы белгілейді.

9. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

Ескерту. 139-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 07.03.2014 N 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 398-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2018 № 171-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **140-бап. Мемлекеттік кәсіпорындардың қызметін қаржыландыру**

1. Мемлекеттік кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындейды.

1-1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған мемлекеттік кәсіпорынның қызметі өзінің меншікті кірісі есебінен қаржыландырылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептер тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі айқындейды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді.

#### **РҚАО-ның ескертпесі!**

2-тармақтың екінші бөлігі ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді).

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін жергілікті атқарушы орган немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты белгілейді.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың иелігінде қалған таза кірістің бір бөлігін бөлу нормативін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісін бөлу тәртібін олардың өздері айқындайды.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

Төртінші абзац халық саны екі мың адамнан көп болатын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 бастап және халық саны екі мың адам және одан аз болатын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді - ҚР 30.11.2017 № 112-VI Заңымен.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін жергілікті атқарушы орган немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты белгілейді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

Бесінші абзац халық саны екі мың адамнан көп болатын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2018 бастап және халық саны екі мың адам және одан аз болатын аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді - ҚР 30.11.2017 № 112-VI Заңымен.

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың иелігінде қалған таза кірістің бір бөлігін бөлу нормативін жергілікті атқарушы орган немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты белгілейді.

2-1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомствоның бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасына сәйкес ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге аударымдарды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының белгіленген нормативтер бойынша бір бөлігі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

4-тармақтың бірінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа

енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараныз).

4. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің белгіленген бөлігін бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

Мемлекеттік кәсіпорын тиісті бюджетке таза кірістің бір бөлігін аудару мерзімін бұзған кезде таза кірістің бір бөлігінің мерзімінде төленбекен сомасына мерзімі өткен әрбір күн үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 еселенген ресми мөлшерлемесі мөлшерінде өсімпұл есептеледі.

Ескерту. 140-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.11.2017 № 112-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараныз); 19.04.2019 № 249-VI (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

### **3-параграф. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын**

#### **141-бап. Шаруашылық жүргізу құқығының объектісі**

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, кез келген мұлік шаруашылық жүргізу құқығының объектісі болуы мүмкін.

2. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қарамағында не оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін өзіне қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мұлік қана бола алады.

#### **142-бап. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың органдары**

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның органдары оның басшысы, сондай-ақ осы Заңының 148-бабында көзделген жағдайларда байқау кеңесі немесе құрылуды "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге алқалы басқару органдары болып табылады.

Денсаулық сақтау саласындағы байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) шешімі бойынша:

1) атауы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысында айқындалатын алқалы орган немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға болып табылатын орган;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына және (немесе) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына сәйкес өзге де органдар құрылуы мүмкін.

**Ескерту. 142-бап жаңа редакцияда - ҚР 28.12.2018 № 208-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **143-бап. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғылық капиталы**

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшерін оның құрылтайшысы айқындайды, бірақ оның мөлшері шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынға берілетін мүліктің жалпы құнынан аспауға және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу күнінде белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он мың еселенген мөлшерінен кем болмауға тиіс.

Жарғылық капиталдың мөлшері шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысында көрсетіледі.

Меншік иесі (құрылтайши) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу кезіне жарғылық капиталды толығымен қалыптастыруға тиіс.

2. Егер Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері туралы заңдарында жарғылық капиталды қалыптастырудың өзге де тәртіптері мен мөлшері белгіленген болса, онда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар оларды Қазақстан Республикасының осы заңдарында көзделген, бірақ осы баптың 1-тармағында көрсетілгеннен кем болмайтындей мөлшерде қалыптастырады.

#### **144-бап. Шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың ерекшеліктері**

1. Осы Заңның 128-бабының 4-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен бөлек, шаруашылық жүргізу құқығы меншік иесінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін заңды түрде алып қойған жағдайларда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда:

1) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кесіпорынның жарғылық қызметінің мақсатына сай келмейтін мүлікті алып қою (осы Заңының 141-бабының 2-тармағы);

2) артық, пайдаланылмаған не өз мақсатында пайдаланылмаған мүлікті алып қою жатады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

2-тармақтың бірінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

2. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде мемлекеттік мүлік жөніндегі үәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кесіпорынға алып қойылған мүлікті өзге тұлғага бергенге дейін қутіп-ұстаяу және оның сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін белгілейді.

Ескерту. 144-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңымен.

**145-бап. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кесіпорынның мүліктік құқықтарын жүзеге асыру шарттары**

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кесіпорын өзіне шаруашылық жүргізу құқығында бекітіліп берілген, негізгі қуралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

2-тармақтың бірінші абзацының осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын

**қараныз).**

2. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын тиісті саланың уәкілетті органының ұсынуы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жазбаша келісуімен:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) акционерлік қоғамдардың өзіне тиесілі акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгер болуға немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

3-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

3. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде өзгеше белгіленбесе немесе меншік иесі (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты) өзгеше белгілемесе, осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын дербес пайдаланады.

**Ескерту. 145-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңымен.**

**146-бап. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары**

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

2-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

2. Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемдері шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен немесе жергілікті атқарушы органмен не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратымен келісу бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын белгілейді.

2-1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тегін көрсетілетін халықты жұмыспен қамту саласындағы қызметтерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Табиғи монополия немесе мемлекеттік монополия субъектісіне жататын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің және Қазақстан Республикасының өзге де зандарының талаптары ескеріле отырып белгіленеді.

**Ескерту. 146-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз); 16.04.2018 № 147-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

#### **147-бап. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жауаптылығы**

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мұлікпен жауап береді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауаптылықта болмайды.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

147-баптың үшінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына

сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз)  
халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар,  
кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді  
(халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар,  
кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік  
мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

Мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның құрылтайшысы, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе тиісті саланың уәкілетті органы әрекеттерінен туындаған банкроттығы, ал коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның банкроттығына қатысты жергілікті атқарушы органның немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының әрекеттерінен туындаған банкроттығы жағдайларын қоспағанда, оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

Қазақстан Республикасының заңдарында шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның міндеттемелері бойынша мемлекет жауапкершілігінің өзге де жағдайлары белгіленуі мүмкін.

**Ескерту. 147-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңмен.**

**4-параграф. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері**

**148-бап. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынды басқару**

1. Денсаулық сақтау және білім беру саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорында тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) ұсынысы бойынша, осы Заңмен және (немесе) денсаулық сақтау және білім беру саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысымен тиісті сала уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешімін қоспағанда, кәсіпорынның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын байқау кеңесі – басқару органы құрылуы мүмкін.

Білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынды құру, сондай-ақ білім беру және денсаулық сақтау салаларында жұмыс істеп тұрған шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін енгізу

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Байқау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға қойылатын критерийлерді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің саны тақ сан болуға әрі бір-бірімен және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық және жекжаттық қатынастарда болмайтын кемінде бес адамнан құралуға тиіс. Байқау кеңесінің мүшелері шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметкерлерінің штатына кірмейді.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесі құрамының кемінде отыз пайзы байқау кеңесінің тәуелсіз мүшелері болуға тиіс.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесінің құрамына денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның өкілі кіруге тиіс.

Байқау кеңесінің тәрағасы байқау кеңесі мүшелері арасынан байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады.

2. Байқау кеңесін құру тәртібін, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

3. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

4. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы байқау кеңесінің шешіміне сәйкес байқау кеңесі мүшесінің жазбаша өтініші негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауды жүзеге асырады. Тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау қорытындылары бойынша байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу туралы шешім қабылдайды. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысына және байқау кеңесінің мүшелері болып табылатын мемлекеттік қызметшілерге сыйақы төленбейді. Байқау кеңесінің мүшелеріне

сыйақы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты есебінен төленеді.

Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындейды.

6. Байқау кеңесінің хатшысы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қызметкері болып табылады және байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды. Байқау кеңесінің хатшысы байқау кеңесіне есеп береді, оның отырыстарын дайындау мен өткізуді, отырысқа материалдар ресімдеуді қамтамасыз етеді және байқау кеңесі мүшелерінің отырыстар материалдарына қолжетімді болуын қамтамасыз етілуіне бақылау жүргізеді.

Байқау кеңесі хатшысының құзыretі мен қызметі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі құжаттарында айқындалады.

7. Байқау кеңесінің мүшелері өздерінің іс-әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) кәсіпорынның залалға ұшырауына әкеп соқтырған зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын мен тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) алдында жауаптылықта болады.

Байқау кеңесінің мүшелері, егер байқау кеңесі қабылдаған, кәсіпорынның залалға ұшырауына әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады.

Ескерту. 148-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 208-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.11.2019 № 273-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **148-1-бап. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның үлестес тұлғалары**

Мыналар:

1) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның лауазымды адамдарының жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), жұбайының (зайыбының) жақын туыстары;

2) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынмен орындалмаған мәмілелері бар заңды тұлғаның лауазымды адамы;

3) мыналардың:

осы баптың 1) тармақшасында аталған адам өзіне қатысты құрылтайшы болып табылатын заңды тұлғаның;

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның лауазымды адамы өзіне қатысты құрылтайшы болып табылатын заңды тұлғаның;

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын өзіне қатысты құрылтайшы болып табылатын заңды тұлғаның лауазымды адамы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның үлестес тұлғалары болып табылады.

**Ескерту. 11-тaraу 148-1-баппен толықтырылды - ҚР 28.12.2018 № 208-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**149-бап. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің өкілеттіктері**

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) ұсыныстар енгізеді;

5) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органының) ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің,

басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына ұстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындауды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындауды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басқа занды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінде айқындалған өкілеттіктерден басқа денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

1-1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшының немесе алқалы атқарушы орган басшысының бос лауазымына конкурс өткізеді;

2) конкурс нәтижелері бойынша атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшы немесе алқалы атқарушы органның басшысы етіп тағайындауға кандидатураны тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) ұсынады;

2-1) атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшымен немесе алқалы атқарушы органның басшысымен еңбек шартын бұзу туралы тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) шешімін келіседі;

3) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындауды, оның басшысы мен мүшелерін тағайындауды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы болады, ішкі аудит қызметінің

жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысы мен сыйақы беру мөлшерін және шарттарын айқындайды;

4) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық үйім көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындайды;

5) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық құрылымын бекітеді;

6) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындайды;

7) осы Занда және (немесе) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысында көзделген, тиісті сала уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Байқау кеңесінің осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде белгіленген өкілеттіктерін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органына беруге жол берілмейді.

2. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге міндетті.

**Ескерту. 149-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 28.12.2018 № 208-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.11.2019 № 273-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

#### **150-бап. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстарын өткізу тәртібі**

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

2. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның тәрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның), байқау кеңесі мүшесінің немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

3. Байқау кеңесі туралы ережені, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібін тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) бекітеді.

4. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғага (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

5. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

6. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

#### **150-1-бап. Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органдары**

1. Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ағымдағы қызметіне басшылықты атқарушы орган жүзеге асырады. Атқарушы орган алқалы немесе жеке-дара болуы мүмкін.

Атқарушы орган байқау кеңесіне есеп береді.

Атқарушы орган денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның және байқау кеңесінің шешімін орындауға міндettі.

Атқарушы орган осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де зандарымен және денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысымен денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басқа да органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған, денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Алқалы атқарушы органның шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған атқарушы органның отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауыс беруге қойылған мәселелер, алқалы атқарушы органның әр мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетіліп, бұлар бойынша дауыс беру қорытындысы қамтылуға тиіс.

Атқарушы орган мүшесінің дауыс беру құқығын өзге адамға, оның ішінде атқарушы органның басқа мүшесіне беруге жол берілмейді.

2. Тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшыны немесе алқалы атқарушы органның басшысын байқау кеңесінің ұсынуы бойынша лауазымға тағайындауды және оның алдын ала келісімі бойынша лауазымнан босатады.

Тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) атқарушы орган басшысының ұсынуы бойынша алқалы атқарушы органның мүшесін лауазымға сайлайды және лауазымнан босатады.

Атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшыны, алқалы атқарушы органның басшысын тағайындаудың, кандидатурасын келісудің және аттестаттаудан өткізудің осы Заңдың 139-бабының З-тармағында белгіленген тәртібі деңсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынға қатысты қолданылмайды.

Тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) алқалы атқарушы органның басшысымен еңбек шартын жасасады.

### 3. Атқарушы органның басшысы:

1) деңсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган және байқау кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда деңсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын атынан әрекет етеді;

3) банктік шоттар ашады, барлық жұмыскерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

4) үшінші тұлғалармен қатынастарда деңсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның мұддесін білдіру құқығына сенімхат береді;

5) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, деңсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын жұмыскерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, оларға көтермелей шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды атқарушы орган мүшелерінің біріне жүктейді;

7) атқарушы орган мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жаупкершілікті бөледі;

8) деңсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

4. Атқарушы органның мүшесі байқау кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Алқалы атқарушы органның басшысы мен мүшелері немесе атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адам басқа заңды тұлғаның атқарушы органы басшысының не атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын адамныңлауазымын атқаруға құқылы емес.

Атқарушы орган мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысында, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның аталған адаммен жасайтын еңбек шартында айқындалады.

**Ескерту. 11-тарау 150-1-баппен толықтырылды - ҚР 28.12.2018 № 208-VI  
Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 26.11.2019 № 273-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **150-2-бап. Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі аудит қызметі**

1. Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігіне мониторингті жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) шешімі бойынша ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

2. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері байқау кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

3. Ішкі аудит қызметі байқау кеңесіне тікелей бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

**Ескерту. 11-тарау 150-2-баппен толықтырылды - ҚР 28.12.2018 № 208-VI  
Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **151-бап. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның аудиті**

1. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізуге міндетті.

2. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның аудиті байқау кеңесінің, мемлекеттік кәсіпорын басшысының, тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның) бастамасы бойынша мемлекеттік кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

**152-бап. Мұдделер қайшылығы**

Байқау кеңесінің мүшесі шешім қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алуға тиіс. Байқау кеңесінің мүшелеріне шешімдер қабылдаған кезде өзінің жеке мұддесін көздеуіне, сондай-ақ шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін жеке мақсатында пайдалануына тыйым салынады.

**5-параграф. Қазыналық кәсіпорын**

**153-бап. Қазыналық кәсіпорынның мүлкіне билік ету**

**РҚАО-ның**

**ескертпесі!**

153-баптың бірінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

Осы Заңның 135-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіп берілген мүлікті иелікten шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға республикалық қазыналық кәсіпорын – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының жазбаша келісуімен ғана, ал коммуналдық қазыналық кәсіпорын жергілікті атқарушы органының немесе жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жазбаша келісуімен ғана құқылы.

Қазыналық кәсіпорын негізгі құралдарға жатпайтын, өзіне жедел басқару құқығында бекітіліп берілген жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

**Ескерту. 153-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңымен.**

**РҚАО-ның ескертпесі!**

154-баптың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер,

**ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).**

**154-бап. Қазыналық кәсіпорынның жедел басқаруына берілген мүлікті мемлекеттің алып қою және қайта бөлу құқығы**

1. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган не жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімнің аппараты қазыналық кәсіпорынға бекітіп берілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

2. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімнің аппараты қазыналық кәсіпорынға алып қойылған мүлікті өзге тұлғага бергенге дейін күтіп-ұстая және оның сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін белгілеуге құқылы.

**Ескерту. 154-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз).**

**155-бап. Қазыналық кәсіпорынның шаруашылық қызметі**

1. Қазыналық кәсіпорынның шаруашылық қызметі жарғыда бекітілген оның мақсаттарымен және міндеттерімен айқындалады.

2. Өзге шаруашылық қызметтің жүзеге асыруға жол берілмейді.

**156-бап. Қазыналық кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары**

1. Республикалық қазыналық кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**2-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).**

2. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, коммуналдық қазыналық кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың

(жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын жергілікті атқарушы орган немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты белгілейді.

3. Табиғи монополия немесе мемлекеттік монополия субъектісіне жататын қазыналық кәсіпорындарды қоса алғанда, қазыналық кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарының талаптары ескеріле отырып белгіленеді.

Ескерту. 156-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2013 N 101-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз)  
Зандарамен.

#### **157-бап. Қазыналық кәсіпорынның жарғылық капиталы**

Қазыналық кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптастырылады.

#### **158-бап. Қазыналық кәсіпорынның жауаптылығы**

1. Қазыналық кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді.

Қазыналық кәсіпорынды тарату жағдайларын қоспағанда, осы занды тұлғаның қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

2. Қазыналық кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

#### **6-параграф. Мемлекеттік мекеме**

#### **159-бап. Мемлекеттік мекемені құру**

РҚАО-ның

ескертпесі!

1-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

1. Республикалық мемлекеттік мекемені – Қазақстан Республикасының Президенті немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі, коммуналдық мемлекеттік мекемені – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары, сондай-ақ аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналышымен келісү бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты құрады.

2. Мемлекеттің жеке тұлғалармен және мемлекеттік емес заңды тұлғалармен бірлесіп мемлекеттік мекеме құруына жол берілмейді.

3. Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені құрудың ерекшеліктері мен мемлекеттік органдардың мүліктік айналымға қатысуын құқықтық реттеудің ерекшеліктері осы Заңның 163 және 164-баптарында белгіленеді.

**Ескерту. 159-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңымен.**

#### **160-бап. Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру**

**РҚАО-ның**

**ескертпесі!**

1-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

1. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметін тиісті саланың уәкілетті органдары, жергілікті атқарушы органдар немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты бюджеттен қаржыландырады не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырылады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелерге басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе өзге де коммерциялық емес сипаттағы функцияларды жүзеге асырудан бөлек, табыс әкелетін қызметті (ақылы қызметтер көрсету) жүзеге асыру құқығы берілуі мүмкін.

**Ескерту. 160-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңымен.**

**161-бап. Мемлекеттік мекеменің мұліктік құқықтарды іске асыруы**

1. Егер осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде өзгеше көзделмесе, мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мұлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше әдіспен билік етуге құқылы емес.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары мемлекеттік мекемелерінің әскери мұлікті мемлекеттік орган шегінде мемлекеттік органның бірінші басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның шешімі негізінде беруге және қайта бөлуге құқығы бар.

Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде сатып алынатын әскери мақсаттағы тауарларды (өнімдерді), қосарланған мақсаттағы (қолданыстағы) тауарларды (өнімдерді), әскери мақсаттағы жұмыстар мен әскери мақсаттағы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты алушының мемлекеттік мекемелеріне бөлуге құқылы.

2. Білім беру, дene шынықтыру және спорт, сұрыптарды сынақтан өткізу, ауылшаруашылық өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету, суармалы жерлердің мелиорациялық жай-күйін мониторингтеу және бағалау, ветеринария, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларының, Қарулы Күштердің спорт саласында, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету саласында маманданатын, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету саласындағы мемлекеттік мекемелері, сондай-ақ мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік музейлер, музей-қорықтар және мемлекеттік архивтер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында кіріс келтіретін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылуға тиіс.

3. Арнаулы мемлекеттік органдардың жылжымайтын мүлкін беру, өткізу, кәдеге жарату және есептен шығару, сондай-ақ мұліктік жалға беру (жалдау) тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

Ескерту. 161-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2017 № 80-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**162-бап. Мемлекеттік мекеменің жедел басқаруына берілген мұлікті мемлекеттің алып қою және қайта бөлу құқыны**

РҚАО-ның

ескертпесі!

162-баптың бірінші бөлігінің осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган не жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік мекемеге бекітіп берілген мұлікті алып қоюға не оны басқа мемлекеттік заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

Ескерту. 162-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 02.11.2015 № 387-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Зандарымен.

**163-бап. Мемлекеттік органдардың мұліктік қатынастарға қатысуы**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарына, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына орай мемлекеттік органдар

болып табылатын мемлекеттік органдар, егер Қазақстан Республикасының көрсетілген заңнамасында және оларды құру туралы жеке-дара қолданылатын құқықтық актілерде олар заңды тұлғалар ретінде айқындалса, мемлекеттік мекемелер болып танылады.

2. Заңды тұлға ретінде айқындалған мемлекеттік органдар, егер олар азаматтық-құқықтық қатынастарға мемлекет атынан емес, өз атынан қатысса (жалға алу, кенсе керек-жараптарын, жабдықтар сату-сатып алу шарттарын жасаса, зиян келтіргені үшін міндеттемелер бойынша жауаптылықта болса, басқа да азаматтық-құқықтық әрекеттер жасаса) мемлекеттік мекемелер ретінде қарастырылады.

**Ескерту. 163-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 06.04.2016 № 481-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**164-бап. Мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерді құрудың және олардың қызметінің ерекшеліктері**

1. Осы Заңның 163-бабының 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы заңнамасының және мемлекеттік органды құру туралы жеке-дара қолданылатын құқықтық актілердің негізінде құрылады және осы мекеме туралы ережелердің негізінде жұмыс істейді.

2. Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекеме өзінің атынан басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (акционері, қатысуышы, мүшесі) ретінде әрекет етуге құқылы емес. Мемлекеттік заңды тұлғаларды, акционерлік қоғамдарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді құру кезінде мемлекеттік органдар мемлекеттің (Қазақстан Республикасының немесе әкімшілік-аумақтық бөліністің) атынан ғана құрылтайшы (акционер, қатысуыш) ретінде әрекет етуге құқылы.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарын қоспағанда, мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелер кіріс әкелетін қызметпен айналысуға құқылы емес. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда және тәртіппен кіріс әкелетін қызметпен айналысуға құқылы.

Арнаулы мемлекеттік органдар "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 83-бабына сәйкес кіріс әкелетін қызметпен айналысуға құқылы.

4. Мемлекеттік органның құзыреті, құрылымы, ведомстволық бағыныстылығы және функцияларын жүзеге асыруға байланысты басқа да мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы мемлекеттік органдарды құру туралы жеке-дара қолданылатын құқықтық актілерде айқындалады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

4-1-тармақ ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді).

4-1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы құрады, таратады және қайта ұйымдастырады.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына бекітіп берілген мүлікке меншік құқығы немесе өзге де заттық құқық оның құрылтайшысында сақталмайды.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, осы Заңың құші мемлекеттік органдар болып табылатын мемлекеттік мекемелерге қолданылады.

**Ескерту.** 164-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 06.04.2016 № 481-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2017 № 80-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңдарымен.

#### **165-бап. Мемлекеттік мекеменің жауаптылығы**

1. Мемлекеттік мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді.

Мемлекеттік мекеменің қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

2. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

**12-тарау. АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМДАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТКЕ ТИЕСІЛІ АКЦИЯЛАРЫНА ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРИКТЕСТИКТЕРДІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТКЕ ТИЕСІЛІ ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРИНЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЖУЗЕГЕ АСЫРУ**

**166-бап. Акционерлік қоғамдардың акцияларына және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне мемлекеттің өзіне тиесілі құқықтарын жүзеге асыруын құқықтық реттеу**

1. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер құруды, акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарын, мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің басқару органдарын құру мен олардың өкілеттігін құқықтық реттеу осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, "Акционерлік қоғамдар туралы", "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасы қатысатын акционерлік қоғамдарда және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде Қазақстан Республикасының Үкіметі арқылы акционердің (қатысушының) акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) басқаруға қатысу құқығын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

Республикалық меншіктегі акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органына беруі мүмкін. Республикалық меншіктегі акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетіне билік ету құқығы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органда қалады.

Акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыруши тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлердің жалпы жиналышының (қатысушылардың жалпы жиналышының) құзыретіне жататын мәселелер бойынша акционер (қатысушы) ретінде мемлекеттің мүддесін білдіреді.

3. Әкімшілік-аумақтық бөлініс қатысатын акционерлік қоғамдарда және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде әкімшілік-аумақтық бөліністің акционерлік қоғамды (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) акционер (қатысушы) ретінде басқаруға қатысу құқығын жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

**4. Алып тастау көзделген - ҚР 26.12.2018 № 202-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. 166-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.28. № 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа**

енгізіледі), 2012.02.01 N 551-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.12.2018 № 202-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**167-бап. Мемлекеттің акционерлік қоғамдардың акцияларына және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне құқықтарының туындау негіздері**

Мемлекет акционерлік қоғамдардың акцияларына және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлесіне құқықтарды:

- 1) мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерді акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер етіп қайта құру;
- 2) мемлекеттің акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер құруы;
- 3) мемлекеттің акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сатып алуы;
- 4) жарғылық капиталындағы қатысу үлесі осы Заңның 19-бабында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік мүліктің құрамына түскен, өзге де ұйымдық-құқықтық нысандағы мемлекеттік емес коммерциялық ұйымдарды акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер етіп қайта құру;
- 5) "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін мәжбүрлеп сатып алу;
- 6) стратегиялық объектілерді сатып алуға басым құқықты іске асыру;
- 7) осы Заңның 19-бабында көзделген өзге де негіздер бойынша сатып алу жолымен ие болады.

**168-бап. Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерді акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер етіп қайта құру**

Мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерді акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер етіп қайта құру Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жүргізіледі.

**169-бап. Мемлекеттің акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сатып алуы**

1. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін республикалық және коммуналдық мұліктің құрамына сатып алу туралы шешімді тиісінше Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

2. Акционерлік қоғамдардың акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін бюджет қаражаты есебінен сатып алу Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

3. Акционерлік қоғамдардың акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталын ақшадан басқа, өзге мұлікпен төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда мемлекеттік мұлікті беру осы Заңның 114-бабының қағидалары бойынша жүргізіледі.

4. Акционерлік қоғамдардың акцияларын республикалық бюджет қаражаты есебінен сатып алған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысатын акционерлік қоғамдарды құрған кезде республикалық мұліктің құрамына түсетін, акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізіліміндегі акциялар Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның жеке шотының есебіне жатқызылуға тиіс.

Акционерлік қоғамдардың акцияларын жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алған кезде, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бөлініс қатысатын акционерлік қоғамдарды құрған кезде коммуналдық мұліктің құрамына түсетін, акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізіліміндегі акциялар Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мұлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органның жеке шотының есебіне жатқызылуға тиіс.

#### **170-бап. Мемлекеттің акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді құруы**

1. Мемлекет акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді құрған кезде олардың құрылтайшысы Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының атынан акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болады.

3. Әкімшілік-аумақтық бөліністің атынан акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылтайшысы жергілікті атқарушы орган болады.

4. Акционерлік қоғамдарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша құратын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органды және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органды қоспағанда, Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары және мемлекеттік мекемелер акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің құрылтайшысы бола алмайды.

5. Қазақстан Республикасының заңдарында кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге мемлекеттің қатысуына тыйым салулар мен шектеулер белгіленуі мүмкін.

6. Мемлекеттің қатысуымен құрылатын акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталын төлеу Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

7. Акционерлік қоғамның акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталын ақшадан басқа, өзге мүлікпен төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда, мемлекеттік мүлікті беру осы Заңның 114-бабының қағидалары бойынша жүргізіледі.

8. Ұлттық басқарушы холдингердің, ұлттық холдингердің, ұлттық компаниялардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

**171-бап. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің түрлері**

1. Акционерлік қоғамдардың акциялары (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері) кімге тиесілі екендігіне қарай мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер:

1) Қазақстан Республикасы қатысатын акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер;

2) әкімшілік-аумақтық бөлініс қатысатын акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер болып бөлінеді.

2. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларының санына (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы

мемлекетке тиесілі қатысу үлестерінің мөлшеріне) қарай акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер:

1) мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер – жарғылық капиталындағы акционерлік қоғам акцияларының бақылау пакеті немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына қатысуының бақылау үлесі мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер болып бөлінеді. Акционерлік қоғамның акцияларының бақылау пакеті немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына қатысуының бақылау үлесі тиісінше акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының елу пайызынан астамы немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі екендігін білдіреді;

2) мемлекет үстем емес үлеспен қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер – осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген белгілері жоқ акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер болып бөлінеді.

**172-бап. Мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің өзге занды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу ерекшеліктері**

1. Ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг, ұлттық компания немесе мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг, ұлттық компания бақылайтын өзге де акционерлік қоғам немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер нысанында құрылған коммерциялық ұйымдардың, Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен коммерциялық емес ұйымдардың, сондай-ақ шет мемлекеттердің аумағында құрылған ұйымдардың құрылтайшысы (акционерлері және қатысушылары) бола алады.

Ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның немесе мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг, ұлттық компания бақылайтын өзге де акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің өзге ұйымдық-құқықтық нысанда коммерциялық ұйымдар болып табылатын Қазақстан Республикасының занды тұлғаларының құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) ретінде әрекет етуіне жол берілмейді.

2. Ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг, ұлттық компания немесе мемлекет немесе ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг, ұлттық компания бақылайтын өзге де акционерлік қоғам немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік акционерлік қоғамға немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қарағанда өзге мемлекеттік емес коммерциялық ұйымдардың жарғылық

капиталындағы қатысу үлесіне құқықтарға ие болған жағдайда, жарғылық капиталдағы көрсетілген қатысу үлесі, егер осы коммерциялық ұйым акционерлік қоғам немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрылмаса, оған құқыққа ие болған кезден бастап бір жыл ішінде иеліктен шығарылуға жатады.

**173-бап. Занды тұлғалардың жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі бола алмайтын қатысу үлестеріне (пайларға) құқықтарға мемлекеттің ие болуының салдары**

Егер осы Заңның 19-бабында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік мүліктің құрамына акционерлік қоғамға немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қарағанда өзге ұйымдық-құқықтық нысандағы мемлекеттік емес коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы қатысу үлестері (пайлар) түсken болса, жарғылық капиталдағы көрсетілген қатысу үлестері (пайлар), егер занды тұлға акционерлік қоғам немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрылмаса, немесе аталған тұлғаның мүлкі негізінде мемлекеттік занды тұлға құрылмайтын болса, сатудан түсken табысты бюджет есебіне жатқыза отырып, оларға құқыққа ие болған кезден бастап бір жыл ішінде иеліктен шығарылуға жатады.

**174-бап. Акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге мемлекеттің қатысуын тоқтату**

1. Акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге мемлекеттің қатысуы акционерлік қоғамдардың акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сатқан кезде немесе осы Заңның 83-бабында көзделген өзге де негіздер бойынша акционерлік қоғамдардың акцияларына және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне құқықтарды тоқтатқан кезде тоқтатылады.

2. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі қатысу үлестерін сату осы Заңның 10-тaraуының қағидалары бойынша жүргізіледі.

3. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі қатысу үлестерін акционерлік қоғам орналастыратын акцияларды төлеуге немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына салым ретінде беру осы Заңның 114-бабында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

**175-бап. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі қатысу үлестеріне билік ету**

1. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекетке

тиесілі қатысу үлестеріне билік ету осы Заңың 10-тaraуында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

2. Акционерлік қоғамдардың акцияларын (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына қатысу үлестерін) дербес білім беру үйіміна беру жағдайларын қоспағанда, акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларын (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін) өтеусіз беруге жол берілмейді.

3. Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің жарғылық капиталдарына берілген ұлттық компаниялардың акцияларына, сондай-ақ стратегиялық обьектілер болып табылатын, акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі қатысу үлестеріне) билік етуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жол беріледі.

4. Мемлекетке тиесілі акцияларға (жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі қатысу үлестеріне) кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлікпен басқару нысанындағы үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салуға және оларды иеліктен шығаруға осы Заңың 10-тaraуының қағидалары бойынша жол беріледі.

5. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі қатысу үлестерін кепілге қоюға жол берілмейді.

**Ескерту. 175-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.07.2015 № 337-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Заңымен.**

**176-бап. Акционерлік қоғамның мемлекетке тиесілі акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі қатысу үлестерін сенімгерлікпен басқаруға беру**

1. Акционерлік қоғамның мемлекетке тиесілі акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі қатысу үлестерін жеке тұлғалардың және мемлекеттік емес занды тұлғалардың сенімгерлікпен басқаруына беруді, егер берудің нысанасы респубикалық мүлікке жататын – акционерлік қоғамдардың акциялары немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері болып табылса, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

2. Коммуналдық мүлікке жататын – акционерлік қоғамның акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сенімгерлікпен басқаруға беруді жергілікті атқарушы орган жүргізеді.

3. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларын немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі қатысу үлестерін кейіннен сатып алу құқығымен жеке тұлғалардың немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың сенімгерлікпен басқаруына беру осы Заңың 10-тарауында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4. Сыйақы мөлшері, сондай-ақ сенімгерлікпен басқару әрекетінің мерзімі акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шартпен айқындалады.

Акционерлік қоғамдардың акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін сенімгерлікпен басқаруға мемлекеттің дивидендтерге деген өз құқығынан бас тартуы арқылы беруге жол берілмейді.

5. Сенімгерлікпен басқарушыға мынадай:

1) акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысын өзгерту туралы;

2) акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшерін өзгерту (ұлғайту немесе азайту) туралы;

3) акционерлік қоғамды немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестікті тарату, оларды қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ олардың атауларын өзгерту туралы мәселелерді шешуге байланысты мемлекеттің құқықтарын беруге болмайды.

**177-бап. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серіктестікті басқаруға мемлекеттің қатысу құқығы**

1. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамды немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестікті басқаруға мемлекеттің қатысу құқығын мемлекет "Акционерлік қоғамдар туралы" және "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес іске асырады.

2. Акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілген тиісті саланың уәкілетті органды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша шешім қабылданатын:

1) қоғамның жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;

3) жылдық қаржы есептілігін бекіту және қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу;

4) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтерінің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы қоғамның өзге занды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

5) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) "алтын акцияны" енгізу және оның құшін жою;

7) қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің құшін жою мәселелерін қоспағанда, акционердің құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімді дербес қабылдайды.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекеттік қатысу үлестерін иелену және оларды пайдалану құқығы берілген тиісті саланың уәкілетті органы мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша шешім қабылданатын:

1) жарғыға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

2) жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;

3) жылдық қаржы есептілігін бекіту және таза табысты бөлу;

4) серіктестіктің өзге де занды тұлғаларға қатысуы туралы шешім;

5) серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім;

6) серіктестіктің атқарушы органын құру, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) серіктестіктің мүлкін жалға немесе сенімгерлікпен басқаруға беру бойынша мәмілелер туралы шешімдер қабылдау;

8) байқау кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) қатысушыдан жарғылық капиталдағы қатысу үлесін мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім;

10) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

11) серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша байқау кеңесі қабылдаған шешімдердің құшін жою мәселелерін қоспағанда, қатысушының құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешімді дербес қабылдайды.

3. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғам директорлары кеңесінің немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқау кеңесінің құрамына акциялардың (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілген тиісті саланың уәкілетті органының және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның өкілдері кіреді.

4. Акционерлік қоғамдардың директорлар кеңесінің және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің байқау кеңесінің мүшелері болып табылатын мемлекеттік қызметшілерге сыйақы төленбейді.

**178-бап. Мемлекет жалғыз акционері (қатысушысы) болып табылатын акционерлік қоғамды немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестікті басқару**

1. Қазақстан Республикасы тиісінше жалғыз акционері немесе қатысушысы болып табылатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді тарату, қайта ұйымдастыру және олардың атауларын өзгерту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

2. Әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісінше жалғыз акционері немесе қатысушысы болып табылатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді тарату, қайта ұйымдастыру және олардың атауларын өзгерту туралы шешімді жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы берілген тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің) алған таза табысын бөлу туралы шешімнің уақтылы қабылдануын және акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің) мемлекетке тиесілі акцияларға (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлестеріне) арналған дивидендтерді (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің таза табысының бір бөлігін) жалғыз акционер (қатысушы) шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде аударуын қамтамасыз етуге міндетті.

**179-бап. Мемлекет акционері болып табылатын ұлттық компанияны басқару**

1. Мемлекет акционері болып табылатын ұлттық компания өз қызметін жүзеге асыру кезінде экономиканың белгілі бір саласындағы мемлекеттік мүлікті басқару аясында мемлекеттің саясатын жүргізуі қамтамасыз етуге міндетті.

2. Мемлекет жалғыз акционері болып табылатын ұлттық компанияны тарату, қайта ұйымдастыру туралы және оның атауын өзгерту туралы шешімдерді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды тарату,

қайта ұйымдастыру туралы және олардың атауларын өзгерту туралы шешімдерді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары қабылдайды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құратын әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация біреуден артық болмайды.

3. Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компанияның, нәтижесінде құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің оннан жиырма беске дейінгі пайызын құрайтын мүлікті компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді жасауы туралы шешімді компанияның директорлар кеңесі қабылдайды. Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компанияның, нәтижесінде құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің оннан аз пайызын құрайтын мүлікті компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді жасауы туралы шешімді ұлттық компанияның басқармасы қабылдайды.

4. Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компанияның, нәтижесінде құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мүлікті компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді жасауы туралы шешімді компанияның директорлар кеңесінің ұсынуы бойынша (ұлттық компанияның жалғыз акционерінің шешімімен) ұлттық компания акционерлерінің жалпы жиналышы қабылдайды.

5. Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес осы баптың 3 және 4-тармақтарының талаптары қызметінің негізгі нысанасы Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ халықаралық мамандандырылған көрменің аумағын көрмеден кейін пайдалану болып табылатын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаға қолданылмайды.

Жоғарыда көрсетілген заңды тұлғаның құны осындай компания активтері құнының жалпы мөлшерінің елу пайызынан кем мөлшерін құрайтын мүлікті нәтижесінде осындай компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (мүмкін, сатып алынған немесе иеліктен шығарылған) мәмілені немесе өзара

байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешімін басқарма қабылдайды.

Жоғарыда көрсетілген заңды тұлғаның құны осындай компания активтері құнының жалпы мөлшерінің елуден жетпіс бес пайызға дейінгісін құрайтын мүлікті нәтижесінде осындай компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (мүмкін, сатып алынған немесе иеліктен шығарылған) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешімін Директорлар кеңесі қабылдайды.

Жоғарыда көрсетілген заңды тұлғаның құны осындай компания активтері құнының жалпы мөлшерінің жетпіс бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде осындай компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (мүмкін, сатып алынған немесе иеліктен шығарылған) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасасу туралы шешімін Директорлар кеңесінің ұсынуы бойынша акционерлердің жалпы жиналышы (жалғыз акционердің шешімімен) қабылдайды.

**Ескерту. 179-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 28.11.2014 № 257-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.12.2017 № 122-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)**  
**Заңдарымен.**

**180-бап. Акционері ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг болып табылатын ұлттық компанияны басқару**

1. Акционері ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг болып табылатын ұлттық компанияны тарату, қайта ұйымдастыру және оның атауын өзгерту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

2. Құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді ұлттық компанияның жасасуы туралы шешімді ұлттық директорлар кеңесі қабылдайды. Құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің оннан аз пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде компания сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді ұлттық компанияның жасасуы туралы шешімді ұлттық компанияның басқармасы қабылдайды.

3. Құны қоғам активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде компания сатып алатын немесе

иеліктен шығаратын (сатып алуда немесе иеліктен шығаруды мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді жалғыз акционері ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг болып табылатын ұлттық компанияның жасасуы туралы шешімді ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің директорлар кеңесі қабылдайды.

**181-бап. Ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді басқару**

1. Ұлттық басқарушы холдингті, ұлттық холдингті тарату, қайта құру және оның атауын өзгерту туралы шешімді Қазақстан Республикасы Үкіметі қабылдайды.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акциялары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі қатысу үлестері осы Заңның 114-бабының қағидалары бойынша берілуі мүмкін.

2-1. Бәсекелес ортаға беру ұсынылатын, акцияларының пакеті (жарғылық капиталға қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге тиесілі акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалады.

3. Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің директорлар кеңесінің құрамына мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдың, мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органдың, тиісті саландың уәкілетті органдының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша өзге де мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.

4. Акционерлердің жалпы жиналысы үшін белгіленген, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 6) және 14) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, осы Заңның 36-бабында көрсетілген мәселелер жатады.

5. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабы 2-тармағының 15-1) тармақшасында көрсетілген мәселені қоспағанда, осы Заңның 53-бабының 2-тармағында көрсетілген мәселелерден басқа ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мынадай мәселелер:

- 1) аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 2) штат санын бекіту;
- 3) еншілес ұйымдардың стратегияларын және даму жоспарларын әзірлеу кезінде олардың бірынғай (оның ішінде еншілес ұйымдар қызметінің салалары

бойынша) қаржы, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық саясатын қалыптастыру;

4) даму жоспарын, сондай-ақ оның орындалу есептерін бекіту;

5) даму жоспарларының іске асырылуын бағалау;

6) тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты айқындау;

7) қоғам акцияларды сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесін және әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту;

8) активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайзының құрайтын сомада беру арқылы қоғамның өзге де заңды түлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

9) холдингтің және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде холдингке меншік құқығымен тиесілі ұйымдардың активтерін бәсекелес ортаға беру қағидаларын бекіту;

10) сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін, жұмыс істеу тәртібін айқындау, оның басшысын тағайындау және өкілеттіктерін тоқтату, оның жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеудің мөлшері мен өзге де шарттарын айқындау жатады.

9) тармақшада көзделген қағидалар осы Заңның 10-тaraуының 2-параграфында белгіленген нормалар ескеріле отырып қабылданады.

Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің атқарушы органдарының құзыретіне "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген мәселелер және акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайзы қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау кіреді.

**Ескерту. 181-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.12.2018 № 202-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **182-бап. Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдарды корпоративтік басқару**

**Ескерту. 182-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді басқару жөніндегі қызметті үйлестіру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан

корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестер құрылуы мүмкін.

Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі мамандандырылған кеңестер туралы ережені және олардың құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқаруды бағалау тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаиды.

3. Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгілік кодексіне сәйкес корпоративтік басқару кодекстерін бекітеді, сондай-ақ кемінде үш жылда бір рет корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізеді, оның нәтижелерін акционерлік қоғамдардың интернет-ресурсында орналастырады.

**Ескерту. 182-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі).**

#### **183-бап. Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша бюджеттік инвестиацияларды пайдалануы**

1. Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестиацияларды жүзеге асыру кезінде акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асырмайтын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер акцияларының эмиссиясын төлей алады.

Ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің және ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке кіретін акционерлік қоғамдардың бюджеттік инвестиациялық жобаны іске асыру туралы есебін ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг тоқсан сайын ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің директорлар кеңесінің қарауына және бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне ұсынады.

2. Ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру үшін шығарған акциялар мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның шотына жатқызылады.

Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган ұлттық басқарушы холдинг, ұлттық холдинг шығарған акцияларды ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын уәкілетті органға береді.

3. Бюджеттік инвестиациялық жобаларды іске асыруға арналған ақша ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің құрамына кіретін акционерлік қоғамдардың орналастыратын акцияларын төлеуге түсken, ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің атқарушы органы, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке кіретін акционерлік қоғамдардың атқарушы органы осы бюджеттік инвестиациялық жобалардың іске асырылуы үшін жауаптылықта болады.

**184-бап. Акциялары ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, сондай-ақ ұлттық компанияларға тиесілі ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың қызметін жоспарлау**

1. Ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер және ұлттық компаниялар даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлейді.

Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттары негізінде он жылға әзірленеді.

Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарлары олардың даму стратегияларын іске асыруы мақсатында бес жыл мерзімге әзірленеді.

2. Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары:

1) олардың стратегиялық бағыттарын, мақсаттарын, қызметі нәтижелерінің көрсеткіштерін айқындайды;

2) акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) өздеріне тиесілі занды тұлғалардың, оның ішінде ұлттық компаниялардың даму стратегиялары ескеріле отырып әзірленеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына Жолдауының ережелері ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму стратегияларын түзету үшін негіз болып табылуы мүмкін.

Мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму стратегияларын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарлары:

1) инвестицияларды, табыстарды, шығыстарды, қарыздарды, дивидендтерді және басқа да мәліметтерді қоса алғанда, мақсаттарды, міндеттерді, нәтижелер көрсеткіштерін және қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін қамтиды;

2) акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) өздеріне тиесілі заңды тұлғалардың, оның ішінде ұлттық компаниялардың даму жоспарларын ескере отырып әзірленеді.

4. Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарлары жобаларының Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында баяндалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көрсетілген бюджет параметрлеріне сәйкестігі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісіледі.

5. Ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын олардың директорлар кеңесі бекітеді.

Мемлекет акционері болып табылатын ұлттық компаниялардың даму жоспарларын олардың директорлар кеңесі бекітеді.

6. Мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар үшін даму стратегиялары мен даму жоспарларын әзірлеу мен бекіту тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындауды.

7. Мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларының іске асырылуын бағалауды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларының іске асырылуын бағалауды олардың директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму

жоспарларының іске асырылу мониторингі мен оны бағалау тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындаиды.

Мемлекет акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының орындалуы бойынша есепті ұсыну тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындаиды.

8. Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиясының іске асырылуының нәтижелілігі мен тиімділігі үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың бірінші басшылары жауапты болады.

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму жоспарларын әзірлеуге, олардың іске асырылуының нәтижелілігі мен тиімділігіне, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептің уақтылы ұсынылуына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың атқарушы органдары жауапты болады.

Акционері ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер болып табылатын ұлттық компаниялардың даму жоспарларын әзірлеуге, орындауға ұлттық компаниялардың атқарушы органдары жауапты болады.

9. Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық компаниялар қызметінің нәтижелерін тындауды акциялардың мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган жыл сайынғы негізде жүзеге асырады.

Акционерлері ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер болып табылатын ұлттық компаниялар қызметінің нәтижелерін тындауды ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің директорлар кеңесі жыл сайынғы негізде жүзеге асырады.

Акционері Ұлттық әл-ауқат қоры болып табылатын ұлттық компанияларды қоспағанда, ұлттық компаниялардың қызметін тындау нәтижелері туралы есеп осы тармақта сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға және мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға табыс етіледі.

Ескерту. 184-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.02.01 N 551-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

**қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

**185-бап. Ұлттық басқаруышы холдингтерді, ұлттық холдингтерді және ұлттық компанияларды қоспағанда, мемлекет бақылайтын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің және акционерлік қоғамдардың қызметін жоспарлау**

1. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер бес жылға арналған даму жоспарларын әзірлейді.

2. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарлары Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында жазылған мақсаттар мен міндеттерге және әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көрсетілген бюджет параметрлеріне сәйкес әзірленеді және оларды мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің директорлар кеңестері (байқау кеңестері) бекітеді.

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындаиды.

3. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының іске асырылуын бағалауды олардың директорлар кеңестері (байқау кеңестері) жүзеге асырады.

Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының іске асырылуын мониторингілеу мен бағалау тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындаиды. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларының орындалуы бойынша есепті ұсыну тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындаиды.

4. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларын әзірлеуге, олардың іске асырылуының нәтижелілігі мен тиімділігіне, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептің уақтылы ұсынылуына Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің атқаруышы органдары жауапты болады.

5. Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қызметінің нәтижелерін тыңдауды акциялардың мемлекеттік пакетін (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті

органға және мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға тыңдаудың есебін ұсына отырып, жыл сайынғы негізде жүзеге асырады.

6. Акционері (қатысуышысы, сенімгерлік басқарушысы) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингтеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептер тәртібін айқындаиды.

**Ескерту. 185-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**186-бап. Акционерлік қоғам (жауапкершілігі шектеулі серіктестік) табысының бір бөлігін алуға акционердің (жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысуышының) құқықтарын мемлекеттің іске асыруы**

Акционерлік қоғам (жауапкершілігі шектеулі серіктестік) акцияларының мемлекеттік пакетін (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен акционерлердің (қатысуышылардың) жылдық жалпы жиналысын өткізу кезінде акционерлік қоғамның (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің) таза табысының бір бөлігін Қазақстан Республикасының Үкіметі пайыздық қатынаста белгілеген мөлшерде дивидендтерді (табысты) төлеуге бағыттау үшін шаралар қабылдайды.

Акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дивидендтерінің (кірістерінің) көлемін, коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттерін (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) жергілікті атқарушы орган белгілейді.

**Ескерту. 186-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**12-1-тарау. Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу ерекшеліктері**

**Ескерту. 5-бөлім 12-1-тараумен толықтырылды - ҚР 26.12.2018 № 202-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **186-1-бап. Тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуының қағидаттараты мен негізгі ережелері**

1. Тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды:

1) сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) сатып алу процесінің ашықтығы мен бүкпесіздігі;

3) әлеуетті өнім берушілерге сатып алу процесіне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

4) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;

5) сатып алуға қатысуышылардың жауапкершілігі;

6) сыйайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу қағидаттарына негізделеді.

2. Сатып алу сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Тапсырыс берушілер сатып алуды электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта жүзеге асырады.

4. Тапсырыс берушілер сатып алуды жүзеге асырған кезде:

1) сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, тендерлік құжаттамада (аукциондық құжаттамада) әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеуге не тендерлік құжаттамада (аукциондық құжаттамада) не баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпаратта сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілілігін айқындайтын сипаттамаларына нұсқау жасауға;

2) сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделмеген жағдайларда сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуға;

3) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын, жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларды) сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына және (немесе) тендерлік құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына сәйкес келмейді деп тануға;

4) сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде олардың біртекті түрлері және оларды беру (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлмеуғе;

5) негізінде тендерлік комиссияның (аукциондық комиссияның) заңсыз шешімі қабылданған сатып алу жөніндегі сараптама комиссиясының не сатып алу жөніндегі сарапшының көрінеу жалған сараптамалық қорытынды дайындауына;

6) сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделмеген жағдайларда, сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыруға жол берілмейді.

5. Сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бұзы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

## **186-2-бап. Сатып алуға жосықсыз қатысуышылардың тізілімі**

1. Сатып алуга жосықсыз қатысуышылардың тізілімі электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде қалыптастырылады.

2. Сатып алуга жосықсыз қатысуышылардың тізілімі:

1) жеңімпаздар деп айқындалған, сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;

2) біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің;

3) өздерімен жасалған сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындаған не тиісті түрде орындаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тапсырыс беруші сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметке осындай әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер жіберуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы бұзушылық фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні сатып алуға жосықсыз қатысуши деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу және шарттық міндеттемелерді толық орындауы жағдайларын қоспағанда, тапсырыс беруші өнім берушінің сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бұзы фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні сатып алуға жосықсыз қатысуши деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

3. Осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген, сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі сатып аруды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің шешімі негізінде қалыптастырылады.

Осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көзделген Сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімі негізінде қалыптастырылады.

4. Осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген негіз бойынша сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер тапсырыс берушінің оларды сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі қабылданған күннен бастап жиырма төрт ай бойы сатып алуға қатысуға жіберілмейді.

Осы баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер соттың мұндағы өнім берушілерді сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап жиырма төрт ай бойы сатып алуға қатысуға жіберілмейді.

5. Әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу туралы шешімге олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағым жасай алады.

6. Әлеуетті өнім беруші, егер ол не оның қосалқы мердігері (бірлесіп орындаушы) сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде және (немесе) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде және (немесе) Ұлттық әл-ауқат қорының және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайзызын тікелей немесе жанама түрде Ұлттық әл-ауқат қоры иеленетін заңды тұлғалардың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесінде болса, өткізілетін сатып алуға қатысуға құқылы емес.

7. Тіркелген жері салық және бюджетке төленетін төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган бекітетін жеңілдікті салық салынатын мемлекеттердің (оффшорлық аймақтардың) тізбесіне енгізілген мемлекет немесе аумақ болатын заңды тұлғалар болып табылатын әлеуетті өнім берушілер тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жіберілмейді.

### **186-3-бап. Сатып аруды жүзеге асыру қағидаларының сақталуын бақылау**

1. Сатып аруды жүзеге асыру қағидаларының сақталуын бақылауды сатып аруды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет жүзеге асырады.

## 2. Мыналар:

1) тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастыруши, тендерлік комиссия (аукциондық комиссия), сатып алу жөніндегі сараптама комиссиясы, сатып алу жөніндегі сарапшы;

2) әлеуетті өнім беруші, өнім беруші, сондай-ақ олар өткізілетін сатып алу нысанасы шегінде жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлер не қызметтер көрсету бойынша бірлесіп орындаушылар ретінде тартатын тұлғалар;

3) электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы бақылау объектілері болып табылады.

3. Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының сақталуына бақылау жүргізуі үшін:

1) тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының не тендерлік комиссияның (аукциондық комиссияның), сатып алу жөніндегі сараптама комиссиясының, сатып алу жөніндегі сарапшының, электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі операторының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасалған, тендерге не аукционға қатысатын (қатысқан) әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің не оның уәкілді өкілінің жазбаша жолданымы не жалпыға бірдей қолжетімді ақпараттық жүйелер арқылы келіп түскен және Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтақба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жолданымы. Мұндай шағымды қарау осы Заңның 186-4-бабында көзделген шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады;

2) құқық қорғау органдарының келіп түскен қаулылары негіз болып табылады.

4. Сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет бақылау нәтижелері бойынша сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бұзушылықтар анықталған кезде мынадай шараларды қолданады:

1) бұзушылықтар анықталған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей бақылау объектісіне бұзушылықтарды жою туралы, орындалуы міндетті хабарлама жібереді;

2) міндеттемелері тиісті түрде орындалған сатып алу туралы шарттарды қоспағанда, сатып алуды жүзеге асыру қағидалары бұзыла отырып жасалған, күшіне енген сатып алу туралы шарттарды жарамсыз деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінеді.

5. Бақылау нәтижелері бойынша бақылау объектісінің қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері бар әрекет (әрекетсіздік) жасау фактісі анықталған кезде, сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет осындағы факт анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құқық қорғау

органдарына көрсетілген әрекеттің (әрекетсіздіктің) жасалғаны туралы ақпаратты және осындай фактіні растайтын құжаттарды беруге міндетті.

6. Лауазымды адам бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама бақылау объектісіне табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өзі дербес жойған жағдайда, әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды.

7. Бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама осы баптың 6-тармағында көрсетілген мерзімде орындалмаған жағдайда, сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет материалдарды сатып алу саласындағы уәкілетті органға береді.

**186-4-бап. Тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, тендерлік комиссияның (аукциондық комиссияның), сатып алу жөніндегі сарапшының, электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі операторының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасау**

1. Егер тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, тендерлік комиссияның (аукциондық комиссияның), сатып алу жөніндегі сарапшының, электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі операторының әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен занды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші олардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасауға құқылы.

2. Тендер (аукцион) тәсілімен сатып алу қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметке тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, тендерлік комиссияның (аукциондық комиссияның), сатып алу жөніндегі сарапшының, электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі операторының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасалған жағдайда, сатып алу туралы шарт жасасу мерзімі шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

3. Осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзім өткеннен кейін сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметке тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, тендерлік комиссияның (аукциондық комиссияның), сатып алу жөніндегі сарапшының, электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі операторының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасау Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Элеуettі өнім берушінің шағымы Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес электрондық сатып алушың ақпараттық жүйесі арқылы берілуі мүмкін.

5. Осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімдерде сатып алушы бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметке тапсырыс берушінің, сатып алушы үйымдастырушының, тендерлік комиссияның (аукциондық комиссияның), сатып алу жөніндегі сарапшының, электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі операторының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасалған жағдайда, шағым келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

Сатып алушы бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет шағым келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей, тапсырыс берушіге сатып алу туралы шарт жасасуды тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді.

6. Сатып алушы бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімдерде келіп түскен шағымды қарау нәтижелері бойынша сатып алу қорытындыларының күшін жою не күшін жоюдан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

7. Элеуettі өнім беруші сатып алушы бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің осы баптың 6-тармағына сәйкес қабылданған шешімімен келіспеген жағдайда, оған сот тәртібімен шағым жасауға құқылы.

#### **186-5-бап. Сатып алушы бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет**

Сатып алушы бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызмет тікелей директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

#### **186-6-бап. Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі операторының өкілеттіктері**

Электрондық сатып алу ақпараттық жүйесінің операторы:

1) электрондық сатып алу веб-порталын дамытуды, қолдана отыруды және оған жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

2) электрондық сатып алу веб-порталын дамыту жөніндегі жобаларды басқаруды жүзеге асырады;

3) электрондық сатып алу жүйесінің субъектілеріне электрондық сатып алу веб-порталының жұмыс істеуі мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетеді;

4) электрондық сатып алу жүйесі субъектілерінің электрондық сатып алу веб- порталында орналастырылған электрондық ақпараттық ресурстарының сақталуының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

5) сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес электрондық сатып алу веб-порталын ақпараттық толтыруды жүзеге асырады;

6) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің, мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың интеграциясы және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша уәкілетті субъектілермен өзара іс-қымыл жасасады;

7) электрондық сатып алу веб-порталын техникалық қолдауға және оның жұмыс істеуіне бағытталған өзге де өкілдіктерді жүзеге асырады.

#### **6-БӨЛІМ. ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА ТИЕСІЛІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРГЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ШЕКТЕУ**

##### **13-тарау. ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА ТИЕСІЛІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРГЕ АУЫРТПАЛЫҚ САЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ**

**187-бап. Жеке түлғаларға және мемлекеттік емес занды түлғаларға тиесілі стратегиялық объектілерге үшінші түлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу не оларды иелікten шығару осы бапта, осы Заңның 188-бабында және Қазақстан Республикасының зандарында айқындалатын тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсат беру туралы шешімінде негізінде мүмкін болады.**

1. Жеке түлғаларға және мемлекеттік емес занды түлғаларға тиесілі стратегиялық объектілерге үшінші түлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу не оларды иелікten шығару осы бапта, осы Заңның 188-бабында және Қазақстан Республикасының зандарында айқындалатын тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілген, тиісті саланың уәкілетті органының салалық қорытындысы негізінде стратегиялық объектілерге үшінші түлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салуға немесе оларды иелікten шығаруға рұқсат беру туралы не осындай рұқсат беруден бас тарту туралы шешімінде мүмкін болады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісілген, тиісті саланың уәкілетті органының салалық қорытындысы негізінде стратегиялық объектілерге үшінші түлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салуға немесе оларды иелікten шығаруға рұқсат беруден бас тарту туралы шешім, егер осындай ауыртпалық салу немесе иелікten шығару Қазақстан Республикасы заннамасының талаптарын, оның ішінде елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық келісімдерді сақтамауга әкеп соғатын жағдайларда қабылданады.

Стратегиялық объектілерге ауыртпалық салуға не оларды иелікten шығаруға рұқсат беруден бас тарту осы тармақта сәйкес бас тарту себептерінің дәлелді негіздемелерін қамтымауы мүмкін.

4. Стратегиялық объектіге ауыртпалық салуға не оларды иелікten шығаруға рұқсат беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес

стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленуші) не кепіл ұстаушысы, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушысы шағымдана алады.

5. Стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленуші) орналастырылатын акциялардың санын көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсат беру туралы шешімінің негізінде бағалы қағаздардың үйымдастырылған нарығында жария етілген акцияларды орналастырады.

6. Осы баптың 5-тармағында көрсетілген акциялармен бағалы қағаздардың үйымдастырылған нарығында одан әрі мәмілелер жасасу, бір тұлға немесе аффилиирленген тұлғалар бағалы қағаздардың үйымдастырылған нарығында эмитенттің дауыс беретін акциялары жалпы санының жиырма пайызынан астамын құрайтын акциялар сатып алатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатын талап етпейді.

Бағалы қағаздардың үйымдастырылмаған нарығында стратегиялық объектілерге жататын акциялармен мәмілелер жасасу кезінде мәмілелер эмитенттің дауыс беретін акциялары жалпы санының бес пайызынан аспайтын мөлшерде жасалған жағдайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсаты талап етілмейді.

7. Стратегиялық объектінің кепіл ұстаушысы, оңалтуды және банкроттықты басқарушылар кепілге салынған осы мүлікті иеліктен шығару туралы шешімді Қазақстан Республикасы Үкіметінің иеліктен шығарудың ерекше шарттарын және стратегиялық объектіні сатып алушыларға қойылатын қосымша талаптарды белгілей отырып, рұқсат беру туралы шешімінің негізінде қабылдайды.

Кепілге салынған мүлікті сот актісінің негізінде иеліктен шығару Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленген иеліктен шығарудың ерекше шарттары және кепілге салынған мүлікті (стратегиялық объектіні) сатып алушыларға қойылатын қосымша талаптар бойынша жүзеге асырылады.

Стратегиялық объектіні иеліктен шығарудың ерекше шарттарын және оларды сатып алушыларға қойылатын қосымша талаптарды белгілеу жөніндегі ұсыныстарды мүдделі мемлекеттік органдар тиісті саланың уәкілетті органына ұсынады.

**Ескерту. 187-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 07.03.2014 N 177-V (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі)**  
**Зандарымен.**

**188-бап. Жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес занды тұлғаларға тиесілі стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауырталық салу не оларды иеліктен шығару рәсімі**

1. Стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленуші) стратегиялық объектілерге ауыртпалық салуға не оларды иеліктен шығаруға рұқсат алу үшін тиісті саланың уәкілетті органына мынадай құжаттарды:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нысан бойынша өтінішті;
- 2) занды тұлға үшін – занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы және жарғының нотариат қуәландырған көшірмесін;
- 3) жеке тұлға үшін – жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 4) стратегиялық объектінің иеліктен шығару жөнінде мәміле жасауға негіз болатын не оған үшінші тұлғаның құқықтарымен ауыртпалық салуға әкеп соғатын шарттың жобасын;
- 5) стратегиялық объектіге меншік құқығын немесе өзге де мүліктік құқықтарды растайтын құжаттың нотариат қуәландырған көшірмесін;
- 6) стратегиялық объектінің нарықтық құнын айқындайтын, Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес осы объектіні бағалау туралы есепті;
- 7) түпкілікті сатып алушыға дейінгі стратегиялық объектінің болжамды сатып алушы туралы мәліметтерді;
- 8) жарияланған акцияларды орналастырған жағдайда стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленуші) жарияланған акциялардың шығарылымын және оған енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге акциялар шығарылымының проспектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін де табыс етеді;
- 9) Қазақстан Республикасының зандарында аудитті міндетті түрде өткізу белгіленген занды тұлғалар соңғы қаржы жылының аудиторлық есебінің түпнұсқасын немесе нотариат қуәландырған көшірмесін де табыс етеді. Егер өтініш ағымдағы жылдың 1 маусымына дейін берілсе, онда соңғы қаржы жылының алдындағы қаржы жылының аудиторлық есебінің түпнұсқасы немесе нотариат қуәландырған көшірмесі ұсынылады. Аудиторлық есептің түпнұсқасы немесе нотариат қуәландырған көшірмесі, егер занды тұлға ағымдағы қаржы жылында құрылса не занды тұлға өткен қаржы жылында құрылса және өтініш ағымдағы жылғы 1 маусымға дейін берілген болса, ұсынылмайды;
- 10) директорлар кеңесінің немесе байқау кеңесінің шешімін (болған жағдайда);
- 11) банктің кредиттік комитетінің шешімін;
- 12) ауыртпалық салынатын мүлікке кепілдің (ауыртпалық салудың) жоқ немесе бар екендігі туралы растауды;
- 13) стратегиялық объектінің меншік иелерінің пайыздық арақатынастағы құрылымын;

14) стратегиялық объект сенімгерлік басқаруда болған жағдайда стратегиялық объектінің меншік иесінің стратегиялық объектіні иеліктен шығаруға немесе ауыртпалық салатын тұлғаны көрсете отырып, үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салуға жазбаша рұқсатын табыс етеді.

Оналтуды немесе банкроттықты басқарушы тиісті саланың уәкілетті органына осы тармақтың 1), 2), 4), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ борышкерге қатысты оналту рәсімдері қолданылғаны туралы (банкроттық рәсімі жүргізілгені туралы) сот актісін, мүлікті иеліктен шығарудың (сатудың) болжамды бағасын және борышкердің мүлкін (стратегиялық объектіні) иеліктен шығаруға немесе үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салуға кредиторлар комитетінің жазбаша келісімін тапсырады.

2. Стратегиялық объектінің кепіл ұстаушысы кепілге салынған мүлікті иеліктен шығаруға рұқсат алу үшін тиісті саланың уәкілетті органына осы баптың 1-тармағының 1), 2), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ кепіл шартын, кепілге салынған мүлікті иеліктен шығарудың (сатудың) болжамды бағасын, стратегиялық объектіні әлеуетті сатып алушыларға қойылатын талаптарды ұсынады.

Сот актісінің негізінде әрекет ететін сот орындаушысы тиісті саланың уәкілетті органына осы баптың 1-тармағының 1), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды, сондай-ақ кепіл шартын және (немесе) сот актісін, кепілге салынған мүлікті иеліктен шығарудың (сатудың) болжамды бағасын, стратегиялық объектіні әлеуетті сатып алушыларға қойылатын талаптарды ұсынады.

3. Стратегиялық объектіге ауыртпалық салуға негіз болатын шартта тараптардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ стратегиялық объектінің сақталуын және оны одан әрі пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі талаптар міндетті түрде қамтылуға тиіс.

Стратегиялық объектіні иеліктен шығару жөніндегі мәмілені жасауға негіз болған не оған ауыртпалық салуға әкеп соққан шарттың талаптарын өзгертуге ниет білдірген жағдайда, стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленушісі) тиісті саланың уәкілетті органына осы бапта және осы Заңың 187-бабында айқындалатын тәртіппен қайтадан жүгінеді.

Кепіл ұстаушының стратегиялық объектіге ауыртпалық салуына негіз болған шартқа сәйкес кепілге салынған мүлікті (стратегиялық объектіні) иеліктен шығаруды жүзеге асыруға ниет білдірген жағдайда, кепіл ұстаушы тиісті саланың уәкілетті органына осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіппен жүгінеді.

4. Стратегиялық объектілерге ауыртпалық салуға не оларды иеліктен шығаруға берілген өтініштерді қарау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің олар бойынша шешім қабылдауы құжаттар тиісті саланың уәкілетті органына келіп түсken күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылуға тиіс. Тиісті саланың уәкілетті органы осы баптың 1-тармағында айқындалған құжаттардың толық топтамасын алған күн құжаттардың келіп түсken күні болып есептеледі.

Стратегиялық объектілердің меншік иелерінің (құқық иеленушілерінің), оналтуды немесе банкроттықты басқарушылардың стратегиялық объектіге ауыртпалық салу не оны иеліктен шығару туралы өтініштерін қарау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындейды.

5. Стратегиялық объектілерге ауыртпалық салуға рұқсат беру немесе оны беруден бас тарту туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды және ол қаулы түрінде ресімделеді.

6. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған шешім туралы өтініш берушіні шешім шығарылған күннен бастап бес күндік мерзімде жазбаша хабардар етуге міндетті.

7. Тиісті саланың уәкілетті органы стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу немесе оларды иеліктен шығару жөнінде жасалатын мәмілелер мониторингін жүзеге асырады.

**Ескерту. 188-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.03.2014 N 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.**

#### **189-бап. Стратегиялық объектілерді мемлекет меншігіне алу**

Стратегиялық объектілер осы Заңның 5-тарауында көзделген тәртіппен мемлекет меншігіне алынуы мумкін.

#### **190-бап. Стратегиялық объектілердің мониторингі**

Стратегиялық объектілердің мониторингі Қазақстан Республикасының экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**14-тарау. ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ЗАНДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА  
ТИЕСІЛІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ОБЪЕКТИЛЕРДІ САТЫП АЛУҒА ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАСЫМ ҚҰҚЫҒЫ**

**191-бап. Жеке тұлғаға немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаға тиесілі стратегиялық объектіні сатып алуға Қазақстан Республикасының басым құқығын қолдану шарттары**

1. Жеке тұлға немесе мемлекеттік емес заңды тұлға стратегиялық объектіні иеліктен шығару бойынша мәміле жасасуға ниет білдірген, сондай-ақ стратегиялық объектіге өндіріп алу қолданылған немесе стратегиялық объектіні оналтуды немесе банкроттықты басқарушы иеліктен шығарған не кепіл ұстаушы кепілге салынған мүлікті (стратегиялық объектіні) сот тәртібінен тыс өткізген не стратегиялық объектіге сот актісінің негізінде өндіріп алу қолданылған жағдайларда, Қазақстан Республикасы осы тарауда айқындалған шарттармен стратегиялық объектіге ие болудың басым құқығына ие болады.

2. Қазақстан Республикасының атынан стратегиялық объектіні сатып алуға басым құқықты Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе оның тапсырмасы бойынша ұлттық басқарушы холдинг іске асырады.

**Ескерту. 191-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.03.2014 N 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

**192-бап. Стратегиялық объектіні сатып алуға Қазақстан Республикасының басым құқығын іске асыру тәртібі**

1. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық объектіні сатып алуға басым құқықты іске асыру туралы шешімінің жобасын қажетті бюджет қаражатын бөлу негіздемесімен бірге Республикалық бюджет комиссиясының қарауына ұсынады.

Республикалық бюджеттік комиссия тиісті шешім қабылдайды. Республикалық бюджеттік комиссияның ұсынымдары мен ұсыныстары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынылады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Республикалық бюджеттік комиссия шешім қабылдаған кезден бастап отыз жұмыс күнінен аспайтын мерзімде стратегиялық объектіге ие болудың басым құқығын пайдалану туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық объектіге ие болудың басым құқығын пайдалану туралы шешімі осы құқықты пайдалану себептерінің дәлелді негіздемелерін қамтымауы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған шешімнің қорытындылары туралы тиісті саланың уәкілетті органы стратегиялық объектіні иеліктен шығаруды жүргізетін тұлғаны шешім шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша түрде хабардар етеді.

4. Стратегиялық объектінің меншік иесі (құқық иеленуші) шарт жасалғанға дейін кез келген уақытта стратегиялық объектіні иеліктен шығарудан бас тарта алады. Меншік иесі (құқық иеленуші) стратегиялық объектіні иеліктен шығарудан бас тартқан жағдайда оған ие болуға мемлекеттің басым құқығын іске асыру тоқтатылады.

5. Бюджет процесін ескере отырып, стратегиялық объектілерді сатып алу мерзімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық объектіні сатып алуға басым құқықты пайдалануы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім қабылдаған кезден бастап он екі айдан аспауға тиіс.

Оңалтуды немесе банкроттықты басқаруышы стратегиялық объектілерді сатқан кезде оларды сатып алу мерзімдері "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген оңалту рәсімін немесе банкроттық рәсімін жүргізу мерзімдерінен аспауға тиіс.

6. Стратегиялық объектіге өндіріп алу қолданылған немесе банкроттық, оңалту туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалған жағдайларда, стратегиялық объектілердің меншік иелері (құқық иеленушілері) стратегиялық объектіге өндіріп алуды қолдану туралы хабарламаны алған кезден бастап немесе сottың банкроттық, оңалту туралы іс қозғау жөніндегі үйғарымының көшірмесін алған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті саланың уәкілетті органын стратегиялық объектіге өндіріп алуды қолдану немесе банкроттық, оңалту туралы істер бойынша іс жүргізудің қозғалғаны туралы жазбаша хабардар етуге міндетті. Хабардар ету жөніндегі міндеттерді сактамау осы Заңың 195-бабында көзделген салдарларға алып келеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы бапта көзделген тәртіппен стратегиялық объектіге ие болуға басым құқықты іске асырады.

Стратегиялық объектіге өндіріп алуды қолдану немесе стратегиялық объектіні мұліктік масса құрамында иеліктен шығару Қазақстан Республикасы Үкіметінің стратегиялық объектіге ие болуға басым құқықты іске асыру немесе басым құқықты іске асырудан бас тарту туралы шешімі алынғаннан кейін жүргізіледі.

7. Өндіріп алуды стратегиялық объектіге айналдыру немесе стратегиялық объектіні мұліктік массасы құрамында иеліктен шығару кезінде Қазақстан Республикасы басым құқықты іске асырудан бас тартқан жағдайларда стратегиялық объектіні иеліктен шығару "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 192-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.02.17 № 564-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа**

енгізіледі); 07.03.2014 № 177-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **193-бап. Нарықтық құнды айқындау**

1. Стратегиялық объектінің сатып алудың басым құқығын іске асыру кезінде стратегиялық объектінің нарықтық құны өтелуге жатады.

2. Стратегиялық объектінің нарықтық құны стратегиялық объектінің сатып алудың басым құқығын іске асыру кезінде мемлекет ие болатын мүлікті осы Заңың 206-бабының қағидаларына сәйкес бағалау негізінде айқындалады.

#### **194-бап. Мемлекет сатып алған стратегиялық объектілерді басқару**

Қазақстан Республикасының Үкіметі сатып алған стратегиялық объектілерді осы Заңың 114-бабының қағидалары бойынша акцияларды төлеуге немесе мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен арнайы құрылған заңды тұлғаның не ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің немесе ұлттық компанияның жарғылық капиталына мүліктік салым ретінде береді.

**195-бап. Стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу немесе оларды иеліктен шығару және стратегиялық объектілерді сатып алудың басым құқығы туралы ережелерді бұзудың салдарлары**

Стратегиялық объектілерге құқықтарды иеленушінің стратегиялық объектілерге үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салу немесе оларды иеліктен шығару және стратегиялық объектілерді сатып алудың басым құқығы туралы талаптарды бұза отырып жасаған мәмілесін сот ол жасалған кезден бастап жарамсыз деп тануы мүмкін.

**Ескерту. 195-бап жаңа редакцияда - ҚР 27.02.2017 № 49-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**7-БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ ЕСЕПКЕ АЛУ, МҮЛІКТІ МОНИТОРИНГІ, ОНЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНЫЛУЫН БАҚЫЛАУ**

**15-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ ЕСЕПКЕ АЛУ, МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІНІЦ МОНИТОРИНГІ, ОНЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІКТІ ПАЙДАЛАНЫЛУЫН БАҚЫЛАУ**

**196-бап. Мемлекеттік мүлікті есепке алу және мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігінің мониторингі туралы жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік мұлікті есепке алу мемлекеттік мұлікті бақылау және тиімді пайдалану мақсаттары үшін жүзеге асырылады. Мемлекеттік мұлікті есепке алу туралы деректер мемлекеттік мұліктің тізіліміне енгізілуге тиіс.

2. Мемлекеттік мұлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық мұдделерін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Осы тараудың қағидаларында Қазақстан Республикасының және әкімшілік-аумақтық бөліністердің мемлекеттік мұлқін есепке алу тәртібі, мемлекеттік мұліктің тізілімін түзудің және оның жұмыс істеуінің негізгі принциптері, сондай-ақ есепке алу объектілерінің құрамын, тізбесін, олар туралы мәліметтерді жинау, өндөу және өзекті ету тәртібін айқындайды.

Есепке алу объектілері туралы мәліметтерді өзекті ету мемлекеттік мұліктің құрамы туралы нақты, объективті және оған барабар ақпаратты есепке алу деректерінде көрсетуге мүмкіндік беретін жаңарту, толықтыру, өзгерту және өзге де іс-қимылдар арқылы жүзеге асырылады.

#### **197-бап. Мемлекеттік мұлікті есепке алудың түрлері**

1. Мемлекеттік мұлікті мемлекеттік мұлік тізілімі нысанында бірыңғай орталықтандырылған есепке алуды мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Осы Заңның 210 – 212-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мұлікті ведомствоның есепке алуды мемлекеттік мұлік тізіліміне есепке алу объектілері туралы мәліметтерді беретін тиісті саланың уәкілетті органдары жүзеге асырады.

#### **РҚАО-ның ескертпесі!**

3-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

3. Мемлекеттік мұлік тізілімінде мемлекеттік мұліктің түрлері бойынша – респубикалық және коммуналдық мұлікті бөлек есепке алу, ал жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару деңгейлері бойынша облыстық және аудандық коммуналдық мұлікті, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық мұлқін бөлек есепке алу жүзеге асырылады.

Осы Заңның 17-тарауында көзделген жағдайларды қоспағанда, коммуналдық мүлікті есепке алуды мемлекеттік мүлік тізілімінде көрсету үшін жергілікті атқарушы органдар және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары ұйымдастырады.

**Ескерту. 197-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) Заңымен.**

**198-бап. Мемлекеттік мүлікті есепке алудың және мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігі мониторингінің объектілері**

1. Мемлекеттік мүлік тізілімінің есепке алу объектілері:

- 1) мемлекеттік занды тұлғалар және оларға бекітіліп берілген мүлік;
- 2) жер пайдаланудағы жер участелері;

3) акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акциялары және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекетке тиесілі қатысу үлестері;

4) мемлекетке тиесілі ұлттық мәдени игілік объектілері;

5) мемлекетке тиесілі зияткерлік меншік құқығы объектілері;

6) алыш тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу қағидаларында айқындалған мемлекеттік мүліктің өзге де түрлері (санаттары) болып табылады.

2. Мемлекеттік мүлікті есепке алу объектілері туралы деректер осы объектілерді сипаттайтын мәліметтер болып табылады. Мемлекеттік мүлікті есепке алу объектіні басқа объектілерден айырып тануға мүмкіндік беретін жеке сипаттамаларын көрсете отырып, есепке алу объектісінің сипаттамасын қамтуға тиіс.

3. Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі мемлекеттік мүлікті есепке алуды тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

4. Осы тараудың қағидалары мемлекеттік немесе жергілікті қазынаны құрайтын мүлікке қолданылмайды. Бұл мүлікті есепке алу Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын есепке алуды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

6. Реквизициялау тәртібімен мемлекетке өткен мемлекеттік мүлікті есепке алу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік мұлікті басқару тиімділігі мониторингінің объектілері:

1) мемлекеттік кәсіпорындар;

2) мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді қоса алғанда, мемлекет қатысатын занды тұлғалар, оның ішінде Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар;

3) мемлекеттік мұлік құрамына кіретін, оның ішінде сенімгерлік басқарудағы, жалдаудағы, концессиядағы не мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша берілген мұліктің барлық түрлері болып табылады.

**Ескерту. 198-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.02.01 N 551-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 380-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

#### **199-бап. Мемлекеттік мұліктің тізілімінде көрсетілетін мәліметтер**

1. Мемлекеттік мұліктің тізілімінде мемлекеттік мұлікті есепке алу объектісі бойынша мынадай мәліметтер:

1) объектінің сәйкестендіруге мүмкіндік беретін оның сипаттамасы;

2) объектінің белгілі бір мемлекеттік емес занды тұлғага, мемлекет қатысатын занды тұлғага немесе мемлекеттік емес занды тұлғага шартқа сәйкес тиесілігі немесе бекітіліп берілуі туралы мәліметтер;

3) объектінің баланстық құны;

4) мұлікке үшінші тұлғалардың құқықтарымен салынған ауыртпалықтың болуы туралы мәліметтер және ауыртпалықтар салу түрі;

5) объектінің күтіп ұсталуына немесе сақталуына жауапты тұлғалардың реквизиттері;

6) объектіге құқықтардың туындау және тоқтатылу негіздері, ал Қазақстан Республикасының зандарында көзделген мемлекеттік мұлікке құқықтарды міндетті тұрде тіркеу жағдайында – объектінің және (немесе) оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер көрсетіледі.

2. Есепке алу объектілері үшін мемлекеттік мұліктің тізілімінде көрсетіletіn қосымша мәліметтердің құрамына мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму

стратегиялары мен даму жоспарлары және олардың орындалуы туралы есептері кіреді.

Мемлекеттік мүлікті есепке алу объектілері үшін мемлекеттік мүліктің тізілімінде көрсетілетін қосымша мәліметтердің құрамы мемлекеттік мүліктің тізілімін жүргізу қағидаларында айқындалады.

3. Мемлекеттік мүліктің тізіліміне мәліметтердің сапалы және уақтылы ұсынылуы үшін мемлекеттік кәсіпорындардың басшылары, мемлекет қатысатын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің атқарушы органдарының басшылары жауаптылықта болады.

#### **200-бап. Мемлекеттік мүліктің тізілімін жүргізу**

1. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары мемлекеттік мүлікті басқаруға және оның сақталуына бақылау жасауға байланысты шешімдер қабылдау кезінде мемлекеттік мүлік тізілімінің деректерін пайдаланады.

2. Мемлекеттік мүліктің тізіліміне есепке алу тіркеу және ақпараттық мақсаттарды жүзеге асыруға арналған және оның құқық белгілеушілік немесе құқық куәландыруышылық мәні болмайды.

3. Мемлекеттік мүліктің тізілімін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган құқықтық кадастр деректері, сондай-ақ жер ресурстарын басқару, мемлекеттік статистика, салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсін қамтамасыз ету, бағалы қағаздар нарығын реттеу және қадағалау, бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу мәселелері жөніндегі орталық атқарушы органдардың және басқа да орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың мәліметтері базасында мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қалыптастырады және жүргізеді. Бұл деректер мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган белгілеген нысанда, көлемде және кезеңділікпен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға берілуге жатады.

#### **РҚАО-ның ескертпесі!**

4-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

4. Мемлекеттік мүліктің тізілімін жүргізу кезінде облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) және аудандық

маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ деңгейіндегі республикалық және коммуналдық мүлік объектілері бөлек есепке алуға жатады.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланын) және аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық мүлкі мемлекеттік мүлік тізілімінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының есепке алына жатады.

5. Мемлекеттік мүліктің тізіліміне мемлекеттік занды тұлғалардың және мемлекет қатысатын занды тұлғалардың атаулы тізбесі кіреді. Мемлекеттік занды тұлғаларды және мемлекет қатысатын занды тұлғаларды құру, қайта ұйымдастыру, тарату, қайта тіркеу, атауларын өзгерту мемлекеттік мүліктің тізілімін жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мүліктің тізіліміне есепке алынға жатады.

6. Мемлекеттік занды тұлғалар есепке алу объектілері деректерінің мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізілуін, сондай-ақ мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган белгілеген бірыңғай мерзімде, бірыңғай әдістеме және деректер пішімі бойынша мемлекеттік мүлікке түгендеу, паспорттау және қайта бағалау жүргізуін қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік мүлікті түгендеу мемлекеттік мүліктің нақты бар екенін анықтауды, сондай-ақ ескерілмеген және бекітіп берілмеген мемлекеттік мүлікті анықтауды және оны одан әрі мемлекеттік занды тұлғаларға бекітіп беруді қамтамасыз етуге тиіс.

7. Мемлекеттік мүлік тізілімінің деректері мемлекетке тиесілі.

8. Мемлекеттік органдар, занды және жеке тұлғалар мемлекеттік мүлік тізілімінің деректерін пайдаланушылар болып табылады. Мемлекеттік мүлік тізілімінің деректеріне қол жеткізуді мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы арқылы қамтамасыз етеді.

9. Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор:

1) мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу үшін қажетті бағдарламалық қамтылымды әзірлеу, ендіру және жаңғырту жөніндегі жобаны басқаруды жүзеге асырады;

2) мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізудің техникалық және бағдарламалық құралдарының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

3) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталының жұмыс істеуін және оны қолдан отыруды қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік мүліктің тізілімін пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсетеді;

5) мемлекеттік мүліктің тізілімін пайдаланушылардың мемлекеттік мүлік тізілімінің деректеріне қолжетімділігін қамтамасыз етеді;

6) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы мемлекеттік органдарға консультациялық және практикалық көмек көрсетеді;

7) мемлекеттік мүлікті есепке алуды жүзеге асыру кезінде техникалық жобаларды басқару функциясын жүзеге асырады;

8) мемлекеттік мүліктің тізіліміне есепке алу объектілері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

9) мемлекетке, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне тиесілі, тізбесін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін немесе мемлекеттің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің оларға қатысты мүліктік құқықтары бар бағалы қағаздарды номиналды ұстаушының функциясын жүзеге асырады;

9-1) уәкілетті органның лицензиясының аударым операцияларын: электрондық нысанда мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталын пайдалана отырып, сауда-саттықты жүргізуге байланысты операцияларға қызмет көрсету үшін жеке және заңды тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары бойынша тапсырмаларын орындауды жүзеге асырады;

10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өзіне сенімгерлік басқаруға берілген активтерін тиісінше пайдалану жай-күйінде ұстайды;

11) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өзіне сенімгерлік басқаруға берілген мүлкін басқару және пайдалану жөніндегі, сондай-ақ мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасына сәйкес жекеше әріптестерге берілген активтерін мониторингтеу жөніндегі функцияларды жүзеге асырады;

12) мемлекеттік мүлік тізіліміне мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өзіне сенімгерлік басқаруға берілген активтері жөнінде мәліметтер енгізеді.

Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген функцияларын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұқсас функцияларды орындау

үшін айқындалған, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын занды тұлға жүзеге асыруға құқылы.

Мемлекеттік мұлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау тәртібі мемлекеттік мұлікті сенімгерлік басқару шартында айқындалады.

10. Мемлекеттік мұліктің тізілімін қалыптастыруға және жүргізуге арналған шығыстарды қаржыландыру тиісті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 200-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

#### **201-бап. Мемлекеттік мұліктің тізілімін жүргізу тәртібі**

1. Мемлекеттік мұліктің тізілімін жүргізу:

- 1) тізілімге есепке алу объектісі туралы деректерді енгізу;
- 2) есепке алу объектісі туралы деректерді өзекті ету;
- 3) есепке алу объектісін тізілімнен алыш тастау арқылы жүзеге асырылады.

2. Объектіні мемлекеттік мұліктің тізіліміне қосу осы Заңның 199-бабында көзделген мәліметтерді тізілімге енгізуді білдіреді.

3. Есепке алу объектісіне мемлекеттің құқықтарының тоқтатылуына байланысты оны тізілімнен алыш тастаған кезде осы объектіні байқау тоқтатылады.

Есепке алу объектісін бір мемлекеттік органның басқаруынан екіншісіне беру, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекеттік емес занды тұлғалар мен жеке тұлғаларға иеленуге және (немесе) пайдалануға беру есепке алу объектісін тізілімнен алыш тастауға негіз болып табылмайды.

Мемлекеттік мұліктің тізілімін алыш тасталған есепке алу объектісі туралы деректер тізілім деректері базасының мұрағатына ауыстырылады.

4. Мемлекеттік мұліктің тізілімін жүргізу қағидаларын, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау және пайдаланушыларға одан мәліметтер үсіну тәртібін қоса алғанда, мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган айқындейды.

Ескерту. 201-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Зандарамен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

**қолданысқа енгізіледі).**

**202-бап. Мемлекеттік мұлікті басқару тиімділігін бағалау және мемлекеттік мұліктің пайдаланылуын бақылау**

1. Мемлекеттік мұлікті басқару тиімділігін бағалау мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен жүзеге асырылады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

2-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

2. Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік заңды тұлғалар мүлкінің сақталуын және ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарының орындалуын бақылауды тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы органдар не аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары жүзеге асырады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

3-тармақтың осы редакциясы ҚР 11.07.2017 № 90-VI Заңына сәйкес (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан қараңыз) халық саны екі мың адамнан көп аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін – 01.01.2018 бастап қолданысқа енгізілді (халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 дейін ҚР 01.03.2011 "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 25.12.2017 датадағы архивтік нұсқасын қараңыз).

3. Мемлекеттік мұліктің мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауды және артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмайтын мұлікті алып қоюды республикалық мұлікке қатысты – мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган, коммуналдық мұлікке қатысты жергілікті атқарушы органдар немесе аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалатын тәртіппен жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мұліктің пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік басшылықты мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 202-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 90-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптың 1-т. 1) тармақшасынан **караныз**) Зандарымен.

**16-тарау. МЕМЛЕКЕТ ЖЕКЕЛЕГЕН НЕГІЗДЕР БОЙЫНША САТЫП АЛАТЫН НЕМЕСЕ ИЕЛІКТЕН ШЫГАРАТЫН МУЛІКТІ БАҒАЛАУ**

**203-бап. Мемлекет жекелеген негіздер бойынша сатып алатын немесе иеліктен шыгаратын мұлікті бағалау туралы жалпы ережелер**

1. Осы тараудың қағидалары стратегиялық обьектіні сатып алуға басым құқықты іске асыру, мемлекет меншігіне алу, реквизициялау, жер участесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер участеклерін немесе өзге де жылжымайтын мұлікті иеліктен шығару, мұлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына мұліктік салым ретінде не акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алу ақысына беру, мемлекеттік заттай гранттарды табыс ету, мемлекеттік мұлікті дербес білім беру үйіміна өтеусіз беру кезінде мұлікті бағалауға қолданылады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекет сатып алатын немесе иеліктен шыгаратын мұлікті бағалауды "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы жүргізеді.

3. Бағалаушыға сыйакы төлеу бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

4. Бағалау нәтижелерінің дәйектілігі туралы даулар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен шешіледі.

5. Мемлекеттің мұлікке құқықтарға ие болуы және олардың тоқтатылуы, мемлекеттік мұлікті иеленуге және (немесе) пайдалануға беру кезінде туындастын мұлікті бағалау жөніндегі қатынастарға "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының қағидалары қолданылады.

Ескерту. 203-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 21.07.2015 № 337-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.01.2019 № 217-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

**204-бап. Мемлекет жекелеген негіздер бойынша сатып алатын немесе иеліктен шығаратын мүлікті бағалаушыны айқындау тәртібі**

Осы Заңның 203-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекет сатып алатын немесе иеліктен шығаратын мүліктің жекелеген турлері үшін бағалаушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес айқындалады.

**205-бап. Мемлекет меншігіне алу кезінде мемлекет сатып алатын мүлікті бағалаудың ерекшеліктері**

1. Мемлекет меншігіне алынатын мүлікке бағалау жүргізу кезінде осы мүліктің алдағы мемлекет меншігіне алу туралы хабарландырудың нәтижесінде өзгеруі ескерілмestен оның нарықтық құны белгіленуге тиіс.

2. Мемлекет меншігіне алынатын мүліктің меншік иесінің талап етуі бойынша мемлекет меншігіне алынатын мүліктің өтем төлеу күнгі құнына бағалау жүргізілуге тиіс. Бағалаушыға сыйақы төлеу бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

3. Мемлекет меншігіне алынатын мүлік құнының өтемін өзге мүлікпен төлеу кезінде меншік иесіне мемлекет меншігіне алынатын мүліктің орнына берілетін мүлікті бағалау осы Заңның 203 және 204-баптарының қағидалары бойынша жүргізілуге тиіс.

**Ескерту. 205-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**206-бап. Стратегиялық объектіні сатып алуға басым құқықты іске асыру кезінде мемлекет сатып алатын мүлікті бағалау ерекшеліктері**

1. Стратегиялық объектіні сатып алуға басым құқықты іске асыру кезінде мемлекет сатып алатын мүлікке бағалау жүргізу кезінде осы Заңның 188-бабының 1-тармағына сәйкес стратегиялық объектінің меншік иесі табыс еткен стратегиялық объектіні бағалау туралы есепте айқындалған стратегиялық объектінің нарықтық құны, мемлекеттің стратегиялық объектіні сатып алудың басым құқығын іске асыруы туралы хабарландырудың нәтижесінде оның өзгеруі ескерілмей белгіленуге тиіс.

**2. Алып тасталды - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Стратегиялық объектінің меншік иесінің талап етуі бойынша стратегиялық объектінің өтем төлеу күнгі құнына бағалау жүргізілуге тиіс. Бағалаушыға сыйақы төлеу бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

**Ескерту. 206-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**207-бап. Реквизициялау кезінде мемлекет сатып алатын мұлікті бағалау ерекшеліктері**

1. Реквизициялау кезінде бағалаушыны Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес реквизициялауды жүргізетін уәкілетті орган айқындайды.

2. Реквизициялау кезінде мұлікті бағалауды реквизициялауды жүргізетін уәкілетті орган бекітеді.

3. Реквизицияланатын мұлікті бағалау және оның құнын өтеу мөлшерін айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**208-бап. Мұлікті мемлекет мұқтажы үшін алып қою кезінде мемлекет ие болатын мұлікті бағалау ерекшеліктері**

1. Мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер участкесіне немесе өзге де жылжымайтын мұлікке бағалау жүргізу кезінде осы мұліктің нарықтық құны осы Заңның 63-бабының 2-тармағында көрсетілген қаулыны қабылдау нәтижесінде оның өзгеруі ескерілмей белгіленуге тиіс.

Жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер участкесін немесе өзге де жылжымайтын мұлікті бағалау, бағалау қызметі саласындағы уәкілетті орган бекітетін бағалау стандартына сәйкес жүргізіледі.

2. Жер участкесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер участкесінің немесе өзге де жылжымайтын мұліктің меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының атқарушы органға жіберілетін талабы бойынша мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын мұліктің өтем төлеу құнгі құнына бағалау жүргізілуге тиіс.

3. Өтемді ақшадан өзгеше мұлікпен ұсыну кезінде оны бағалау осы Заңның 203 және 204-баптарының қағидалары бойынша жүргізілуге тиіс.

**Ескерту. 208-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**209-бап. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына мұліктік салым ретінде не акционерлік қоғам акцияларының төлеміне берілетін мемлекеттік мұлікті бағалау ерекшеліктері**

1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына мұліктік салым ретінде не акционерлік қоғам акцияларының төлеміне берілетін мемлекеттік мұліктің құнын бағалаушы растауға тиіс.

2. Мұлікті пайдалану құқығын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына мұліктік салым ретінде не акционерлік қоғам акцияларының төлеміне беру кезінде осы салымның мөлшері немесе акциялар төлемінің мөлшері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 59-бабы 1-тармағының қағидалары бойынша және "Акционерлік қоғамдар туралы" және "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының заңдары бойынша осындай мұлікті пайдаланғаны үшін төлеммен айқындалады.

**17-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК МҰЛІКТІҢ ҚҰРАМЫНА ЖЕКЕЛЕГЕН НЕГІЗДЕР БОЙЫНША ТҮСКЕН МҰЛІКТІ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**210-бап. Мемлекеттік мұліктің құрамына жекелеген негіздер бойынша түскен мұлікті есепке алу ерекшеліктері**

1. Осы тарауда көзделген мұлікті есепке алу ерекшеліктері мынадай:

1) тәркілеу;

2) сот актілерінің негізінде заттай айғақтарды мемлекет кірісіне айналдыру;

3) мәдени құндылықтарға жататын заттардан тұратын көмбелерді табу;

4) мемлекеттік қызметшілердің және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдайтын өзге де адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің осы Заңның 216-бабының 1-тармағында көрсетілген сыйлықтарды мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға беруі;

5) республикалық мұліктің құрамына - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, оның ішінде мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын өтеусіз беруі;

6) коммуналдық меншікке түскен жылжымайтын затты соттың иесі жоқ деп тануы;

7) өсінет бойынша мұрагерлік;

8) иесіз қалған мұліктің мемлекетке өтуі;

9) олжаның мемлекетке өтуі;

10) қарасыз қалған жануарлардың мемлекетке өтуі;

11) мұлікті коммуналдық меншік құрамына өтеусіз беру (сыйға тарту);

12) мәдени құндылықтарға жататын заттардан тұрмайтын көмбелерді табу негіздері бойынша мемлекеттік мұліктің құрамына түскен мұліктерге қолданылады.

2. Осы Заңның 15-тарауының қағидалары, осы мүлік дереу жойылуға немесе өткізілуге жататын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мүліктің құрамына жекелеген негіздер бойынша түсken мүлікті есепке алуға қолданылады. Мұндай жағдайларда осы мүлік туралы мәліметтер есепке алынуға жатады, бірақ мемлекеттік мүліктің тізіліміне ұсынылмайды.

**Ескерту. 210-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 06.10.2020 № 365-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**211-бап. Мемлекеттік мүліктің құрамына жекелеген негіздер бойынша түсken мүлікті есепке алушы, сақтауды және одан әрі пайдалануды жүзеге асыратын органдар**

1. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган республикалық меншікке айналдырылған (түсken) мынадай мүлікті:

1) тәркіленген мүлікті;

2) сот актілерінің негізінде мемлекет кірісіне айналдырылған заттай айғақтарды;

3) мәдени құндылықтарға жататын заттардан тұратын көмбелерді;

4) осы Заңның 216-бабының 1-тармағында көрсетілген, мемлекеттік қызметшілер және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдайтын өзге де адамдар, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері берген сыйлықтарды;

5) республикалық меншікке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеусіз өткен мүлікті, оның ішінде мемлекет пайдасына бастартудың кедендік режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

2. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары коммуналдық меншікке айналдырылған (түсken) мынадай мүлікті:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен иесі жоқ деп танылған;

2) мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен, сондай-ақ иесіз қалған мүлікті;

3) олжаларды;

4) қараусыз қалған жануарларды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, оның ішінде мемлекет пайдасына бастартудың кедендік режимінде ресімделген тауарлар мен көлік құралдарын;

6) мәдени құндылықтарға жататын заттарды қамтымайтын көмбелерді (қазыналар үлесін);

7) тәркіленген;

8) сот актілері негізінде мемлекеттің кірісіне айналдырылған заттай дәлелдемелерді есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

2-1. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган немесе аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары оларға қатысты есепке алуды, сақтауды және одан әрі пайдалануды жүзеге асыратын, жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мүліктің құрамына түсken мүлік түрлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша түсken мүлікті одан әрі пайдалану, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, оны өткізу арқылы жүзеге асырылады.

4. Осы бапта көрсетілген негіздер бойынша мемлекет алған мүлікті занды және жеке тұлғаларға уақытша пайдалануға беруге тыйым салынады.

**Ескерту.** 211-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.10.2020 № 365-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
**Зандарамен.**

**212-бап. Мемлекеттік мүліктің құрамына жекелеген негіздер бойынша түсken мүлікті есепке алу және сақтау қағидалары**

1. Мүлікті есепке алу:

1) тиісті сот актілері;

2) нотариус беретін, мемлекеттің мұрагерлікке құқығы туралы куәлік;

3) кедендік ресімдеу аяқталғаннан кейін мемлекет пайдасына бас тартудың кедендік режиміне сәйкес мәлімделген кедендік жүк декларациясы;

4) мемлекеттің меншік құқығы туындағанын растайтын өзге де құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Мүлік тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі негізінде беріледі. Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі онда көрсетілген тараптардың санына қарай жасалады.

3. Мүлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актілерін есепке алу үшін актілерді есепке алу кітабы жүргізіледі. Актілерді есепке алу кітабында

мұлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актілері олардың түсінен қарай тіркеледі. Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттік мұліктің құрамына түсken мұлікті есепке алууды жүргізу тәртібін, мұлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актілерінің және актілерді есепке алу кітabyның нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. Осы баптың қағидалары бойынша мемлекетке түсken мұлікті сақтау осы Заңың 211 және 213-баптарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

**213-бап. Мемлекеттік мұліктің құрамына жекелеген негіздер бойынша түсken мұлікті өткізу**

1. Мемлекет жекелеген негіздер бойынша сатып алған мемлекеттік мұлікті өткізу мынадай тәртіпті сақтау арқылы жүргізіледі:

1) комиссия шартының негізінде сауда ұйымдары арқылы:

жарамдылық (сақталу) мерзімі шектелген азық-түлік тауарлары;

бұрын пайдалануда болған өнеркәсіп тауарлары (көлік құралдарынан, антикварлық бұйымдар мен тауарлардан басқа) өткізіледі;

2) қор биржасындағы сауда-саттықта бағалы қағаздар өткізіледі;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген өзге де мұлік аукциондарда өткізіледі.

Егер сауда ұйымдары арқылы немесе аукциондарда өткізуден кейін мұлік толықтай немесе ішінара өткізілмей қалса, мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган осы мұлікті қайта бағалауды жүргізеді.

Ең төменгі баға бойынша өткізілген жылжымалы мұлікті пайдаланудың және жоюдың тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белглейді.

2. Осы баптың қағидалары бөлшектелген көлік құралдарына, өнеркәсіптік және өзге де жабдықтар объектілеріне, аяқталмаған құрылышқа не мәні жағынан үқсас басқа мұлікке пайдаланылады. Көрсетілген мұлік қосалқы бөлшектер, құрылыш материалдары немесе қара және түсті металдардың сынықтары ретінде бағаланады және өткізіледі.

3. Осы бапта көрсетілген мұлікті өткізуден түсken қаражат Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

4. Мұлікті есепке алуға, бағалауға, сақтауға, жөнелтіп жіберуге, оны сатуды ұйымдастыруға және одан әрі пайдалану жөніндегі өзге де шығындарға байланысты шығыстар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5. Сот мұліктің мемлекет меншігіне түсіненегіз болған актінің күшін жойған (тиісті бөлігін өзгерткен) жағдайда мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі

уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар мүлікті заттай қайтаруды жүргізеді. Егер мұлік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізілген болса, оның құнын өтеу оны өткізуден алынған қаражат шегінде жүргізіледі.

Залалдар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабының 4-тармағына сәйкес өтелуге жатады.

**Ескерту. 213-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**214-бап. Тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени құндылығы бар мүлікке құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері**

1. Тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени құндылығы болуы мүмкін мүлікті "Мәдениет туралы" және "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылатын тарихи-мәдени мұра мәселелері жөніндегі арнайы комиссия және Ұлттық мәдени игілік объектілерінің айрықша режимі жөніндегі сараптама комиссиясы қарайды.

2. Тарихи, ғылыми, көркемдік немесе өзге де мәдени құндылыққа жатқызылған мүлік тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша мемлекеттік мұражайларға өтеусіз берілуі мүмкін.

**Ескерту. 214-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 02.11.2020 № 370-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**215-бап. Ақшага, бағалы металдарға, асыл тастарға және олардан жасалған бұйымдарға құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері**

1. Ақша түріндегі мүлік бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

Шетел валютасы операция жасалған күні белгіленген валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары арқылы бюджет кірісінің есебіне жатқызылады. Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған, айырбасталмайтын шетел валютасын қабылдау, сақтау, өткізу тәртібін, сондай-ақ оларды өткізуден түсken ақшаны бюджет есебіне жатқызу тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

2. Ақша түріндегі мүлікті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және олардың филиалдарына беруді осындай мүлікті алған орган мүліктің сомасы,

берілу уақыты және алушысы көрсетілген беру туралы хабарламаны үәкілетті органға жібере отырып жүргізеді.

3. Мемлекеттік меншіктің құрамына түскен салымдар (депозиттер) сомасын банктер номиналды түрде толық көлемінде бюджеттің кірісіне аударады.

4. Бағалы металдар, асыл тастар және олардан жасалған бүйымдар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жіберіледі және тапсырылады.

Мемлекет меншігіне жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) бағалы металдарды, асыл тастарды және олардан жасалған бүйымдарды тасымалдау, қабылдау, есепке алу, бағалау, сактау және өткізу тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімі бойынша мемлекеттік мүлкіті басқару жөніндегі үәкілетті орган белгілейді.

Бағалы металдардан жасалған сыйлықтарды саратруды және оларды өткізгенге дейін сактауды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

5. Осы баптың қағидалары лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар бойынша ақшалай ұтыс түріндегі мүлкікке қолданылады. Лотерея билеттері, түбіртектер немесе өзге де құжаттар бойынша заттай ұтыстың құнын лотерея операторы болып табылатын тұлға бюджеттің кірісінде есебіне жатқызады.

Лотерея билеттерін, тубіртектерді немесе өзге де құжаттарды беру тізімдеме актісі бойынша жүргізіледі, онда лотереяның атауы, лотерея операторының атауы, тираждың нөмірі немесе атауы (болған кезде), жулде қорының ұтыс ойынын өткізу күні және орны (болған кезде), лотерея билетінің, түбіртектің немесе өзге де құжаттың нөмірі және ұтыс мөлшері көрсетіледі.

**Ескерту. 215-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 496-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.10.2020 № 365-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **216-бап. Сыйлықтарға құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері**

1. Мемлекеттік қызметшілер немесе "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдайтын өзге де адамдар және олардың отбасы мүшелері сыйға тартушиның пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін алған сыйлықтар, егер мұндай әрекеттер аталған адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе олар лауазымдық жағдайына байланысты осындей әрекеттерге

(әрекетсіздікке) ықпал етсе не аталған адамдар мен олардың отбасы мүшелері хабардар етілмей келіп тұсken сыйлықтар, сондай-ақ жұмыстағы жетістіктері және басқа да сінірген еңбегі үшін табыс етілетін сыйлықтарды қоспағанда, оларға және олардың отбасы мүшелеріне хаттамалық және басқа да ресми іс-шаралар кезінде берілген (табыс етілген) сыйлықтар мемлекетке берілген сыйлықтар болып есептеледі және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде оларды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз беру арқылы мемлекеттік мүліктің құрамына тұседі.

2. Сыйлықты мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға берген адам жоғары тұрған лауазымды адамды хабардар ете отырып, оны "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған құны бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен жасалатын сатып алу-сату шарты негізінде сатып алуға құқылы.

3. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган сыйлықты тапсырған адам сатып алудан жазбаша бас тартқаннан кейін ғана үшінші тұлғаларға сыйлықты өткізуге құқылы.

4. Сыйлықтарды сатудан тұсken ақша республикалық бюджетке аударылады.

**ЕскеRTу. 216-бап жаңа редакцияда – ҚР 06.10.2020 № 365-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**217-бап. Сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін азық-түлік шикізатына, тамақ өнімдеріне және өзге де мүлікке құқықтарды тоқтату ерекшеліктері**

Сапасы мен қауіпсіздігіне нормативтік құжаттарда қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін азық-түлік шикізатын, тағамдық өнімдерді, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормаларға және гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін, акциздік таңбаларсыз өткізілетін темекі бұйымдарын және шығарылған елі белгісіз құрамында темекі бар басқа да бұйымдарды, сондай-ақ тасымалдауға, сақтауға, өткізуге, санитариялық-эпидемиологиялық сараптама мен сертификаттауды жүргізуге байланысты шығындары өздерінің бағалау құнынан асып түсетін тауарлардың шамалы партияларын және өзге де мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы органдар құратын комиссия жояды.

Қажет болған жағдайларда комиссияның құрамына санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің қызметкерлері және жергілікті атқарушы органдар мен басқа да мүдделі үйымдардың өзге де мамандары тартылуы мүмкін.

**Ескерту. 217-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**218-бап. Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) тұрғын үйлерге құқықтарды жүзеге асыру ерекшеліктері**

Осы Заңның 19-бабында көрсетілген жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) тұрғын үйлер мемлекеттік тұрғын үй қорына енгізіледі.

Мемлекет меншігіне жекелеген негіздер бойынша түскен тұрғын үйлерді одан әрі пайдаланудың тәртібі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

**Ескерту. 218-бапқа өзгеріс енгізілді – КР 26.12.2019 № 284-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**18-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР**

**219-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Заң, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін екі жыл өткен соң қолданысқа енгізілетін 15-тарауды қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 9-10, 66-құжат; № 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 183-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 22, 789-құжат; № 23, 916-құжат; 2001 ж., № 10, 126-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 11, 71-құжат; 2004 ж., № 11-12, 65-құжат; 2006 ж., № 12, 71-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 4, 33-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 19, 148-құжат; 2008 ж., № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 86-құжат; № 23, 112-құжат);

2) "Жекешелендіру туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 163-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 189-құжат; 1999 ж., № 21, 786-құжат; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 21, 396-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 6-құжат; № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат).

3. Тіркеуші органдар осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін мұліктік кешендер ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуы туралы жазбаны осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде мемлекеттік мұліктің сатушысы табыс еткен, мұлікті сатып алу-сату шарты және беру актісі негізінде енгізеді.

4. Орман шаруашылығын жобалау саласындағы қызметті жүзеге асыратын, өз қызметін 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жүзеге асыра алатын мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған, өздерінің қызмет түрлері осы Заңда көзделмеген мемлекеттік кәсіпорындар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес таратылуға, қайта құрылуға немесе жекешелендірілуғе тиіс.

#### **220-бап. Осы Заңды іске асыру жөніндегі шаралар**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік мұлік бойынша қабылданған нормативтік құқықтық актілерді осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай мерзімде осы Заңға сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап екі жыл ішінде мемлекеттік мұліктің тізілімін жүргізу тәртібі мен мемлекеттік мұліктің тізілімін жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітсін және осы іс-шаралар жоспарының орындалуын қамтамасыз етсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

*H. Назарбаев*